

ӘОЖ 373.167.1:94 (574)
Қ18

Авторлары:
**С.Р. Ахметова, А.М. Ибраева, А.А. Құлымбетова,
А.С. Мағзұмова, А.М. Марқабая**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілген*

Шартты белгі:



– сандық білім беру ресурсы. Сілтеме: <http://play.nis.edu.kz>

Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған
Қ18 оқулық / С.Р. Ахметова, А.М. Ибраева, А.А. Құлымбетова және т.б. – Астана:
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 176 б., сур.
ISBN 978-601-7916-13-8

ӘОЖ 373.167.1:94 (574)

ISBN 978-601-7916-13-8

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	5
Кіріспе сабақ	7
1-тарау. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі	9
1.1. Алғашқы адамдардың өмірі	10
1.2. Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары	16
1.3. Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі	20
1.4. Ботай мәдениеті	24
1.5. Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы	28
1.6. Андронов және Бегазы-Дандібай мәдениеттері	32
1.7. Қазақстанның жартастарға салынған ежелгі суреттері	36
1.8. Ежелгі адамдардың өміріне саяхат	40
Тарау бойынша тапсырмалар	45
2-тарау. Ежелгі көшпелілер өмірі	47
2.1. Қазақстан аумағында темірдің игерілуі	48
2.2. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы	52
2.3. Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті	56
2.4. Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы	62
3-тарау. Сақтар	67
3.1. Сақтар туралы тарихи мәліметтер	68
3.2. «Алтын адам» археологиялық олжасы	74
3.3. Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары	78
3.4. Берел қорғандары	82
3.5. Тасмола археологиялық мәдениеті	86
3.6. Сақ патшайымы Томирис	90
3.7. Шырақтың ерлігі	94
3.8. Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі	98
Тарау бойынша тапсырмалар	103

4-тарау. Үйсіндер мен қаңлылар	105
4.1. Үйсіндер туралы жазба деректер	106
4.2. Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы	110
4.3. Қаңлылардың қоғамдық құрылысы	114
4.4. Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті	118
Тарау бойынша тапсырмалар	123
5-тарау. Ғұндар	125
5.1. Ғұн тайпаларының бірігуі	126
5.2. Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары	130
5.3. Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы	134
5.4. Аттила және оның жаулаушылық жорықтары	138
Тарау бойынша тапсырмалар	143
6-тарау. Сарматтар	145
6.1. Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі	146
6.2. Сарматтардың саяси тарихы	150
Тарау бойынша тапсырмалар	155
7-тарау. Ежелгі Қазақстан тарихына шолу	157
7.1. Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық түрпаты	158
7.2. Ежелгі Қазақстанға саяхат	162
Глоссарий	167
Ежелгі Қазақстан тарихы бойынша әдебиеттер	173

Алғы сөз

Қымбатты балалар!

Сендердің қолдарыңдағы оқулық өздеріңді Отанымыздың ежелгі тарихымен таныстырады. Қазақстан тарихы – дүниежүзі тарихының ажырамас бір бөлігі. Ол біздің ата-бабамыздың ертедегі тұрмыс-тіршілігі, ұрпағына қалдырған мұрасы туралы баяндайды.

Қазақстан тұрғындары өзінің дамуында әлемнің басқа да халықтары өткен тарихи кезеңдерді бастан кешірді. Олар: тас, қола, мыс-тас және темір дәуірлері. Бұл тарихи кезеңдер бір-бірінен еңбек құралдарының жетілдірілуімен, шаруашылық және қоғамдық қатынастарының дамуымен ерекшеленеді.

«Қазақстан тарихы» оқулығы арқылы сендер алғашқы адамдардың Қазақстан аумағында бір миллионнан астам жыл бұрын пайда болғаны туралы білесіңдер. Алғашқы адамдар аңшылықпен және терімшілікпен айналысты, тастан және ағаштан жасалған еңбек құралдарын қолданды. Біртіндеп адамдар еңбек құралдары мен қаруларды жетілдірді. Олардың шаруашылық қызметі түрленіп, күрделене бастады.

Ежелгі қоғам қарапайымнан күрделі формаларға дамыды. Алғашқы рулық қауым тайпалар мен тайпалық бірлестіктерге ауысты. Кейін Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттік бірлестіктер пайда болды. Бұл көшпелі сактар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, сарматтардың мемлекеттері еді. Олар біздің халқымыздың тарихы мен мәдениетінде өшпес із қалдырды. Дәл осы уақытта Ұлы дала жазығында ата-бабаларымыздың бірегей көшпелі өркениеті қалыптасты.

Тарихшы ғалымдар ертедегі адамдардың өмірі туралы қайдан біледі?

«Ата-бабамыз қалай өмір сүрді? Қандай құралдар пайдаланды? Қандай қару-жарақ ұстады? Оларды қалай жасады? Ағашты қалай оңдеді? Темірді қалай соқты?» деген сауалдарға археология ғылымы жауап береді. Археология – адамзат тарихын заттай деректер негізінде зерттейтін ғылым. Жалпы дереккөздердің негізгі екі түрі бар: заттай және жазбаша деректер. Заттай деректерге ежелгі қоныстардың орны, обалар, адам сүйектері, адамдардың еңбек құралдары, тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары, тасқа және үңгірде қашалған жазулар жатады (1-сурет). Заттай дереккөздер бізге бұрынғы кезеңдердегі адамдардың өмірі туралы құнды ақпараттар береді.



1-сурет. Заттай тарихи дереккөздер

Жазбаша тарихи деректерге құжаттар, жылнамалар, хаттар, естеліктер, тарихи жазбалар, әдеби шығармалар жатады (2-сурет). Жазбаша деректемелер мазмұны мен сипаты жағынан сан алуан. Ежелгі дәуірде Қазақстан аумағын қоныстанған тайпалық бірлестіктер туралы құнды мәліметтерді көне парсы, грек, қытай жазба дереккөздері береді.



2-сурет. Жазбаша тарихи дереккөздер

Оқулықтың құрылымы

Оқулық жеті тараудан тұрады. Әр сабақ тақырыбына сай оқу мақсаттары анықталған. Тақырып бойынша танымдық ақпарат қысқаша мәтіндер арқылы баяндалған. Әрбір мәтінге тиісті сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Оқулықтағы тапсырмалар сендерді тарихи деректермен жұмыс жасап, тарихи оқиғаларды талдауға, өз пікірлеріңді білдіріп, қорытынды жасауға қатысты дағдиларды дамытуға септігін тигізеді.

Оқулықта әртүрлі іс-әрекетті көздейтін және кішігірім ақпараттық мәтіндері бар айдарлар ұсынылған. Олар: «Ойланыңдар», «Жасап көріңдер», «Тұлғаны таныңдар», «Анықтаңдар», «Бұл уақытта...», «Бұл қызықты».

<p>«Ойланыңдар» айдары белгілі бір мәселе туралы ойлану, пайымдау үшін берілген</p>	<p>«Анықтаңдар» айдары берілген тақырып бойынша негізгі идеяны анықтауға мүмкіндік береді</p>	<p>«Жасап көріңдер» айдары тақырыпқа сай практикалық жұмысты орындауға бағытталған</p>
<p>«Бұл уақытта...» айдарында тақырыпқа сай нақты осы кезеңде басқа елдерде орын алып жатқан оқиғалар сипатталған</p>	<p>«Бұл қызықты» айдары тақырыпқа қатысты қосымша танымдық ақпарат алу үшін берілген</p>	<p>«Тұлғаны таныңдар» айдары сендерді белгілі тарихи тұлғалармен таныстырады</p>

Қазақстанның ежелгі тарихын оқып білу біздің ата-бабаларымыздың бірегей тарихын, оның әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл оқулықты қолдана отырып, өткенге қызықты саяхат жасайсыңдар. Сәт сапар!

КІРІСПЕ САБАҚ

Бұл сабақта біз:

- ежелгі Қазақстан тарихының кезеңдерін білеміз;
- ежелгі Қазақстан тарихында оқытылатын тақырыптарға шолу жасаймыз.

дәуір

Зерттеу сұрағы: Қазақстанның ежелгі тарихында не оқытылады?

Талқылаңдар

Өткен тарихты білу не үшін қажет?

Өзгерістерді сипаттаңдар

Суреттен кезеңдерге сәйкес өзгерістерді анықтап көріңдер.



1-сурет. Ежелгі заманның артефактілері

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ ҚАНДАЙ КЕЗЕҢДЕРДЕН ТҰРАДЫ?

Ежелгі тарих адамзаттың ең ұзақ тарихи кезеңдерін қамтиды. Ғалымдар еңбек құралдарының жасалу ерекшелігіне қарай Қазақстанның ежелгі тарихын: тас, қола және темір **дәуірлеріне** бөледі. Тас дәуірінің өзі ерте тас дәуірі – палеолит (шамамен 2,6 млн. жыл бұрын – б.з.д. 12 мыңжылдықтар), орта тас дәуірі – мезолит (б.з.д. 12–5 мыңжылдықтар), жаңа тас дәуірі – неолит (б.з.д. 5–3 мыңжылдықтар) болып бөлінеді. Тас және қола ғасырының аралығындағы өтпелі кезең мыс-тас кезеңі – энеолит (б.з.д. 3 мыңжылдық). Қола дәуірі б.з.д. 2 мыңжылдық – б.з.д. VIII ғасыр аралығын қамтыса, темір дәуіріне б.з.д. VIII – б.з. VI ғасырлары жатады.

Уақыт сызығы бойынша анықтаңдар

Тас, қола, темір дәуірлерінің хронологиясын уақыт сызығына белгілеңдер. Олардың уақыт шеңберлерін салыстыра отырып, ең ұзақ кезеңді анықтаңдар.

Тас дәуірінде ежелгі тұрғындардың өмірі толықтай табиғатқа тәуелді болды. Ежелгі адамдар табиғат жағдайларына бейімделіп, суы мен азығы мол және еңбек құралдарын жасауға қажетті материалдар бар жерлерді таңдап отырған. Олар тәжірибе жинақтай отырып, қарапайым тас құралдарын жасаудан металл өндірісіне дейінгі елеулі прогреске қол жеткізді.

Қола дәуірінде адамдар өндіруші шаруашылықпен айналысты (егіншілік пен мал шаруашылығы). Соның нәтижесінде артық өнім жинауға мүмкіндік туды. Табиғаттың адам өміріне әсері азайды.

Темір дәуірінде шаруашылықтың дамуы жаңа деңгейге көтерілді. Темір құралдары кең қолданыста болды. Қазақстанның табиғи жағдайларына бейімделген көшпелі мал шаруашылығы дамыды. Көшпелілер отырықшы халықтармен өзара қарым-қатынас жасап, далалық аймақтың едәуір кеңістігін игере бастады.



2-сурет. Найзаның ұштары.
Тас дәуірі



3-сурет. Жебенің ұштары.
Қола дәуірі



4-сурет. Ат әбзелдерінің бөлігі.
Темір дәуірі

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Ежелгі дәуір – алғашқы қауымдардың қалыптасуынан бастап, ежелгі өркениет ошақтарының пайда болуына дейінгі кезеңдерді қамтитын тарихымыздың маңызды бір беті. Бастапқы кезеңде аңшылық және терімшілікпен айналысқан адамдар, кейін мал шаруашылығы мен егіншілікті игерді. Қоғам маңызды даму кезеңдерін бастан кешірді. Алғашқы тобырдың орнын рулық қауым басты. Қазақ даласында көшпелі мәдениет қалыптасты. Көшпелі мәдениеттің жетістіктері әлем өркениетінің игілігіне айналды. Қоғамның саяси билігінің жаңа формалары – мемлекет пен құқық институттары пайда болды.

Қазақстан аумағын мекендеген сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, сармат тайпалары қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

1

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ

Сендер бұл тарауда ежелгі адамдар өміріне саяхат жасайтын боласыңдар. Археолог-ғалымдардың ежелгі тұрақтардан тапқан олжалары арқылы алғашқы адамдардың тұрпатын, тұрмыс-тіршілігін, еңбек құралдары мен баспаналары туралы білуге болады. Қазақстанда ежелгі адамдар тұрған аймақтарды картадан көрсетіп, қанша жыл бұрын қоныстанғанын уақыт сызығында есептейсіңдер.

Алғашқыда еңбек құралдары тастан жасалса, кейінірек адамдар металды игере бастады. Металл өндіру адамдар өміріне елеулі өзгеріс әкелді. Еңбек құралдарын жасау жетілдіріліп, шаруашылық түрлері дамыды. Жылқыны алғаш қолға үйреткен Ботай қонысы тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін археологиялық деректер арқылы сипаттай аласыңдар.

Бұл тарауда адамдардың дүниетанымы туралы қызықты ақпараттар бар. Олардың жартасқа салған суреттерін зерттеп, дүниетанымы мен діни түсініктерін бейнелейтін ғажайып ерекшелігін анықтайсыңдар. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі туралы құнды жәдігерлерді тапқан отандық археологтардың зерттеулерімен танысасыңдар.



Қазақстандағы ежелгі адамдар өмірі

Ойланып көрейік

- Қазақстан жерінен табылған археологиялық ескерткіштер ежелгі адамдар туралы қандай ақпарат береді?
- Металл өндіру ежелгі адам өмірін қалай өзгертті?
- Ежелгі адамдардың наным-сенімдері қандай болды?

1.1. АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- алғашқы адамның даму сатыларын білеміз;
- алғашқы адамдардың тұрпатын сипаттаймыз.

антропология
питекантроп
неандертальдық
хроманьондық

Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?

ТАС ДӘУІРІ АДАМДАРЫ

Қазақстан аумағын алғашқы адамдар бұдан шамамен 1 млн. жыл бұрын қоныстана бастады. Қазақстанда палеолит дәуірінде алғаш өмір сүрген адамдар **питекантроп** замандастары болған. Ежелгі адамдар өте ұзақ тарихи кезеңдерден өтті, тұрпаты мен дағдылары жағынан дамып, өзгеріп отырған.

Археологтар тапқан адам қаңқалары ежелгі адамдардың антропологиялық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Адамның шығу тегін, оның дамуын зерттейтін ғылым **антропология** деп аталады.

Есте сақтаңдар

Палеолит атауы гректің «*palaios*» – ежелгі, «*lithos*» – тас сөздерінен шыққан. Мезолит атауы гректің «*mesos*» – орта және «*lithos*», ал неолит атауы «*neos*» – жаңа және «*lithos*» сөздерінен қалыптасқан. Яғни, палеолит – «ежелгі тас», мезолит – «орта тас» және неолит – «жаңа тас» ұғымдарын білдіреді.

Суреттерді салыстырыңдар

Алғашқы адамдардың қайсысы қазіргі адамдарға көбірек ұқсайды?



1-сурет. Алғашқы адамдар

Питекантроп деген атауға ие болған алғашқы адамның қолы мен аяғы қазіргі адамдікіне ұқсас болды, бірақ бас сүйегі құрылысында елеулі айырмашылықтар орын алды. Оның жақ сүйегі үлкен, маңдайы жазық және желкесі шығыңқы болған. Питекантроп адамында сөйлеу қабілеті байқалған. Қазақстан аумағында осы кезеңге тән белгілі архео-

логиялық ескерткіштерге Батыс Қазақстандағы Шақпақата, Оңтүстіктегі Тәңірқазған мен Бөріқазған тұрақтары жатады. Уақыт өте келе алғашқы адамдар антропологиясында елеулі өзгерістер орын алды. Питекантроптың орнын ежелгі адамдардың біршама дамыған типі – **неандерталь** адамы басады. Оның ми көлемі питекантропқа қарағанда үлкен болған, кейбіреулерінде қазіргі кездегі адамның ми көлеміне дейін жеткен (1200–1600 см³). Олар жер бетінде бұдан шамамен 100–35 мың жыл бұрын өмір сүрген. Неандертальдықтар жерлеу дәстүрін орындаған және о дүниеде өмір бар деп сенген.

Бұдан 40–35 мың жыл бұрын ойлау қабілеті жоғары дамыған **кроманьондық** (саналы) адам қалыптасты. Питекантроп пен неандерталь адамдарымен салыстырғанда оның тұрпаты қазіргі адамның тұрпатына барынша ұқсас болды. Оның бойы ұзын, маңдайы жазық болатын. Кроманьон адамымен өнердің, салт-жоралардың қалыптасуын, тілдердің дамуы мен техникалық прогресті байланыстырады. Олар аң аулау ісін жетілдірді. Кроманьондықтар табиғи жағдайларға бейімделген баспаналарды салуды білген. Кроманьондықтар Қазақстанның барлық аймағында тұрған. Археологтардың зерттеулері арқылы соңғы палеолиттің мынадай ескерткіштері белгілі: Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ, Майбұлақ, Ешкітау, Шульбинка, Батпақ 7 және т.б.

Сәйкестендіріңдер

Берілген ақпараттарды суретпен сәйкестендіріңдер. Алғашқы адамдардың тұрпаты қандай болды? Уақыт өте келе олар қандай өзгерістерге ұшырады?

Анықтаңдар

Адам типтерінің ішінен қайсысы бірте-бірте қазіргі адамдарға тән қасиеттерге ие болды?

Әлемнің әртүрлі аймақтарынан ежелгі адамдардың қаңқалары табылған. Қазіргі адам тұрпатының қалыптасуы ұзақ тарихи кезеңді қамтиды. 2-суреттегі уақыт сызығына сүйене отырып, әр адам типі дамуының қанша уақытқа созылғанын есептеп көріңдер.



1.1. АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- алғашқы адамдар тобыры туралы білеміз;
- алғашқы рулық қауымның қалай құрылғанын анықтайтын боламыз.

**тобыр
ру**

Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?

Ойланыңдар

Адамдар неліктен бірігіп, ұжымдасады?



1-сурет. Қазіргі уақытта адамдардың өзара қарым-қатынасы



2-сурет. Алғашқы адамдар тобыры

ЕҢ АЛҒАШҚЫ ҰЖЫМ – ТОБЫР

Ежелгі адамдардың өмірі қиын болды, олар қатал табиғи жағдайда тіршілік ету үшін күресті. Адамдар әртүрлі жыртқыш аңдар арасында өмір сүрді. Улы жәндіктер мен жыландардан сақтану, улы өсімдіктерді ажырата алу үшін алғашқы адамның білімі мен тәжірибесі жеткіліксіз болды. Түрлі аурулар мен жарақаттар адамның өмірін қысқартты. Алғашқы адамның бүкіл өмірі қорек іздеумен өтетін. Адамдардың алғашқы бірлестігін шартты түрде **тобыр** деп атайды. Алғашқы адамдар тобыры бір жерде тұрақтамаған. Олар жеуге жарамды өсімдіктері мол және жануарлары көп

Себептерін анықтаңдар

Неліктен ежелгі адамдар тобырларға бірікті? Кемінде екі себепін анықтаңдар.

аймақтарды іздеп, бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Алғашқы адамдарға топтасып, тобыр болып өмір сүрген тиімді болды. Бірақ тобырдың құрамы тұрақты болған жоқ, одан бөлінген адам басқа тобырға барып қосылатын. Кейде жаңа тобырлар қалыптасатын. Бір тобырда шамамен 20–30 адам топтасып өмір сүрді.

АЛҒАШҚЫ РУЛЫҚ ҚАУЫМ

«Саналы адамның» қалыптасуы тұсында адамда «туыс» деген түсінік пайда болды. Сондықтан адамдар тобыры бірте-бірте туысқандардың ұжымы болып, **руға** айналды. Рулық қауым – алғашқы адамдардың туыстық жағынан бірлесіп өмір сүрген тұрақты ұжымы. Ол – адамдардың әлеуметтік ұйымдасуының алғашқы формасы. Адамның өмірінде рудың маңызы жоғары болды. Оның әр мүшесі ру тарапынан қамқорлыққа алынды. Алғашында руда аналардың беделі артты. Отты өшірмей, шоғын сақтау, сүйектен жасалған инемен киім тігу, жеуге жарамды жеміс-жидектерді теріп, құстардың жұмыртқаларын жинау ұқыптылықты талап етті. Мұндай жұмысқа, әдетте, әйелдер икемдірек болды. Тас дәуірі тұрақтарынан әйелдердің мүсіндерінің табылуы – олардың қоғамдағы рөлінің жоғары болғандығының дәлелі.

Ру мүшелері қауіпті жағдайларда бір-бірін қорғады, жасалған еңбек құралдары мен меншік барлығына ортақ болды. Азық-түлік ру мүшелерінің арасында тең бөлінді. Ру ішінде тәжірибесі мол қариялардың беделі арта бастады. Олар салт-дәстүрлердің сақталуын қадағалап отыратын. Руға қатысты барлық маңызды мәселелер жалпы жиналыста шешілді. Осындай рулық қауымдар шамамен 40 мың жыл бұрын қалыптасты.



3-сурет. Рулық қауым

Анықтаңдар

Ру болып өмір сүрудің үш артықшылығын анықтаңдар.

Алғашқы рулық қауымның қалыптасуы адамдардың өмірін біршама жеңілдетті. Ру мүшелерінің арасындағы бірлік пен тәртіп арқылы адамдар көптеген қиыншылықтарды жеңіп, дамудың жаңа деңгейіне көтерілді.

1.1. АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІ (3-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- алғашқы адамдардың кәсібі мен олардың қолданған еңбек құралдарын сипаттаймыз.

**терімшілік
ақшылық**

Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?

Болжам жасаңдар

Неге алғашқы адамдардың еңбек құралдары тастан жасалды?



1-сурет. Қаратау жотасынан табылған еңбек құралдары

ҚАРАТАУ ЖОТАСЫ – ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ МЕКЕНІ

Адамзат тарихындағы ең ұзақ кезең осы тас дәуірі. Ал тас ғасырының ішінде палеолит ең ұзақ кезең болып табылады.

Жамбыл облысындағы Арыстанды өзенінің бойы мен Қаратау жотасынан бұдан 1 млн. жыл бұрын өмір сүрген алғашқы адамдар жасаған еңбек құралдары табылған. Олардың ішінде үшкірленген тастар, шапқы, кескіш, шоқпар, аң сүйектерінен ойылған үшкір құралдар бар. Алғашқы адамдар кез келген тасты пайдаланған жоқ. Олар еңбек құралдарын жасаған кезде қолға ұстауға ыңғайлы тастарды таңдап алған. Еңбек құралын жасауда жарған кезде өткір шет беретін тастар қолданылған. Сол кезден бастап адамдар тастардың қасиетін біліп, өңдеу үшін қажеттілерін анықтай алған. Мысалы, Қаратау жотасы мықты және сапалы материал болып табылатын қара түсті шақпақтастарға бай. 1-суреттегі тас дәуірінің еңбек құралдары бұдан 800–500 мың жыл бұрын жасалған.

АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІНЕ САЯХАТ

Алғашқы адамдардың өміріне саяхат жасайық! Біз олардың тұрақтарына жақындап, не болып жатқанын көрейік. Үңгір жанынан жеуге жарамды тамырларды, жеміс-жидектерді, құстардың жұмыртқасын теріп жүрген адамдарды кездестіреміз. Осыдан ежелгі адамдардың **терімшілікпен** айналысқанын байқаймыз. Терімшілік, негізінен, әйелдердің ісі болды. Алысқа көз салсақ, жайылып жүрген жабайы жылқы, бұғы, арқар, мамонт, бизондарды көреміз. Алғашқы адамдардың бір тобы аң аулауға шыққан. Олар аңдарды жарға, тау шатқалдарына қарай қуып қаумалап ұстады. Аңдарды отпен үркітіп, терең орға түсіру, биік құздан құлату тәсілдерін пайдаланды. Олар өздерімен бірге жабайы аңдардың жас төлдерін алып келді. Жалпы, **аңшылық** алғашқы адамдардың негізгі кәсіптерінің бірі болғанын аңғарамыз. Аңға шықпаған адамдардың бір тобы жинап алған тастарды үшкірлеп, қашап, еңбек құралдарын жасап отыр. Басқалары шақпақтастарды бір-біріне, ағашты ағашқа үйкелеу арқылы отты шығаруда.



2-сурет. Алғашқы адамдардың күнделікті өмірі

Ойланыңдар

Неліктен отты игеру адамзат тарихындағы маңызды оқиға болып табылады?

«Менің бір күнім...»

Алғашқы адамның атынан тас дәуіріндегі бір күндік өмір туралы күнделік жазыңдар. Адамдар қандай кәсіппен айналысты? Аңға шығуға қалай дайындалды? Еңбек құралдарын қалай жасады? Оларды не үшін қолданды?

Ер адамдар көбінесе аңға шықса, әйелдер, негізінен, терімшілікпен айналысты. Терімшілік пен аң аулау алғашқы адамдардың негізгі кәсібі болды.

1.2. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТАС ДӘУІРІНІҢ ТҰРАҚТАРЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- қазақстандық археологтардың тас дәуірінің зерттеулерін білеміз.

**артефакт
тұрақ**

Зерттеу сұрағы: Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты?

Ойланыңдар

Алғашқы адамдардың өмірі туралы біз қайдан білеміз?

Тұлғаны таныңдар



Хасан Алпысбаев (1928–1978 жж.) – Қазақстан аумағында палеолит ескерткіштерін алғаш зерттеген қазақ археолог-ғалымдарының бірі. Қаратау өңіріндегі бірқатар тас дәуірі тұрақтарын зерттеп, ғылыми айналымға енгізген.

Қазақстандағы тас дәуірін қазақстандық археологтар: Х. Алпысбаев, А. Медоев, Ж. Таймағамбетов, О. Артюхова, В. Зайберт, В. Волошин, В. Мерц, А. Астафьев және т.б. зерттеген. Қазақстанда тас дәуірі ескерткіштерінің арнайы зерттелуіне 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының құрылуы ықпал етті.

Қазақстандағы алғашқы палеолиттік ескерткіштердің ашылуы Х. Алпысбаевтың есімімен байланысты. Ол 1950–1960 жылдары Қаратау маңында Бөріқазған, Тәңірқазған секілді бірқатар палеолит тұрақтарын ашып, көптеген еңбек құралдарын тапқан болатын. 1-суретте Қаратау жотасынан табылған тас дәуіріне жататын еңбек құралдары көрсетілген. Ғалым Қазақстандағы өзі ашқан тас дәуірі ескерткіштерінің хронологиясын анықтап, еңбек құралдарының жасалу ерекшелігін зерттеді. Ежелгі адамдардың қалай



1-сурет. Қаратау жотасында табылған тас құралдар

өмір сүргені жайлы деректерді ғылыми айналымға енгізді. Археологтар 1-суреттегі құралдардың ерте палеолитте, шамамен 1 млн. жыл бұрын жасалғанын анықтады.

А. Медоев Батыс Қазақстан, Шығыс және Орталық Қазақстандағы ерте палеолиттік ескерткіштерді ашты. Майбұлақ, Ш. Уәлиханов атындағы маңызды палеолиттік ескерткіштердің зерттелуі Ж. Таймағамбетовтың есімімен байланысты. Қазақстаннан табылған тас дәуірінің **тұрақтарына** Бөріқазған, Тәңірқазған, Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ, Қызылтау, Қошқорған, Шақпақата, Ешкітау, Батпақ, Семізбұғы, Шұлбі және т.б. жатады.

2-суреттегі археологиялық олжаларды А.Е. Астафьев Маңғыстаудан тапқан. Бұл **артефактілер** тас ғасырының соңғы кезеңдеріне – мезолит пен неолитке жатады. Суретте қырғыштар, пышақтар, кескіштер, тескіштер, қыстырмалар, бұрғылар секілді еңбек құралдары көрсетілген.



2-сурет. Маңғыстаудан табылған артефактілер

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОЛЖАНЫҢ ЖАСЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ

Археологтар табылған олжаның жасын анықтау үшін бірнеше әдісті қолданады. Соның бірі – мәдени (топырақ) қабаттарына қарай жылды есептеу. Мәдени қабат – ол «қабатталған бәліш» сияқты. Тереңірек қабаттан табылған олжаның жасы беткі қабатқа қарағанда көнелеу болады.

Басқа да ғылыми әдістер қолданылады. Мысалы, көне олжалардың жасын анықтау үшін радиокөміртектік әдіс қолданылады. Осы әдіс табылған артефактінің 50–60 мың жылға дейінгі мерзімін анықтауға мүмкіндік береді.

Ескерткіштердің жасын жануарлардың қалдықтарын зерттеу арқылы да анықтауға болады. Бұл *палеонтологиялық әдіс* деп аталады.

1.2. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТАС ДӘУІРІНІҢ ТҰРАҚТАРЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- тас дәуіріндегі археологиялық ескерткіштерді анықтаймыз;
- археологтар тапқан еңбек құралдарын сипаттаймыз.

нуклеус

Зерттеу сұрағы: Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты?



1-сурет. Бөріқазған, Тәңірқазған тұрақтарынан табылған тас құралдар

Ойланыңдар

Қаратау жотасын мекендетен ежелгі адамдардың өмірі қандай болған?

Археологиялық ескерткіштер арасында Қаратау өңірінен табылған Тәңірқазған және Бөріқазған тұрақтары ерекше құнды. Бұл тұрақтар Қаратау маңында орналасқан. Олар Х. Алпысбаев басқарған экспедиция жұмысы барысында ашылды. Еңбек құралдарының негізгі материалы малта тастар болған. Осы тұрақтарда табылған еңбек құралдарының басым бөлігі соққылау техникасы арқылы жасалған (1-сурет). Бұл техника бойынша бір тасты екінші тасқа соққан, сөйтіп өткірленген имек жүзі бар тас құрал пайда болған (2-сурет). Олар көбінесе шабу және кесу құралдары ретінде қолданылды. Жалпы, осы тұрақтарда табылған еңбек құралдары Азия мен Африкадан табылған құралдарға ұқсас келеді. Бұл адамзаттың бір жолмен дамуы туралы пікірді растап отыр.

Қазақстандағы тас дәуірінің тағы бір тұрағы – Маңғыстау аймағындағы Шақпақата.



2-сурет. Малта тастарды өңдеу техникасы

Бұл тұрақты археолог А.Г. Медоев зерттеген. Онда Қазақстан жерінде тұрған адамдардың тіршілігінің іздері бар. А. Медоев 1963 жылы Балқаштың солтүстігінде, Қазақстанның оңтүстік-шығысында палеолит кезеңіне жататын тұрақтарды ашты. Семізбұғы, Хантау, Шыңғыс тұрақтарынан **нуклеустар**, үшкір тастар, пышақ тәріздес пластиналар, жоңғылар, қырғыштар, шапқылар, аңдардың сүйектері табылды.

Қазақстан аумағындағы соңғы палеолит кезеңі шамамен бұдан 40–12 мың жыл бұрынғы уақытты қамтиды. Осы кезеңге жататын ескерткіштердің саны шектеулі. Оны мұз басу дәуірінің соңғы кезеңіндегі қатаң климат жағдайларымен түсіндіруге болады. Егер картаға назар аударсақ, барлық белгілі ескерткіштер Каспий теңізі жағасында немесе ірі өзен алқаптарында, тау бөктерінде орналасқан.

Соңғы палеолитте жаңа еңбек құралдары кеңінен таралды. Олар: тескіштер, бұрғылар, қырғыштар, микролиттер, сүйектен жасалған еңбек құралдары (гарпундар мен біздер).

Бұл уақытта

Ең көне тас құралдар Шығыс Африкадағы Олдувай шатқалынан табылған. Археологтар бұл еңбек құралдарын шамамен бұдан бұрынғы 2,6 млн. – 800 мың жылдар аралығында жасалған деп есептейді.

Тұжырым жасаңдар

Палеолит кезеңінің ескерткіштері негізінде Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың өмірі туралы тұжырым жасаңдар.



3-сурет. Қазақстандағы ерте және соңғы палеолит кезеңіндегі археологиялық ескерткіштер

1.3. АДАМДАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖЕТІЛДІРІЛУІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- еңбек құралдарының жетілдірілуін білеміз;
- табиғаттағы өзгерістердің ежелгі адамдардың кәсібiне қалай әсер еткенін талдаймыз.

мезолит
микролит

Зерттеу сұрағы: Мезолит және неолит кезеңдерінде алғашқы адамдардың өмірі қалай өзгерді?

Суретті сипаттаңдар

Адамдар қандай іс-әрекет жасауда?



МҰЗ БАСУ ДӘУІРІ

Жер бетінде бұдан 100 мың жыл бұрын мұз басу дәуірі орын алды. Азық тапшылығынан адамдардың өмір сүру жағдайлары қиындады. Мұз басу дәуірінде болған тіршілік үшін күресте адамдар жаңа климат жағдайларына бейімделді. Олар мамонт, бұғы, аю, жолбарыс сияқты аңдардың жүні мен терісін өңдеп, жылы киім тікті. Мамонт сүйектерін баспана салуға пайдаланды. Аң терілерімен баспананы қаптап, оны отпен жылытты. Бұл кезеңде адамдар, негізінен, үңгірлерде тұрды. Олар аса қиын жағдайда өмір сүрді.

Бұл қызықты

Шамамен б.з.д. 12–10 мыңжылдықтарда мұздықтар еріп, жер бетінен мамонттар жойылып кеткен болатын. Қазір ғылымда осы оқиғаның себебіне қатысты әртүрлі көзқарастар бар. «Мамонттардың жойылуына табиғи жағдайлардың өзгеруі ықпал етті» деген пікір кеңінен таралған. Кейбір ғалымдар мамонттарға адамдардың аңшылық құруы олардың жойылуына тікелей әсер етті деп есептейді.

ТАБИҒАТ ПЕН ТІРШІЛІКТІҢ ҚАЙТА ЖАНДАНУЫ

Шамамен 12–10 мың жыл бұрын мұз басу дәуірі аяқталып, палеолиттің орнын **мезолит** басады. Қоршаған орта бүгінгі күнгі табиғат жағдайларына ұқсай бастады. Еріген мұздықтардан өзендер, көлдер пайда болды. Жер бетіндегі өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесі өзгерді. Қоян, қасқыр, суыр, түлкі, құстардың, өзендер мен көлдерде балықтардың түрі көбейді. Азық көзі көбейгенімен, ұсақ аңдар мен құстарды аулау оңай болған жоқ, жаңа құралдарға қажеттілік туды. Мөлшері жағынан шағын тас құралдар – **микролиттер** кең таралды. Микролиттер – бұл үшбұрыш, трапеция пішіндес тас құралдар. Олар пышақ, орақ, найза ұштарын жасаған кезде қыстырма ретінде пайдаланылды. Микролиттен жасалған қаруларды қолдану адамға ұсақ жануарларды аулауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар адамдар құстар мен ұсақ аңдарды аулау үшін садақ пен жебе, бумерангті ойлап тапты. Балық аулауға өткірленген тастан сабы ұзын найза, сүйектен сүңгі (гарпун) жасап, балық ұстайтын тор тоқыды. Өзеннен өту үшін қайық жасады. Сөйтіп, ежелгі адамдардың өмірі жеңілдей

Өзгерісті анықтаңдар

Мезолит дәуірінде орын алған адамдар өміріндегі басты өзгерістерді анықтаңдар.



1-сурет. Мұз басу дәуірінің адамдары

Ойланыңдар

Адамдар неліктен жаңа еңбек құралдары мен қаруларды ойлап тапты?



1.3. АДАМДАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖЕТІЛДІРІЛУІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- алғашқы адамдардың жаңа кәсіптерін сипаттаймыз;
- алғашқы адамдардың шаруашылығындағы өзгерістердің маңыздылығын түсіндіреміз.

неолит
қыш
тесе
өндіргіш шаруашылық

Зерттеу сұрағы: Мезолит пен неолит кезеңдерінде алғашқы адамдардың өмірі қалай өзгерді?



1-сурет. Орақ.
А. Астафьев реконструкциясы



2-сурет. Пышақ.
А. Астафьев реконструкциясы



3-сурет. Балта.
А. Астафьев реконструкциясы

«НЕОЛИТТІК ТӨҢКЕРІС»

Жаңа тас дәуірінде (**неолитте**) адамдар терімшіліктен егіншілікке ауысты. Жұмсақ, ылғал топырақ, қолайлы климат азық ретінде пайдаланылатын дақылдарды қоныстарға жақын жерде өсіруге мүмкіндік берді. Адамдар жер өңдеп, егін салуды үйренді. Олар негізінен бидай, тары, арпа өсірді. Неолитте адамдар дәнүккіш, тас орақ, қайла, **тесе**, келі сияқты еңбек құралдарын ойлап тапты.

Адамдар ет пен сүт алу үшін жануарларды қолға үйрете бастады. Шыбықтан шарбақ дуал тоқып, оларға қора жасады. Бірте-бірте аң аулау мен терімшілік, балық аулау қосалқы кәсіпке айналды. Қызылорда облысындағы Сексеуіл тұрағынан табылған неолит дәуірінің жануарлар қаңқаларының 80 пайызы қой мен сиыр малдарына жататынын ғалымдар анықтап отыр.

Неолиттік төңкеріс нәтижесінде терімшіліктен егіншілік, аңшылықтан мал шаруашылығы шықты. Адамдар өз дамуында жаңа сатыға көтерілді.

Артық өнімді алу мүмкіндігі қоғамда бай-кедейге жіктелудің алғышарттарын қалыптастырды. Ол өз кезегінде жеке меншік пен мүліктік теңсіздіктің пайда болуына негіз болды.

«ҚЫШ ҚҰМЫРАЛАР ЗАМАНЫ»

Қазақстан аумағында неолитке жататын 600-дей тұрақ анықталды. Бұл тұрақтардан қыш ыдыстардың сынықтары көп табылды. Қыш ыдыстар – күйдірілген саздан жасалған бұйымдар (4-сурет).

Алғашқы адамдар жемістерді тасымалдау үшін шыбықтан себеттер тоқыды. Бірақ ол тұрмыста қолайсыз болды. Неолит дәуірінде адамдар қыш ыдыстарды жасау әдісін ойлап тапты. Қыш ыдыстарды жасау үшін құм толған қалыптың сыртын саз балшықпен орап, тегістейді. Саз кепкенде, қалыпты ыдыстан алып, оны отқа күйдіреді. Неолитте қыш ыдыстардың кең таралуы бұл кезеңнің «қыш-құмыралар заманы» деп те аталуына себеп болды.

Артықшылығын табыңдар

Қыш ыдыстың тоқылған себеттен қандай артықшылығы бар?

Анықтаңдар

Неге егіншілік пен мал шаруашылығы адамдардың негізгі шаруашылығына айналды?



4-сурет. Неолит дәуірінің қыш ыдыстары. Реставрация

Неолит дәуірінде адамдар өнімді еңбекпен айналыса бастады. Яғни, адамдар бұрынғыдай табиғаттың дайын өнімін тұтынудан **өндіргіш шаруашылыққа** көшті. Егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы адамзаттың ең маңызды жетістіктерінің бірі болып табылады.

1.4. БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Ботай мәдениеті туралы білеміз;
- археологиялық олжалар арқылы ботайлықтардың кәсібін сипаттаймыз.

энеолит

Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?

Анықтаңдар

Картаға мұқият қарап, жануарлардың қай аймақта алғаш қолға үйретілгенін анықтаңдар.



1-сурет. Жануарлардың алғаш қолға үйретілген аймақтары



Археолог В.Ф. Зайберт

БОТАЙ ТҰРАҒЫ ТУРАЛЫ БІЛЕСІҢ БЕ?

Адамзат мыс пен тасты қатар пайдаланған кезең **энеолит** деп аталады. Қазақстаннан энеолит кезеңіне жататын тұрақтар көптеп табылған. Соның бірі – Ботай қонысы. Солтүстік Қазақстанда, 1980 жылы табылған бұл қоныс б.з.д. 3 мыңжылдыққа жатады. Қонысты 20 жылдай археолог В.Ф. Зайберт зерттеген. Оның экспедициясы Ботайдан

шамамен 70 мың жылқының сүйегін тапты. Ботайлықтар қайтыс болған адамдарды қоныс аумағындағы ескі тұрғын жайларға жерлеп, қабырғаларға жағалата ондаған жылқының бас сүйектерін қойған. Бұның барлығы жылқы шаруашылығының ботайлықтардың өмірінде ерекше маңызға ие болғанын дәлелдейді.

БОТАЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ АРТЕФАКТІЛЕРІ

Ботайдан 158 тұрғын үйдің қалдықтары қазылып табылды. Баспаналардың ауданы 20–120 шаршы метр аралығында үшбұрыш немесе төртбұрыш түрінде салынған. Төбесі күмбезделген бөренелермен және шыммен жабылып, ортасынан түтін шығатын саңылау қалдырылған. Үйдің ортасында ошақ бар. Қабырғаның бүйірінде азық-түлік сақтайтын шұңқыр (ұра) қазылған. Ботай мәдениетіндегі баспаналардың өзіндік архитектуралық ерекшелігі көрініп тұр. Табылған баспаналармен басқа да археологиялық олжалар энеолит адамдарының қалай өмір сүргендігі жөнінде құнды ақпарат береді.

Қазба жұмыстары кезінде қанжарлар, боластар, жебелер, найзалардың ұштары, аң аулаумен байланысты тас тоқпақтар, тері өңдеуге арналған қырғыштар табылды. Ботайлықтар тас пен сүйекті өңдеп, сапалы еңбек құралдарын жасаған. Еңбек құралдарының арасында мыстан жасалғандары кездеседі. Демек, ботайлықтар алғашқы металл – мысты игере бастаған. Тігін тігуге арналған ине, тескіш, біздердің табылуы адамдардың тері өңдеуді жақсы білгенін дәлелдейді. Ши тоқуда сүйек ілмектерді, жіп иіру үшін ұршықбастарды қолданған. Олжалар арасында діни сенімге қатысты бойтұмарлар мен әшекей бұйымдар да бар. В. Зайберттің көпжылдық зерттеулері энеолиттік ботай мәдениетін анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылаңдар

Ботайлықтар баспаналарды қалай салған?



2-сурет. Ботай қонысы.
В.Ф. Зайберттің
реконструкциясы



3-сурет. Ботайдан табылған
артефактілер

Анықтаңдар

Табылған артефактілерді негізге ала отырып, ботайлықтардың қандай кәсіптермен айналысқанын анықтаңдар.

1.4. БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- жылқыны қолға үйретудің маңыздылығын түсіндіреміз.

ауыздық

Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғаш қолға үйретушілер деп атайды?

Ботайлықтардың жылқыны қолға үйреткендігін қандай археологиялық деректер арқылы дәлелдеуге болады?



Ботайдан табылған жылқы сүйектері

ЖЫЛҚЫНЫҢ АЛҒАШ ҚОЛҒА ҮЙРЕТІЛУІ

Ботай қонысы суы мен шөбі мол жазық жерде орналасты. Жақын жерде өзеннің болуы оларға аң, балық аулаға мүмкіндік берді. Ботай қонысынан жылқы сүйектерінің көп табылуы ғалымдарды таңғалдырды. Сондықтан бұл жұмысқа археологтардан басқа жануарлардың сүйегін зерттеумен айналысатын мамандар да тартылды. Мамандар бұл жылқылардың жабайы емес, қолға үйретілгенін анықтады. Осы аймақтан археологтар тапқан қыш құмырада жылқы мен қос дөңгелектің суреті бейнеленген. Бұл сол кезеңде алғашқы арбалардың қолданысқа енгізілгенін көрсетеді. Табылған басқа қыш құмыра түбіндегі майдың қалдығы Ұлыбританиядағы зертханаға жі-

беріліп, ыдыста жылқы сүті сақталғандығы анықталды. Ал жылқының бас сүйектерін зерттеу кезінде тістерінен **ауыздық** іздерінің анықталуы олардың көлік ретінде қолданылғанына дәлел болды.

Олар далада малды жаю бағыттарының жүйесін жасаған. Ботай тұрғындары қыста аталған тұрақта қыстап, көктемде жылқыларын Ұлытаудың, Торғайдың далалы аймақтарына қарай жайған. Далалы аймақта жылқы өсірушілердің уақытша баспаналары болған.

Осы фактілер ғалымдарға «б.з.д. 3 мыңжылдықта Солтүстік және Орталық Қазақстан далаларында жылқыны бірінші болып қолға үйрет-

кен адамдар тұрған» деп тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

Қазақстанның табиғи-географиялық жағдайы мал шаруашылығына қолайлы болды. Мал шаруашылығы неолит кезеңінде қалыптасып, терімшілік пен аң аулау кәсібін алмастырды. Ежелгі Ботай тұрғындары жылқыны қолға үйретіп, онымен байланысты маңызды шаруашылықтар мен кәсіп түрлерін қалыптастырды. Мысалы, ат әбзелдерін жасайтын қолөнершілер шықты. Алғашқы жылқы өсірушілердің жылқыны баптау тәжірибелері Еуразия даласына тарап, ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Жылқыны қолға үйрету адамзат тарихында аса зор жетістіктердің бірі болып табылады. Осы уақыттан бастап ХІХ ғасырға дейін жылқы құрлық бойынша қатынайтын негізгі көлік түріне айналды.

Ойланыңдар

Жылқыны қолға үйрету адамдарға қандай жаңа кәсіптерді игеруге мүмкіндік берді?

Себебін анықтаңдар

Неліктен жылқыны қолға үйрету адамзат тарихындағы маңызды оқиға болып табылады?



1.5. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА МЕТАЛЛУРГИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Қазақстандағы ежелгі кен өндіру орталықтарын білеміз;
- қола дәуірінде адамдардың айналысқан кәсіптерін сипаттаймыз.

**қола дәуірі
кен
зергерлік**

Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті?

Ойланыңдар

Б.з.д. II мыңжылдық – б.з.д. VIII ғасыр аралығы неліктен қола дәуірі деп аталады?



1-сурет. Қола білезік.
Жангелді-5 қорымы. Қостанай облысы

Анықтаңдар

Археологтар қандай ежелгі кен өндіру орталықтарын ашты?

Адамдар алғашқы металл түрін – мысты энеолит дәуірінде игерген болатын. Ал б.з.д. II мыңжылдықта қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген адамдар қоланы өндіру тәсілін меңгеріп, одан еңбек құралдарын жасай бастады. Қола табиғатта таза күйінде кездеспейді. Оны мыс пен қалайының қорытпасынан алады. Мыспен салыстырғанда қоладан жасалған бұйымдар қатты әрі берік болып келеді. Ежелгі адамдардың қоладан жасалған еңбек құралдарын қолданған кезеңі **қола дәуірі** деп аталады. Осылайша ұзаққа созылған тас дәуірі аяқталып, жаңа кезең басталды.

Қазақстан аумағында мыс пен қалайының **кен** орындары көп. Мыс кенінің ежелгі орталығы – Жезқазған өңірі. Ғалымдар қола дәуірінде бұл өңірден 100 мың тоннадай мыс өндірілгенін анықтады. Қалайының ежелгі кен орындары Нарын және Қалба жоталары болған. Шығыс Қазақстандағы Қанай және Жезқазған маңайындағы қоныстардан металл қорытатын пештердің орны мен мыстың күл қалдықтары табылды. Милықұдық, Мало-Красноярка, Петровка-2 қоныстарынан ежелгі шеберханалардың орны анықталды. Мұнда ежелгі адамдар тас пен балшықтан жасалған қалыптарда орақ, балта, қанжар, пышақ, найза мен жебенің ұштарын құйған.

Суреттермен жұмыс

Суретке қарап, адамдар қоладан қандай заттар жасағанын болжап көріңдер.



2-сурет. Орталық Қазақстаннан табылған қола дәуірінің олжалары

Қола дәуірінің қоныстарынан қоладан құйылған найза ұштары, орақ, шалғылар көптеп табылған. Metallургияның дамуына байланысты адамдар қоладан басқа да металдардан бұйымдар жасады. Қоныстардың орындарынан алтын, мыстан жасалған **зергерлік** бұйымдар жиі кездеседі. Олар: самай сырға, моншақтан тізілген алқа, білезіктер, жүзіктер.

Сонымен қатар қабірлерден теріден тігілген аяқкиімдер, жүннен тоқылған киім қалдықтары табылды. Сырткиімі жүн матадан тігілген, алдына түйме қадалған. Әйелдердің киімі моншақтармен зерленген, бел тұсына қапсырма тігілген. Қола дәуірінің адамдары жыртқыш аңдардың азу тістерін бойтұмар ретінде таққан.

Салыстырыңдар

Тастан және қоладан жасалған екі бұйымды салыстырып, артықшылығы мен кемшілігін анықтап көріңдер.

1.5. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА МЕТАЛЛУРГИЯНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- қола дәуірінің археологиялық ескерткіштерімен танысамыз;
- шаруашылықтағы және қоғамдағы өзгерістерді анықтаймыз.

**төселі егіншілік
тайпа**

Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті?

Орталық Қазақстанда тұрғын үйлер мен қоралардың қалдықтары бар қоныстар, көне кеніштер, жартастағы суреттер мен құрбан шалу орындары сияқты көптеген ескерткіштер кездеседі. Қорымдар басқа аймақтағы ескерткіштермен салыстырғанда құрылымының күрделілігімен, көрнектілігімен көзге түседі. Ертедегі шеберлер мөлшері жағынан үлкен тас қоршаулар салған. Сол кезеңде Шығыс Қазақстан мыс, қалайы кендерін және алтын өндіретін орталықтардың бірі болды. Үй кәсіптері, қыш ыдыстарды жасау ісі дамыды. Әдетте ыдыстар шырша, тырнақ ізді ою-өрнек түрінде өрнектелді.

Сипаттаңдар

Қола дәуірінің ескерткіштерін екі сөйлем арқылы сипаттаңдар.

Қанай, Малокрасноярка қоныстарынан ежелгі металл құятын шеберхана орындары табылған.

Ойланыңдар

Неліктен бақташылар бір жайылымнан екінші жайылымға көшіп жүрген?

Қоныстардан табылған мал сүйектері арқылы жайылымның алыс орналаспағанын білуге болады. Қоныс маңында мал бағу біртіндеп жайлауға көшуге ұласты. Мал санының көбеюі жайылымдық жерлердің кең болуын қажет етті. Бақташылар бір жайылымнан екінші жайылымға көшіп жүрген.

Қола дәуіріндегі қоныстар өзендер мен көлдерге жақын орналасқан. Бұл қола дәуірі адамдарының егіншілікпен де айналасуына мүмкіндік туғызды. Олар бидай, қарабидай, тары екті. Егіншіліктің өте қарапайым түрі дамыды. Өзен жағалауларындағы жұмсақ топырақ тесемен қопсытылды. Сондықтан қола дәуіріндегі егіншілікті «**теселі егіншілік**» деп атайды. Қоныстардан қола дәуірінің егіншілікке қолданған еңбек құралдары табылды. Олар: орақ, тесе, кетпен, шалғы, келі және келсаптар.

Металл өндірісі шаруашылықтың тез дамуына әсер етті. Еңбек құралдары пайдалануға ыңғайлы әрі мықты болған сайын, өнім өндіру артты. Кенді өндіру және оны қорыту, еңбек құралдарын жасау, малды бағу, егін егу ер адамдардың күшін талап етті. Сондықтан қола дәуірінде ерлердің рөлі арта түсті. Отбасылардың жеке тұрғын үйлері болған. Қоныстардың аумағы халық санының көбейгенін көрсетеді. Табиғат жағдайының қуаңдығы мен жазда жауын-шашынның аз түсуіне байланысты Қазақстан аумағын қоныстанған адамдар мал өсірумен көбірек айналысты. Олар мал жаятын жайылым іздеп, жиі-жиі көшіп отырды. Еңбек өнімділігінің артуына байланысты азық-түлік көбейді. Тайпа ішіндегі кейбір адамдарда артық өнім көбейіп, қор жиналды. Қоғамда дәулетті адамдар пайда болды. Жақын аймақты мекендейтін рулар **тайпаларға** бірікті. Жақсы жайылымдар үшін тайпалар арасында қақтығыстар болып отырды. Бұл қару-жарақтарды өндіру қажеттілігін арттырды.

Анықтаңдар

Қола дәуірінде егіншіліктің дамығанын қалай дәлелдеуге болады?

Себебін табыңдар

Қола дәуірінде орын алған негізгі өзгерістерді анықтап, олардың себептерін түсіндіріңдер.

Салыстырыңдар

Венн диаграммасы арқылы қола және тас дәуіріндегі адамдардың өмірін салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңдар.

1.6. АНДРОНОВ ЖӘНЕ БЕҒАЗЫ-ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТТЕРІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Андронов мәдениетінің археологиялық олжаларын сипаттаймыз;
- Андронов мәдениетіне тән белгілерді анықтаймыз.

Андронов мәдениеті
жертөле
абыз
кремация

Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?

Сипаттама беріңдер

Тақырып материалдарының негізінде Андронов мәдениетінің ерекшелігін сипаттап көріңдер.



1-сурет. Андронов мәдениетінің артефактілері. Орталық Қазақстан

Анықтаңдар

Андроновтықтардың қандай кәсіппен айналысқанын және қандай баспаналарда тұрғанын анықтаңдар.

АНДРОНОВ МӘДЕНИЕТІ

Қола дәуірінде Қазақстан, Батыс Сібір, Оңтүстік Орал өңірлері мен Орта Азияның бір бөлігін өзара туыстас тайпалар мекендеген. Археологтар қола дәуірінің осы мәдениетін ең алғаш 1914 жылы табылған Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласының жанында орналасқан Андронов қонысына байланысты «**Андронов мәдениеті**» деп атайды. Ұлан-ғайыр аймақтан табылған археологиялық олжалар Андронов мәдениетінің ерекше белгілерін байқатты.

Андронов тайпаларының негізгі кәсібі мал бағу мен егіншілік болған. Олар төрт түліктің барлығын өсірген. Негізгі тағамдары ет пен сүт болды. Өзен, көл жағалауларына орналасқан тайпалар бидай, тары, арпа өсірген. Өзеннен балық аулаған.

Андронов тайпаларының баспаналары жартылай **жертөлелер** мен жер бетіндегі үйлер болған (2-сурет). Үйдің ортасында тастан жасалған ошақ орналасқан. Еден астында ет және сүт өнімдерін сақтайтын шұңқыр (ұра) қазылған. Баспаналарды тұрғызу үшін құрылыс материалдары ретінде бөренелер

немесе тастар пайдаланылған. Олар баспаналарын жел мен дауылдан қорғану үшін ықтасын жерге салған. Баспаналармен іргелес мал ұстайтын қора-жайлары болған. Қоныстар 10, кейде 20 шақты тұрғын үйлерден тұрады. Ірі қоныстар да кездеседі. Мысалы, Ресейдің Челябині облысының оңтүстігінде, Қостанай облысымен шегаралас жерінен табылған Арқайым ескерткішін ғалымдар алғашқы қала қонысына жатқызады.



2-сурет. Бұғылы II қонысы. Реконструкция (А.Х. Марғұлан бойынша)

Туыстардың арасында малды бөлісу жекеменшіктің пайда болуына әкелді. Кейбір отбасылардың байлығы өскен сайын, олардың қоғамдағы беделі де арта түсті. Ауқатты адамдардың мазарлары биік, аумағы үлкен болды. Мысалы, қабірден табылған олжалар сол адамның қаншалықты дәулетті екенін көрсетеді. Адамдар ру-тайпаларға бірігіп өмір сүрді. Діни жоралғыларды сақтаушы және қадағалаушы жоғары дінбасылар – **абыздар** қоғамда ерекше орын алды.

Андронов тайпаларының қоныстарындағы кейбір үйлер діни ғұрыптарды атқаруға арналған. Қонысқа жақын жерде рулық зираттар орналасқан. Қайтыс болған адамды бір қырынан, қол-аяғын бүгіп, анасының құрсағында жатқан қалыпқа ұқсатып қойған. Қабірге қайтыс болған адамның ыдыстарын, киімдерін, еңбек құралдарын, қару-жарақтарын қойып, бірге көмген. Кейбір аймақтарда **кремация** (өлікті өртеу) ғұрпы таралған. Бұған тұрақтардан табылған күйген сүйек қалдықтары мен күл дәлел бола алады.

Себебін табыңдар

Андроновтықтардың қоғамдағы өзгерістері немен байланысты?

Ойланыңдар

Андроновтықтардың қайтыс болған адамды өртеу ғұрпы қандай наным-сеніммен байланысты деп ойлауыңдар?

1.6. АНДРОНОВ ЖӘНЕ БЕҒАЗЫ-ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТТЕРІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- академик Ә. Марғұланның археологиялық зерттеулерімен танысамыз;
- қола дәуіріне жататын Беғазы-Дәндібай ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіреміз.

қорым
оба

Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?

Тұлғаны таныңдар



Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904–1985 жж.) – көрнекті ғалым, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы. Ә. Х. Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстанда жүйелі түрде археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, қола дәуірінің мәдениеті жан-жақты зерттелді.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕЙІНГІ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Археологтар қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын, Орталық Қазақстан аумағын қамтыған беғазы-дәндібай мәдениетін ерекше атап өтеді. Мәдениет атауы Беғазы және Дәндібай қоныстарындағы алғашқы зерттелген **обаларға** байланысты қойылған. Беғазы-дәндібай мәдениетінің ескерткіштері 1946 жылдан бастап зерттелді. Осы зерттеулердің басында атақты ғалым, академик, археолог Ә. Марғұлан тұрды. Бұл археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қола дәуірінің соңында Қазақстанды мекендеген тайпалар туралы маңызды ақпарат беретін ескерткіштер табылды (1-сурет).



1-сурет. Беғазы ескерткіші

ЗӘУЛІМ ТАС КЕСЕНЕЛЕР

Әлкей Марғұлан бастаған экспедиция Беғазы-Дәндібай мәдениетінің қола дәуірінде өте үлкен аумақты қамтыған Андронов мәдениетінен өз ерекшелігі бар екендігін анықтады. Беғазы, Айдарлы, Дәндібай, Бұғылы, Ақсу-Аюлы **қорымдарындағы** зәулім тас кесенелер әлеуметтік сатыда жоғары тұрған көсемдерге салынған. Олардың құрылысы күрделі, үлкен әрі ауыр тастар негізгі материал ретінде қолданылған. Ақсу-Аюлы қорымындағы ең үлкен обаның биіктігі 2 метрден асады, диаметрі – 30 метр. Археологиялық қазба кезінде табылған әшекей бұйымдар, асқа арналған қыш ыдыстар жерленген адамдардың көзі тірі кезіндегі атақ-абыройын, әлеуметтік мәртебесінің жоғары болғанын дәлелдейді.

Беғазы-Дәндібай обаларындағы жерлеу ғұрпы андроновтық зираттардан өзгеше. Зираттарда қол-аяғы созылып, шалқасынан жатқызылып жерленген адамдардың қаңқалары кездеседі. Қыш ыдыстардың ернеуі үшбұрыш және сопақша ойықтармен безендірілген. Қабірлердегі ыдыс жанынан үй жануарларының көптеген сүйектері табылды. Марқұмның жанына жерлеу кезінде ет қойып, құрбандыққа мал шалынған. Бұның өзі – қола дәуірінің соңында мал санының өсіп, шаруашылықтың ілгері басқандығының көрсеткіші. Беғазыдағы кесенелердің тағы бір ерекшелігі – діни ғұрыпқа қатысты заттарды қоюға, құрбандық шалуға арнайы орындар бар. Қазба жұмыстары кезінде тас тесенің табылуы бұл тайпалардың егіншілікпен де айналысқанын дәлелдейді. Бұдан басқа тұрмыста қолданылған қола инелер, түйрегіш, біз табылған.

Археологиялық зерттеулер кейінгі қола кезеңіндегі Орталық Қазақстан тайпаларында көшпелі мал шаруашылығы пайда болғанын растайды. Ал келесі ерте темір дәуірінде көшпелі мал шаруашылығы Қазақстан аумағын мекендеген халықтың негізгі кәсібіне айналды.

Сұрақтар құрастырыңдар

Беғазы-Дәндібай мәдениетіне қатысты 2 сұрақ құрастырыңдар.



2-сурет. Қыш ыдыс

Ерекшелігін анықтаңдар

Беғазы-Дәндібай мәдениетін сипаттайтын 3 ерекшелікті анықтаңдар.

1.7. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРТАСТАРҒА САЛЫНҒАН ЕЖЕЛГІ СУРЕТТЕРІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- тасқа салынған Қазақстандағы белгілі суреттермен танысамыз;
- жартастағы суреттер арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы білеміз.

петроглиф

Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді?

Бейнені ажыратыңдар

Жартаста қандай жануарлар бейнеленген? Бұл суреттерді кім салуы мүмкін? Ол көрініс ежелгі адамдардың күнделікті өмірі туралы қандай мәлімет береді?

ЕЖЕЛГІ ӨНЕР

Қазақстан аумағында өмір сүрген ежелгі адамдар қоршаған орта туралы түсініктерін жартаста салынған суреттер арқылы білдірген. Тасқа салынған суреттерді «**петроглифтер**» (гректің «тас» пен «кесу» деген сөзінен шыққан) деп атайды. Петроглифтер адамдардың өмірі, кәсібі, дүниетанымы туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Ежелгі



1-сурет. Тамғалы петроглифі

адамдар көбінесе жартастарға және үңгір қабырғаларына сурет салған. Осындай жерлер мереке күндері ата-баба рухына, жаратушы күшке табыну ғұрыптары өтетін орынға айналған. Ежелгі шеберлер тастардың тегістігіне, күнге төзімділігіне мән берген. Сурет салу үшін көбінесе ағаш көмірін және жосаны (охра) пайдаланған. Петроглифтерде адамдар, жануарлар, аң аулау сәті, құрбандық шалу рәсімі бейнеленген.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан петроглифтер шоғырланған ірі аудандар болып саналады.

Алматы облысының Тамғалы шатқалындағы, Ешкіөлмес және Баянжүрек тауларындағы суреттерден мифологиялық ұғымдармен байланысты ақпарат алуға болады. Олардың арасында аң маскасын киген адам суреті, діни жоралғылар, күнбасты кейіпкерлер мен екі аяқты күйме арба бейнеленген көріністер бар. Ешкіөлмес тауындағы суреттер, олардың ішінде екі дөңгелекті арбалар, құрбандыққа шалынған жануарлардың суреттері б.з.д. II мыңжылдықта салынған. Шығыс Қазақстандағы Ақбауыр үңгірінің қабырғасындағы суреттер қызыл күрең түсті жосамен салынған. Зерттеушілердің пікірі бойынша бұл жерде құрбандық шалынып, түрлі ырым-жоралар жасалып отырған. Сонымен қатар Қаратаудағы Қойбағар суреттерінің де маңызы өте зор. Олар ежелгі адамдардың тұрмыс-тіршілігі туралы ақпараттар береді. Суреттердің бірінде түйелердің бір-біріне байланып келе жатқандығы бейнеленген, оның ұзындығы 1-2 метрге жеткен.

Ойланыңдар

Неліктен тасқа қашап салынған суреттерде жануарлар бейнесі көп кездеседі?

Сипаттаңдар

2-суретте қандай көрініс, іс-әрекет бейнеленген? Бұл көріністер адамның өмірі туралы қандай ақпарат береді?



2-сурет. Ақбауыр петроглифтері

Әңгіме құрастырыңдар

Тастағы суреттер негізінде алғашқы адамдардың өмірі туралы әңгіме құрастырыңдар.

1.7. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРТАСТАРҒА САЛЫНҒАН ЕЖЕЛГІ СУРЕТТЕРІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Тамғалы шатқалындағы суреттермен танысамыз;
- алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттаймыз.

АНИМИЗМ
ТОТЕМИЗМ

Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді?

Бейнені ажыратыңдар

Суретте қандай көрініс бейнеленген?



Ежелгі адамдардың наным-сенімі қоршаған ортамен тікелей байланысты болды. Бұл нанымның бірі – о дүниедегі өмір туралы сенім. Оны біз адамдардың жерлеу ғұрыптарынан көре аламыз. Мысалы, мәйітті ұйықтап жатқан сияқты бір қырынан жатқызып жерлеу – адам жанының мәңгі ұйқыға кеткендігін білдіреді. Оған қоса қайтыс болған адам үстіне қызыл минералды бояу – жоса (охра) себу де кездеседі. Бір жағынан ол о дүниелік өмір үшін қанды білдірсе, екінші жағынан тазартудың белгісі болған отты білдірген. Ежелгі дәуірдегі отқа табынушылықтың белгісін қайтыс болған адамды өртеуден де көре аламыз. Ежелгі адамдардың наным-сенімдерінде анимизм мен тотемизм үлкен орын алды. Адамдар, заттар және басқа да қоршаған орта құбылыстарын басқаратын жандардың, рухы бар екеніне сену **анимизм** деп аталады. Ал адамдардың шығу тегін жануарлармен, өсімдіктермен байланыстыратын сенімді **тотемизм** деп атайды. Адам табиғат құбылыстарын құдіретті күшпен байланыстырып, оларға құлшылық етті, құрбандық шалды, жалбарынды, зұлым күштерден қорғайтын тұмарлар тақты.

ТАМҒАЛЫ ПЕТРОГЛИФТЕРІ

Қазақстан аумағындағы петроглифтердің көп мөлшері шоғырланған жерлердің бірі – Алматы қаласының солтүстік батысында орналасқан Тамғалы шатқалы. Осында 5 мыңдай сурет салынған. ЮНЕСКО қарамағындағы Тамғалы ескерткіші 2004 жылдан бері Әлемдік мұралар тізіміне енгізілді. Жартастарда күнбасты құдайлар, дөңгелекті арбалар, адамдар, жануарлар, аңшылық көріністері, құрбандық шалу, діни рәсімдер бейнеленген. Әртүрлі пішіндегі күнбасты бейнелер күнге табынушылықты білдіреді. Олар бастарында күн сәулесін шашқан адам кейпінде көрсетілген. Күнбасты құдайды айнала қоршаған он екі адамның бейнесі ежелгі дәуірдегі күнтізбелік түсініктерді көрсетуі мүмкін деген болжам бар.

Жалпы, Қазақстан өңірлеріндегі тасқа салынған суреттерде жануарлардың бейнелері көп кездеседі. Бұқа, бұғы және тау ешкісінің бейнелері кең таралған. Жартас бетіндегі суреттердің арасында арбаға байланысты көріністер де көп. Суреттерде ат немесе түйе жегілген, жеңіл, екі дөңгелекті арбалар салынған. Ежелгі адамдар құдайлар аспанда ат жегілген екі дөңгелекті арбамен жүреді деп сенді.

Болжам жасаңдар

Суретте кім бейнеленген?
Сурет несімен ерекшеленеді?



Тамғалы петроглифі

Өз петроглифтеріңді салыңдар

Ежелгі адамдардың өмірін сипаттайтын бір көріністі петроглифтер арқылы бейнелеп көріңдер.



1.8. ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІНЕ САЯХАТ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- ежелгі дәуірдегі адамдар өміріне шолу жасаймыз;
- ежелгі адамдардың мәдени жетістіктерін талдаймыз.

Палеолит	Мезолит	Неолит	Энеолит	Қола дәуірі
Адамдар тастап қарапайым еңбек құралдарын жасап, аң аулаумен және терімшілікпен айналысқан. Осы кезеңде рулық қауым пайда болды.	Өсімдіктер және жануарлар әлемі өзгерді. Еңбек құралдары одан әрі жетілдірілді. Садақ пен жебе, микролиттер пайда болды.	Тас оңдеу тәсілдері дамыды. Өндіргіш шаруашылық, яғни мал шаруашылығы мен егіншілік пайда болды. Қыш құмыра жасау, тоқымашылық кең тарады.	Адамдар өміріне мыстан жасалған құралдар енген дәуір. Қазақстанда жылқы малы қолға үйретілді.	Кен өндіру, балқыту ісі кең тараған кезең. Адамдар шаруашылықта қоладан жасалған еңбек құралдарын қолдана бастады. Қоғамда әлеуметтік жіктелу пайда болды.

Себебін анықтаңдар

Ежелгі адамдар тобырға, руға, тайпаға не себепті бірікті?



Стоп-кадр


Ежелгі дәуірдегі тұрмыс-тіршілікті бейнелейтін үзінді көріністер топтамасын құрастырыңдар.



1-сурет. Оқиғалар тізбегі

Жасап көріңдер

Ермексаздан ыдыс жасап көріңдер. Ыдысқа геометриялық ою-өрнек салыңдар.



2-сурет. Ермексаздан құмыра үлгісін жасау

ҚЫШ ЫДЫСТАР

Сазбалшықтан ыдыс жасау адамзат өміріндегі аса маңызды жетістіктердің бірі болды. Алғашқы ыдыстар қарапайым, шала күйдірілген еді. Андронон тайпалары үй кәсіпшілігінде қыш ыдыстарды өздері дайындады. Әйелдер сазбалшықтан ыдыс-аяқ жасап, таспен қоршалған шұңқырға от жағып күйдірген. Қыш ыдыстар геометриялық ою-өрнектермен әсемделген.



3-сурет. Қыш ыдыс

Сипаттаңдар

Ежелгі дәуірдің басты мәдени жетістіктерін еске түсіріп, тарихи кезеңдерді сипаттаңдар.

1.8. ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІНЕ САЯХАТ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- қарастырған көне дәуірдің тарихи кезеңдері бойынша білімдерімізді қорытындылаймыз.

Анықтаңдар

Қоланың мыстан айырмашылығы қандай?

Тастан жасалған құралдардан қола бұйымдар несімен ерекшеленеді?

Суретпен жұмыс

Суретте қай кезеңнің көрінісі бейнеленген?



Үшінші ұяшықта қай кезең сипатталуы тиіс?

Тас дәуірі

Адамзат тарихындағы ең ұзақ мәдени-тарихи кезең. Еңбек құралдары көбінесе тастардан жасалды. Адамдар отты игеруді үйренді. Ұзақ уақыт бойы адамдар аңшылықпен және терімшілікпен айналысты. Содан соң мал шаруашылығы мен егіншілікті игерді.

Мыс-тас ғасыры

Мыстан жасалған еңбек құралдарын пайдаланумен энеолит дәуірі, яғни мыс-тас ғасыры басталды. Бұл дәуірдің ең жақсы зерттелген ескерткіштерінің бірі – Ботай қонысы. Ботайлықтар жылқыны алғаш болып қолға үйретті.

?

Тасқа салынған суреттер – «петроглифтер» ежелгі адамдардың діни түсінігі мен дүниетанымы туралы ақпарат береді. Қазақстан – жартастардағы суреттер – петроглифтердің саны мен әралуандылығы жөнінен әлемдегі ең бай жерлердің бірі. Осындай суреттер көп табылған Тамғалы ескерткіші ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне енгізілді.

Петроглифтер ежелгі адамдардың әдет-ғұрпы туралы қандай ақпарат береді? Суреттерден адамдардың наным-сенімі мен дүниетанымын қалайша аңғаруға болады?



Ежелгі суретші

Өндіріске қоладан жасалған еңбек құралдарының енуі еңбек өнімділігін арттырды, шаруашылықтың жаңа түрлерінің пайда болуына себеп болды. Бұл дәуірде Қазақстанда ерекше мәдениет ошағы қалыптасты. Оның көнесі – Андронон мәдениеті. Ал б.з.д. XII–VIII ғасырлардағы соңғы қола дәуірінде Орталық Қазақстанның Беғазы-Дәндібай мәдениеті қалыптасты. Бұл уақытта Қазақстан даласында көшпелі мал шаруашылығының алғашқы белгілері пайда бола бастады.

СЕНДЕР НЕ БІЛДІҢДЕР?

Бұл тарауда сендер:

- Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі, кәсібі, еңбек құралдарының түрлері, баспаналары туралы білдіңдер;
- археологтар ашқан тас, энеолит, қола дәуірінің ескерткіштерімен танысып, ежелгі адамдардың өмірінен мағлұмат беретін тарихи ескерткіштерді сипаттадыңдар;
- алғашқы адамдардың бірлесіп өмір сүргенін, адамдардың шағын тобырдан рулық қауымға айналуына байланысты алғашқы қоғамдағы өзгерістерді түсіндіңдер;
- ежелгі дәуірде еңбек құралдарының жетілдірілуі туралы білдіңдер;
- адамзаттың табиғаттың дайын өнімін тұтынудан өндіруші шаруашылық түріне өтуінің маңызын түсіндіңдер;
- терімшілік пен аңшылықты егіншілік және мал шаруашылығымен салыстырдыңдар;
- энеолит дәуіріндегі Ботай мәдениеті тайпаларының алғашқы жылқы өсірушілер екендігіне дәлелдер келтірдіңдер;
- қола дәуірінің соңында тайпалар үшін негізгі шаруашылық – көшпелі мал шаруашылығы болып қалыптасуына әсер еткен факторларды білдіңдер;
- өнімді шаруашылықтың туындауына байланысты қола дәуірінде қоғамда әлеуметтік теңсіздік пен жекеменшік қалыптасқанын түсіндіңдер.

Өздеріңді тексеріңдер

Тарау бойынша алған білімдеріңді қолданып, тас дәуірі, энеолит, қола дәуірінде адамдар өмірінде орын алған маңызды оқиғалар тізімін жасап, мынадай санаттар бойынша жіктеңдер: 1) мені таңғалдырған жағдай; 2) адамдар өмірін айтарлықтай өзгерткен жайт.

ТАРАУ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

Тапсырмаларды дәптерге орындаңдар.







1-тапсырма

Берілген ұғымдарды әр дәуірге сәйкес топтастырыңдар. *Тобыр, тайпа, шапқы, тесе, аналық ру, жылқы өсірушілер, бойтұмар, қыш құмыра, бақташылық, айырбас, жекеменшік, мыс-тас ғасыры, аталық ру, терімшілік, Ботай қонысы, отты пайдалану, питекантроп, Андронов мәдениеті, Беғазы-Дәндібай мәдениеті, мысты өңдеу, садақ пен жебе, қаладан еңбек құралдарын жасау.*

Тас дәуірі	Энеолит дәуірі	Қола дәуірі

2-тапсырма

Ежелгі адамдардың табиғаттың дайын өнімін тұтынудан (*терімшілік пен аңшылық*) өндіруші еңбекке (*егіншілік пен мал шаруашылығы*) өтуінің себептері мен салдарының тізімін жалғастырыңдар.

-  Еңбек құралдары жетілді
-  Азық-түлік қоры көбейді
- 
- 
- 
- 

3-тапсырма

Әңгімені жалғастырыңдар.

Алғашқыда адамдар тек аңшылық және терімшілікпен айналысып, орныққан жерлерінен аңды қаумалап аулауға тиімді орындарға қоныс аударды. Әдетте адамдардың тұрақтары өзендер мен көлдердің жағасына орналасатын. Кейін адамдар жабайы жануарларды қолға үйрете бастады. Шаруашылықтың дамуына, оның жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты адамдардың кәсіби қабілеті де дами бастады. ...

4-тапсырма

Тас және қола дәуірінде шаруашылықта, адамдардың тұрмыс-тіршілігінде, қоғамда қандай өзгерістер болды? Мысалдар келтіріп, түсіндіріңдер.



5-тапсырма

«Тасқа салынған суреттер» тақырыбы бойынша тірек-сызбаны дәптерге сызып алып толтырыңдар.



2

ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕР ӨМІРІ



Адамзат тарихында металды игеру мыс-тас дәуірінен басталып, қола дәуірінде одан әрі жалғасты. Енді сендер Қазақстан аумағындағы ерте темір дәуіріне саяхат жасайсыңдар. Ерте темір дәуірінде орын алған өзгерістер мен көшпелі өркениеттің дамуымен таныс боласыңдар.

Ерте темір дәуірінің ерекшелігі – Қазақстан аумағын мекендеген көшпелілер тұрмыста темірді пайдалана бастады. Темірді өндіру адам өмірінде ерекше маңызға ие болды. Сендер темір еңбек құралдарының пайда болуына байланысты еңбек өнімділігінің де артқанын анықтап, сауда-саттық, тауар және ақша айналымының дамығанына куә боласыңдар. Ерте темір дәуірінде рулық қауымдық құрылымның ерекше көшпелі түрі қалыптасты. Ру-тайпалардың арасындағы тығыз қарым-қатынастар тайпалық одақтардың пайда болуына әсер етті. Халық саны артып, көшпелілерге жаңа жайылымдарды игеру қажеттілігі туындады. Көшпелі мал шаруашылығы артық өнім алуға мүмкіндік беріп, еңбек өнімділігі артты. Жаңа жерлерді игерумен байланысты көшпелілер арасында экономикалық және мәдени қарым-қатынастар дамыды. Көшпелі және отырықшы қоғамдар арасындағы байланыс екі мәдениеттің де өркендеуіне ықпал етті.

Ойланып көрейік

- Ерте темір дәуірінде қандай өзгерістер орын алды?
- Ерте темір дәуірінің қандай ерекшеліктері болды?
- Көшпелі мал шаруашылығының қандай артықшылықтары бар?

2.1. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ТЕМІРДІҢ ИГЕРІЛУІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- темір дәуірі туралы білеміз;
- ертедегі кен өндіру әдісімен танысамыз.

**темір
тайпалық одақ
пеш-көрік**

Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адам өмірін қалай өзгертті?

Суреттерді салыстырыңдар

Берілген суреттердің айырмашылығы мен ұқсастығын табыңдар.



1-сурет. Қола дәуірі



2-сурет. Темір дәуірі

Ойланыңдар

Неліктен б.з.д. VIII ғасырдан басталған кезең темір дәуірі деп аталады?

Бұл қызықты

Темір – тіршіліктің маңызды элементі. Адам мен жануарлардың ағзасындағы қан құрамында темір болғандықтан, қан қызыл түсті болады. Ол ағзада оттекті тасымалдайды.

ТЕМІР ДӘУІРІНЕ САЯХАТ

Қазақстанда б.з.д. I мыңжылдықтың бас кезінде күрделі өзгерістер орын алды. Бұл кезең адамдардың темірді қолдануымен ерекшеленеді. Адамдар **темірді** алғаш өндіріп, шаруашылықта қолдана бастаған кезеңді тарихта *темір дәуірі* деп атайды. Темір дәуірі ерте және кейінгі темір дәуірі деп екіге бөлінеді. Ерте темір дәуірі б.з.д. VIII–III ғасырлар аралығын қамтыса, кейінгі темір дәуіріне б.з.д. III ғасыр – б.з. VI ғасыр аралығы жатады. Осы дәуірде рулық қатынастар жетіліп, **тайпалық одақтар** құрылды. Бұл Қазақстан жерінде алғашқы мемлекеттердің пайда болуының алғышарты еді.

АДАМДАР ТЕМІРДІ ҚАЛАЙ ӨНДІРДІ?

Темір – өте төзімді, мықты металл. Темір табиғатта таза күйінде сирек кездеседі. Алғаш рет адамдар кен тасын отқа тастағанда, оның балқып ерігенін байқаған. Адамдар темірді балқыту үшін **пеш-көріктерді** пайдаланған. Пештің ішіне отын салып, үстіне кен тасын тастаған. Кен тасының үстіне қайтадан отын үйіп, оны кен тасымен қайта жапқан. Осыдан кейін төменгі қабаттан от тұтатып, көрікпен ауа үрлеген. Оттан алынған қып-қызыл темірді төске қойып, балғамен соққан.

Темір дәуірінде адамзат тарихында елеулі өзгерістер орын алды. Темір дәуірінің ең басты жетістігі – темір өндірудің жетілдірілуі болды. Соның нәтижесінде адамдар темір игерудің күрделі әдістерін меңгеріп, жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Еңбек құралдарының темірден жасалуы жер өңдеуді жеңілдетті. Тауар және ақша айналымы қалыптасып, сауда-саттық дамыды, жаңа кәсіптер пайда болды.



5-сурет. Темірді өңдеу

Берілген суреттерді (3–5-суреттер) пайдаланып, шағын әңгіме құрастырыңдар.



3-сурет. Пеш-көрік



4-сурет. Пеш-көрікпен темірді балқыту

2.1. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ТЕМІРДІҢ ИГЕРІЛУІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- металды өндірудің адамдар өміріне әкелген өзгерістерін анықтаймыз;
- түсті металл өндірісі туралы білеміз.

**ат әбзелдері
полихромдық стиль**

Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адам өмірін қалай өзгертті?

Дәлел келтіріңдер

Темір дәуірінде адам өмірі қалай өзгерді? Ойларыңды 2-3 дәлел келтіріп, түсіндіріңдер.



1-сурет. Темірді өңдеу

Темір құралдарды пайдалану нәтижесінде жер өңдеу тәсілдері жетілдіріле түсті. Егістік алқаптары мен суару жүйесі кеңейтілді. Ағаш пен тасты өңдеудің жетілуі негізінде қала құрылысы дамыды. Бұл уақытта **ат әбзелдері**, қару-жарақтар мен әшекей бұйымдар жасау дами бастады (1-сурет). Темірді пайдалану қорғаныс және шабуыл қаруларын дамытты. Бұл Қазақстан жерін мекендеген тайпаларға өз жерін сыртқы жаудан қорғауға мүмкіндік берді. Олар кейде көрші елдерге шабуыл жасап, жерін кеңейтіп те отырды. Осы кезең дөңгелекті көліктің кең қолданылуымен де сипатталады. Көліктің дамуына байланысты сауда қатынастары мен ақша айналымы қалыптасты.

Бұл қызықты

Б.з.д. III мыңжылдықта Месопотамияда метеориттік темірді білген. Оны «аспаннан түскен от» деп атаған. Оның құймасынан қару-жарақ, әшекей бұйымдар жасаған.

АДАМДАР ТҮСТІ МЕТАЛДАРДЫ ӨНДЕУДІ ҚАЛАЙ ЖЕТІЛДІРДІ?

Темір дәуірінде түсті металл қорыту, кен өндіру ісі жақсы дамыды. Шеберлер металл құюдың техникалық әдіс-тәсілдері арқылы бұйымдарға түрлі пішін бере алды. Адамдар алтынды дәнекерлеу әдісін меңгеріп, қолаға құйылған алтын әшекейлер пайда болды. Дәнекерлеу дегеніміз – металл жиектерін балқыту арқылы қыздырып, біртұтас етіп біріктіру. Бертін келе алтынмен қапталған қола бұйымдар алтын жолақшалармен көркемделген темір әшекей бұйымдармен алмасты. Шеберлер заттарды безендіруді, бағалы тастарды жапсыруды жақсы білген (2-сурет). Әшекей бұйымдарға асыл тастарды орнатып, жіңішке сымды ширата өрнектеу үлгілері дамыды. Бұл **полихромдық стиль** деп аталады.



2-сурет. Алтын шекелік

Ойланыңдар

Темірді өндіру адам өміріне қандай маңызды өзгеріс әкелді?

«Әшекейлер көрмесі»

3–5-суреттердегі көркемдігі жоғары алтыннан жасалған бұйымдарға назар аударыңдар. Шеберлердің түсті металды игеріп, түрлі әдістерді қолдануы зергерлік өнерді қалай дамытты? Ойларыңды түсіндіріңдер.



3-сурет. Алтын қапсырма



4-сурет. Алтын қапсырма



5-сурет. Алтын жүзік

2.2. КӨШПЕЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы туралы білеміз.

**тебіндеу
көшпелілер**

Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал шаруашылығы неліктен шаруашылықтың негізгі түріне айналды?

Анықтаңдар

Көшпелі мал шаруашылығының дамуы адамдарға қандай мүмкіндіктер берді?

Б.з.д. II мыңжылдықтың соңы мен I мыңжылдықтың басында Қазақстанда климат өзгерді. Жауын-шашын азайып, өзендер мен көлдер тартылды. Түрлі өсімдіктерге бай дала барған сайын қуаң тарта бастады.

Мал шаруашылығы қола дәуірінің соңғы кезеңінде шаруашылықтың жетекші саласы ретінде қалыптасқан болатын. Ерте темір дәуірінде көшпелі мал шаруашылығы одан әрі дамыды.

Көшпелі мал шаруашылығы адамдардың өміріне ірі өзгеріс әкелді. Адам еңбегі өнімді бола түсті. Бұл шаруашылық ет, сүт, жүн, тері өнімдерін өндіруге кең мүмкіндіктер ашып берді. Өнімдердің артық қорын жинау және иемдену мүмкіндігі көбейді. Мал шаруашылығы өнімдері көп ұзамай айырбас құнына ие болды. Малшылар мен егіншілер арасында өнім айырбасы дами бастады.



КӨШПЕЛІЛЕР МАЛДЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІН ӨСІРДІ?

Көшпелілер табиғаттың дайын өнімін қажет етпеді. Өздері өнім өндіردі. Олар, негізінен, **тебіндеп** жайылатын малды көп өсірді.

Түйе қорексіз және сусыз ұзақ күнге шыдайды. Түйе көбінесе жүк көлігі қызметін атқарды. Ол 350 кг-ға дейін ауыр жүк көтере алады. Жылына екі рет қырқып, 4-8 кг жүн алуға болады.



Көшпелілер өсірген жылқы суыққа төзімді болды. Тебіндеп жайылып, азығын қар астынан тұяғымен аршып алады. Оған арнайы қораның қажеті болмады. Жылқы малы адамдарға сауса сусын, сойса азық болды. Жорыққа мінетін ең жақсы жылқыны көшпелілер ерекше жоғары бағалаған.



Қойдан ет, сүт және жүн алынды. Қойдың жүні киіз басу, арқан есу, жіп иіру үшін пайдаланылды. Көшпелілер өсірген қой түрі суық пен ыстыққа төзімді болып, күтімді көп қажет етпеді.



Сиыр малын өсіру көшпелілер шаруашылығында кең таралмады. Себебі сиыр тебіндеп жайылуға икемсіз болды. Сиырды, негізінен, орманды-далалық және таулы-далалық аймақтарда өсірген.



Көшпелі мал шаруашылығының тиімділігін дәлелдеңдер

Көшпелілер төрт түлік малдан қандай өнімдер алған? Осы төрт түлік малдың арасынан көшпелілер қайсысын ерекше қастерледі? Тебіндейтін малдың артықшылығы неде деп ойлайсыңдар?

2.2. КӨШПЕЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- көшпелі шаруашылық түрлерін анықтаймыз.

**отырықшы
жайылым
жартылай көшпелі**

Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал шаруашылығы неліктен шаруашылықтың негізгі түріне айналды?



Жайлау – жаз мезгілінде малды алысқа ұзатып жаятын жайылым. Бұл уақытта ру-тайпалар жиналып, аса маңызды мәселелерін шешкен. Жаз мезгілі көшпелілерге түрлі ойын-сауықтар өткізуге қолайлы болды.

Көшпелілер қысқа азық-түлік дайындап, қар түскенге дейін жүздеу отырған. Күзеу – қыстауға жақын орналасқан жайылым. Күзгі жұмысқа қой мен түйе қырку да қосилады.



Аязды суық қысты малшылар қыстауда өткізген. Мұнда жылы қоралар салынды. Көшпелілер арнайы жем-шөп дайындап, ерте төлдеген малдарды осында бақты.

Мал төлдеген соң, малшылар көктеуге көшкен. Көктемде жұмыс қызып, қой мен түйе жүні қырқылды. Осы кезде қыстан жүдеу шыққан мал қалпына келіп, күй жинаған.



1-сурет. Жайылым түрлері

Жыл мезгілдерін сәйкестендіріңдер

Берілген мәтінді мағынасына қарай жыл мезгілдері көрсетілген суреттермен сәйкестендіріңдер. Жыл мезгілдеріне байланысты **жайылым** атауларын анықтаңдар. Қалай ойлайсыңдар, неліктен көшпелілер жыл мезгілдеріне байланысты көшіп отырған?

КӨШПЕЛІЛЕРДЕ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫ?

Қазақстанда шаруашылық көшпелі, **жартылай көшпелі** және **отырықшы** болып бөлінді.

Ойланыңдар

Неліктен көшпелілер өмірінде мал шаруашылығы маңызды болды?

Батыс және Орталық Қазақстанда көшпелі өмір салты басым болды. Бұл жерлер егіншіліктің дамуы үшін қолайсыз еді. Шөп шабу кейбір жерлерде ғана тарады. Қыста көшпелілер жел мен күшті бораннан ықтасын іздеді. Сондықтан олар тау жотасындағы өзен-көлдерге жақын қыстау тұрақтарға қоныстанды.



Оңтүстік Қазақстан аумағында суармалы егіншілік басым болды. Ол Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзені, Қаратау жотасы баурайында дамыды. Тайпалар мал шаруашылығы және егіншілікпен қатар айналысты.

Тянь-Шань, Алтай таулары, Жетісу мен Шығыс Қазақстан далалары мал жайылымына да, егіншілікпен айналысуға да қолайлы еді. Бұл жерлер далалы, орманды, таулы болып келеді. Маусымдық жайылымдар бір-бірінен қашық болған жоқ. Қыстау маңындағы жерлерде егіншілік сақталды. Олар әдетте тары, арпа, бидай екті.

2-сурет. Шаруашылық түрлері

Картамен жұмыс

Картадан шаруашылық түрлерінің дамыған аймақтарын тауып, белгілеңдер. Бұл аймақтарда малдың қандай түрлерін өсіргенін анықтаңдар.

Бұл қызықты

Ғылымда Орталық Азия көшпелілері ат әбзелдерін жетілдірген деген пікір бар. Олар үзеңгіні ойлап тауып, ауыздық пен ер-тоқымды қолданыста одан әрі жақсартқан.

2.3. ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- көшпелілер баспанасы туралы білеміз.

киіз үй

Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?



1-сурет. Кепе

Анықтаңдар

Адамдар баспана салуды қалай жетілдірген?

Суретте не бейнеленген?
Сипаттаңдар.



2-сурет. Киіз үйдің ішкі құрылысы

ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ДАМУЫ

1-суретте алғашқы қолдан жасалған тұрғын үй – кепе бейнеленген. Осындай кепелердің қалдықтары Қазақстанның оңтүстік, шығыс және солтүстік өңірлерінен табылған. Қола дәуірінде көшпелілер күмбез тәрізді қима шатырлы жертөле салды. Осындай үйлер Қазақстанда, Орта Азияда және Ресейдің оңтүстігінен табылды. Кейіннен оңтүстікте тұрғын үй шикі кірпіштен қаланса, солтүстік пен шығыста бөренелерден салына бастады. Мысалы, Орталық және Солтүстік Қазақстаннан кейінгі қола дәуірінің жер үстіндегі үйлері табылған. Төбесі шатырланып және дөңгелете жабылған мұндай ағаш құрылыстар киіз үйге ұқсайды.

Ерте темір дәуірінде тұрақты тұрғын үйлер, негізінен, қыстауларда салынды. Сонымен қатар көшпелілер қыстау-қоныстармен қатар қала үлгісіндегі бекіністерді де сала білген. Алайда, көшпелілердің негізгі баспанасы көшпелі тұрмысқа икемделген **киіз үй** болды. Киіз үй Қазақстанның табиғат жағдайына сәйкес әрі көшпелі тұрмыс үшін өте қолайлы болды. Көшпелілер арбаға орнатылған киіз үйді де пайдаланды.

КИИЗ ҮЙ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Бастапқы кезеңде аңшылар баспана жасау үшін ағаш бұтақтарын пайдаланған. Олар ағаштардың басын қосып, екінші ұшын жерге қадаған. Бұл ағаштар баспананың қабырғасы болып, сыртын аң терілерімен немесе киізбен жапқан. Мұны *күрке* деп атаған.

Баспананың басқа түрі *қос* деп аталады. Оның қаңқасы күмбезді шеңберге кигізілген тұзу сырғауылдардан тұрған. Сырты киізбен жабылған. Кейінгі уақыттарда мұндай баспаналарды қазақ бақташылары, жылқышылары қолданған.

Сонымен қатар «*жолым үй*» деген баспананың басқа да бір түрі белгілі. Оның қаңқасы тордың үш-төрт буындары мен сырғауылдардан тұрған. Басы түйістіріліп жіппен байланған немесе айқастырылған ағашпен біріктірілген. Үстіне киіз жабылған. Төбесі конус тәріздес болған.

Көшпелі өмірге бейімделген баспананың ең жетілдірілген түрі – *киіз үй*. Ол Орталық Азия көшпелілерінің баспаналарының ұзақ уақыт бойы дамуы нәтижесінде пайда болды. Киіз үй бұл тек қана материалдық мәдениеттің бір элементі ғана емес, сонымен қатар көшпелілер дүниетанымың көрінісі болып табылады.

Реттілігі бойынша орналастырыңдар

Баспаналарды даму үдерісі бойынша орналастырып көріңдер.

1



3



2



4



3-сурет. Көшпелілер баспаналарының үлгілері

2.3. ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- киіз үйдің құрылысын анықтаймыз.

қанат
шаңырақ

Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?

Анықтаңдар

Көшпелілер киіз үйдің қандай түрлерін пайдаланған?

Көшпелілер мекендеген киіз үй осыдан шамамен 3 мың жыл бұрын пайда болған. Ол көшіп-қонуға ыңғайлы, қыста жылы, жазда салқын болды. Қазақтардың киіз үйі көлемі мен сыртқы пішініне қарай әртүрлі болып келеді. Керегенің әр бөлігін «қанат» деп атайды. Киіз үйдің қараша үй (үш қанат), қоңырүй (төртқанат), бозүй (5 қанат), ақүй (6 қанат), ақала орда (8 қанат), ақ орда (12 қанат), алтын үзік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деген түрлері бар.



1-сурет. Киіз үй

КИИЗ ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАНДАЙ БОЛҒАН?

Киіз үй – киіз бен ағаштан жасалды. Киіз үйдің негізі үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі – үй сүйектері, екінші – киіздері, үшінші – бау-шулары. Киіз үйді құрайтын негізгі қаңқасын «сүйегі» деп атайды. Оларға кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық жатады. Үйді жабатын киіздер мен шиді киіз бөлігіне қосады. Ал басқұр, баулары мен арқандары бау-шуға жатады. Сонымен қатар киіз үйдің ішін төрт бөлікке бөледі: төр, оң жақ және сол жақ босаға, ошақ. Ошақ қасиетті орын болып саналады. Мұнда от жағылып, қазанда ас әзірленеді.

Түсіндіріңдер

Киіз үй мен оның ішкі құрылымы қанша бөліктен тұрады? Киіз үйдің құрылысын түсіндіріңдер.

КИИЗ ҮЙ ҚАЛАЙ ТҰРҒЫЗЫЛАДЫ?

Киіз үйді тұрғызу үшін, алдымен, керегені жайып, әр бөлігін бекітеді. Керегеден кейін **шаңырақты** көтереді. Шаңырақ киелі болып саналады. Қазақтарда шаңырақ «отан», «әулет» мағынасында да қолданылады. Шаңырақты ер адам немесе үй иесі ғана көтереді. Атадан балаға мұра болатын үйді «қара шаңырақ» деп құрметтеген.

Шаңырақты көтергенде оның жан-жағынан уықтар шапшылады. Ол – кереге мен шаңырақты қосатын негізгі бөліктің бірі.



Шаңырақтан кейінгі ерекше қас-терленетін бөлшегі – босаға. Ол табалдырық пен маңдайшадан тұрады. Оған сықырлауық орнатылады.



2-сурет. Киіз үйді құру сәті

Жасап көріңдер

Киіз үйді құрудың әрбір қадамын сызба арқылы көрсетіңдер.

2.3. ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ (3-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- көшпелілердің қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін білеміз;
- көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін бағалаймыз.

қолданбалы
өнер

Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?

КИІЗ ҮЙ – КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНІҢ КӨРІНІСІ

Киіз үй – көшпелілердің **қолданбалы өнерінің** бірегей үлгісі. Киіз үйдің жабдықтары ұлттық оюмен өрнектеліп, алуан түрлі безендірулер жасалған. Кейде ауқатты адамдар кереге басын күмістеп, уық иінін сүйекпен, мүйізбен өрнектеген. Оның араларына алтын жалатып, маңдайшасына жарқыратып жартылай бағалы тас орнатқан. Аппақ жүннен басылған киізбен жауып, сәнін келтірген. Көшпелілер киіз үй жиһаздары мен жабдықтарын жасағанда асыл тастар, металл, мата, ағаш, жүн, былғары пайдаланған. Киіз үйдің оң жағына ағаштан жасалған төсек, төрге жүкаяқ, оның үстіне әбдіре қойылған. Ағаш төсектің тұсына матадан тігілген тұскиіз ілінген, шымылдық құрылған. Еденге ою-өрнектелген киіз және жібек кілем төселген. Киіз үй есігінен сол жақтағы керегеге ат әбзелдері мен қару-жарақ ілінген. Ал есіктің оң жағы азық-түлік, ет салынған кебеже, қымыз құйылған саба, ыдыс-аяқтардың орны болған.

Анықтаңдар

Көшпелілер киіз үйді жабдықтауда қандай материалдар қолданған? Киіз үй көшпелілердің қолданбалы өнері туралы қандай ақпарат береді?



Киіз үйдің ішкі құрылысы

Көшпелілерде арба үстіне орнатылған киіз үйлер де болған. Олар ерте темір дәуірінен бастап, орта ғасырларда да пайдаланылған. Көшпелілердің тұрғын үйлері туралы шетелдік саяхатшылар мен зерттеушілер жазып қалдырған.

Тұжырым жасаңдар

Деректерді мұқият оқып, бір сөйлем көлемінде тұжырым жасаңдар.



«Олар тұратын үйлер ағаш кеспектерінен құрастырылып, бұтақтармен шабақталған, төбесінде жоғары қарай мойнын созып, ықшамдана түсетін оттықтікі сияқты дөңгелек түптігі бар арба үстіне орналастырылады да, үнемі аппақ болып жарқырап тұруы үшін жүнге ақ, ақ топырақ, сүйек үгіндісін қосып басқан киізбен қапталады екен. Осындай үйі арбаға 22 өгіз жегілген».

Гульям де Рубрук, саяхатшы



«Киіз үй көшпелі өмір салттың негізгі алышарттарының бірі болғандықтан, ұдайы жетіліп, ұдайы шыңдалып, ұдайы сәулеттеніп отырды. Бұл ретте, киіз үйді көшпелілердің ғасырлар бойғы өмірлік тәжірибесінің, ой өрісінің, талам-танымның және шеберлік-шалымның ең жарқын айғағы деуге болады».

А. Сейдімбек, ғалым, зерттеуші



«Қазақтың киіз үйі құрылымдық жағынан осы уақытқа дейін көшпелі халықтардың бірде-біреуі асып түсе алмаған, жылжымалы баспананың ең жетілдірілген түрі болып табылады».

С. Руденко, ғалым, зерттеуші



«Дөңгелекті құрылғыны олар «арба» деп атайды. Көп дөңгелекті арбаның үстіне тұрғызып, оны бір-біріне қабыспен байластырылған ағаштардан құрастырылған күмбез сияқты қаңқа».

Ибн Баттута, саяхатшы

Ойланыңдар

Әлемнің мәдени жетістіктеріндегі көшпелілер баспанасының алар орны қандай?

2.4. ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- салт-дәстүрлер туралы білеміз.

салт-дәстүр
Наурыз мерекесі

Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?

Ойланыңдар

Бүгінгі күнге дейін жеткен салт-дәстүрлер қалай пайда болды?

КӨШПЕЛІЛЕР ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАҒАН?

Жаңа жыл – «Наурыз» ежелден бері тойланып келе жатқан дәстүрлі мерекелердің бірі. Ғалымдардың пікірінше, ол осыдан 3000 жылдай бұрын пайда болған. Наурыз – күн мен түннің теңелген кезі. «Наурыз» – ежелгі парсы сөзі, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Көшпелілер **Наурыз мерекесі** тойланатын күнді «Ұлыстың ұлы күні» деп атаған. «Ұлыстың ұлы күні алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деп бір-біріне деген ең ауыр реніштерін де кешірген. Бұл бірліктің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі болып саналады. Наурыз күні халық бір-бірін құттықтап, мерекелі дастарқанын мол жайған. Күні бойы ойын-сауықтар өткізіліп, ән-күймен жалғасқан.

Себебін табыңдар

Неліктен көшпелілер жаңа жылды көктемде тойлаған?

Бұл қызықты

Бұл күнді Орталық Азияны мекендеген көптеген халықтар «Самарқанның көк тасы жібiген күн» деп дәріптейдi. Бұл мейрам Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Иран, Пәкстан, Ауғанстан және т.б. елдерде кеңiнен тойланады.



1-сурет. Наурыз мерекесі

НЕЛІКТЕН КӨШПЕЛІЛЕР ОТ ПЕН КҮНГЕ ТАБЫНҒАН?

Ежелгі парсы және антикалық жазбаларда көшпелілердің күнге табынғаны туралы жазылған. Отқа табыну да күнге қатысты наным-сеніммен тікелей байланысты. Көшпелілер оттың тазарту қасиетіне ерекше сенді. Отпен аластау ғұрпы қыстаудан жайлауға көшкен кезде орындалған. Көшпелілерде обаларды айналдыра от жағу ғұрпы да кездеседі.

Көшпелілер көш кезінде лаулап жанған екі оттың арасынан өтіп, «алас-алас, әр пәледен алас» деп аластаған. Отпен аластау кейінгі дәуірлерге дейін сақталған.



2-сурет. Аластау рәсімі

Жас келін табалдырықты алғаш аттағанда отқа май құю дәстүрі жасалады. Сонымен қатар нәрестені бесікке саларда бесікті отпен аластайды.



3-сурет. Аластау рәсімі

Пікірлеріңді білдіріңдер

Сендердің отбасыларыңда салт-дәстүрлер қалай сақталуда? Олардың маңызы неде? Сұрақтардың аясында шағын әңгіме құрастырыңдар.

Әр халық өзінің мәдениеті, дүниетанымы және тұрмыс-тіршілігімен ерекшеленеді. Олардың негізінде **салт-дәстүрлер** қалыптасып, ғасырлар бойы жалғасқан.

2.4. ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- көшпелілер салт-дәстүрінің маңызын түсінеміз.

көкпар
саятшылық

Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?

Анықтаңдар

Көшпелілер ата-баба рухын қалай дәріптеді?

Бұл қызықты

Ерте көшпелілердің дүниетанымында о дүниеге сену орын алған. Олардың обаларынан сынған заттар жиі кездеседі. Қаруларды, айналарды сындыру арқылы заттардың жанын босатып, қайтыс болған адамның жанымен бірге о дүниеге жіберуге тырысқан. Бұл «заттың жаны бар» деген ұғымнан туындаған.

Көшпелілер қайтыс болған адамның аруағын ерекше құрметтеген. Олар ел қорғауға аттанған кезде, жекпе-жекке шыққанда ата-бабалар аруақтарына сыйынып, қолдау сұраған. Көшпелілер о дүниенің бар екендігіне, онда адамның жаны өмір сүретініне сенген. Бұны археологиялық қазба жұмыстары кезінде анықталған жерлеу рәсімдері де растайды. Ата-бабалардың аруақтарына сыйыну кейінгі қазақтар арасында да орын алды. Оны ас беру дәстүрінен аңғаруға болады. Ас беру – қайтыс болған адамды еске алу рәсімі. Асқа қайтыс болған адамның аруағына құрмет көрсету мақсатында жұрт жиналатын. «Аруақ риза болмай, тірі байымайды» деген ұстаным ас беру дәстүрінің басты идеясы болып табылады.



КӨКПАР ОЙЫНЫ

Көшпелілердің бүкіл тұрмыс-тіршілігі жылқымен байланысты болғандықтан, оларда ат үстіндегі ойындар кең таралған. Солардың бірі – **көкпар**. Ішсе азық, кесе киім, мінсе көлік болған үй малына бөрі (қасқыр) үнемі қауіп төндірген. Мал баққан көшпелі халықтар бөріні соғып алып, оны ат үстінде жүріп, бір-бірінен ала қашып, ойын-сауық құрған. Міне, осылай «көк бөрі» деген ойын пайда болып, уақыт өте келе «көкпар» деп аталып кеткен. Бертін келе бөрінің орнына серкені пайдаланды. Сөйтіп, уақыт өте келе көкпар көшпелілердің дәстүрлі ойын түріне айналды. Белгілі адамдардың асы мен жиын-тойларда көкпар тартылды. Көкпар ер адамдардың бойындағы күш-қуатын, ептілігін, батылдығын сынаған.

САЯТШЫЛЫҚ

Саятшылық – жыртқыш құстарды қолға үйретіп, аңға салу өнері. Жыртқыш құспен аңға шығатын адамды *құсбегі* деп атайды. Құсбегі бүркіт, сұңқар, қаршыға, ителгі құстарын баптаған. Аңшы құсын қасқыр, түлкі, қоян сияқты аңдарға, қаз, үйрек, қырғауыл және т.б. құстарға салған. Олар құс салу арқылы халықты етпен және аң терілерімен қамтамасыз етті. Құсбегілер ел ішінде сый мен құрметке бөленген. Көшпелілер үшін бастапқы кезде саятшылық күнкөріс пен кәсіп көзі болса, бертін келе дәстүрге айналған.

Ойланыңдар

Қалай ойлайсыңдар, көкпар ойыны салт-дәстүрге қалай айналған?



1-сурет. Көкпар

Талқылаңдар

Саятшылық кәсіп пе, өлде өнер ме?



2-сурет. Қолында жыртқыш құсы бар құсбегі

СЕНДЕР НЕ БІЛДІҢДЕР?**Бұл тарауда сендер:**

- Қазақстанда б.з.д. I мыңжылдықта шаруашылықта күрделі өзгерістердің болғанын білдіңдер;
- қола және темір дәуірінің еңбек құралдары мен қару-жарақтарын салыстырып, темірден жасалған құрал-саймандардың артықшылығын түсіндіңдер;
- ерте темір дәуірінде табиғи-географиялық өзгерістерге байланысты көшпелі шаруашылықтың пайда болғанын түсіндіңдер;
- ерте темір дәуірінде көшпелі мал шаруашылығы негізгі шаруашылық түрі болғанын анықтадыңдар;
- көшпелілерде негізгі шаруашылық түріне байланысты жылжымалы тұрғын үй – киіз үйдің пайда болғанын білдіңдер;
- шетелдік саяхатшылар мен ғалым зертеушілердің киіз үй туралы жазғандарымен танысып, әлемдік мәдени жетістіктердегі көшпелілер баспанасының алар орнын анықтадыңдар;
- көшпелілердің күні бүгінге дейін жеткен салт-дәстүрлерінің маңызын түсіндіңдер.

Өздеріңді тексеріңдер

Тарау бойынша алған білімдеріңді пайдаланып, ерте темір дәуірінде орын алған өзгерістерді анықтаңдар. Өзгерістердің ішінен ең елеулі деген біреуін таңдаңдар. Өз таңдауларыңды түсіндіріп, негіздеңдер.



3

САҚТАР



Сендер осы тарауда ерте темір дәуірі кезеңінде өмір сүрген сақ тайпаларымен танысып, өткен тарихтағы қызықты оқиғалардың куәсі боласыңдар. Ежелгі Қазақстан аумағында өмір сүрген сақ тайпаларының өздеріне ғана тән ерекше, бірегей мәдениеті туралы білесіңдер.

Есік, Шілікті, Бесшатыр, Берел археологиялық ескерткіштері мен олардан табылған олжалар сақтардың өнері мен дүниетанымы туралы құнды мәлімет береді. Тарауда қарастырылатын Есік обасынан табылған «Алтын адам» жәдігері сақтардың мәдени жетістігінің жоғарғы үлгісі болып табылады.

Сақтардың өмірі, тұрмыс-тіршілігі, көрші елдермен қарым-қатынасы мен әскери өнері туралы грек, рим, парсы авторлары қалдырған деректер аса құнды. Сақтардың Кир мен Дарий, Александр Македонский жорықтарына қарсы тұрып, елінің тәуелсіздігі үшін күресу жолы маңызды тарихи оқиғалар қатарына жатады. Оған қоса бұл тарауда сақтардың саяси тарихында ерекше орынға ие болған Томирис патшайымға қатысты қызықты мәліметтер келтірілген.

Ойланып көрейік

- Неліктен грек, рим, парсы деректерінде сақтар туралы мәліметтер кездеседі?
- Сақтардың мәдениеті мен дүниетанымы туралы археологиялық ескерткіштер қандай ақпарат береді?
- Сақтар өз жерінің біртұтастығын қалай сақтап қалды?

3.1. САҚТАР ТУРАЛЫ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- сақ тайпаларына қатысты дереккөздер туралы білеміз.

дереккөз

Зерттеу сұрағы: Қандай дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?

Ойланыңдар

Бейнеленген жазу үзіндісі қашан жазылған деп ойлайсыңдар?



1-сурет. Геродоттың «Тарих» атты еңбегінің фрагменті

САҚТАР ТУРАЛЫ ҚАНДАЙ ДЕРЕККӨЗДЕР БАР?

Б.з.д. I мыңжылдықта қазіргі Қазақстан аумағында тарихта «сақ» атауымен белгілі болған тайпалар өмір сүрген. Сақ тайпалары туралы **дереккөздер** археологиялық (заттық) және жазбаша деректер болып бөлінеді. Ежелгі жазба дереккөздеріндегі сақтарға қатысты мәліметтер, негізінен, ежелгі парсы сына жазбалары және грек авторларының еңбектерінде кездеседі. Себебі сақ тайпаларының парсы және грек мемлекеттерімен байланысы болған және олар сол кездегі саяси оқиғаларда елеулі рөл атқарған.

Анықтаңдар


Ежелгі тарихшылар сақтарды қалай сипаттаған?



2-сурет. Сақ жауынгерлері. Суретші А. Дүзелханов

Ежелгі грек және рим авторлары – Арриан, Полиен, Диодор, Плиний, Ктесий, Помпей Трог, Птолемей, Страбон сақтар туралы мәліметтер қалдырған. Грек деректерінің ішінде б.з.д. V ғасырда жазылған Геродоттың «Тарих» атты еңбегі ерекше құнды мәліметтер береді. Геродот сақтардың массагет атты тайпасы туралы мәліметтер қалдырса, басқа грек авторлары дай, аргиппейлер, аримаспылар және т.б. туралы да деректер келтіреді. Грек авторлары сақтарды «дұшпанға қатал, досқа адал» болған деп суреттейді. Ктесий: «сақ әйелдері ержүрек, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмек көрсетіп, ұрысқа араласады», – деп жазады. Сонымен қатар грек тарихшылары сақтарға «олар әлемдегі ең әділ, ең шыншыл халық» деп баға берген. Геродот пен басқа да тарихшылар сақ тайпаларын «Азия скифтері» деп атаған.

Тұлғаны таныңдар



Геродот (б.з.д. 484 – б.з.д. 425 жж.) – ежелгі грек тарихшысы, «Тарих» атты еңбектің авторы. Бұл тарихи еңбекте грек-парсы соғысы мен сақ тайпаларының тарихы туралы құнды мәліметтер жазылған. Римнің атақты шешені Цицерон Геродотты «Тарих атасы» деп атаған. Геродот еңбегі көне дәуір елдері туралы баға жетпес тарихи жылнамалар жинағы болып саналады.

Баға беріңдер

Грек авторлары қалдырған деректер сақтар туралы қандай құнды мәліметтер береді?

3.1. САҚТАР ТУРАЛЫ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- грек авторларының еңбектерімен танысамыз.

дайлар
массажеттер

Зерттеу сұрағы: Қандай дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?

Ойланыңдар

Не себепті грек авторлары сақтар туралы жазды?



ГЕРОДОТТЫҢ «ТАРИХ» АТТЫ ЕҢБЕГІНЕН ҮЗІНДІ

«Олар жаяу және ат үстінде де соғыса алады. Найза, қылышпен қаруланады, садақты жақсы атады. Жауынгерлерінің бәрі мерген. Найзаның ұшын, жебе, қылышты және аттың сауытын мыстан жасайды. Баскиімдерін, белдіктерін, аттың ер-тұрмандарын алтынмен ашекейлейді. Алтын мен мыс өте көп. Олар егін екпейді. Үй малдарын өсіріп, балық аулайды. Сүт ішеді. Күнге табынып, оған жылқыны құрбандыққа шалады».



1-сурет. Геродоттың «Тарих» кітабынан алынған (алғашқы латын аудармасы, XV ғ. II жартысы)

СТРАБОННЫҢ «ГЕОГРАФИЯСЫНАН» ҮЗІНДІ

«Каспий теңізінен бастап сақтардың басым бөлігін **дайлар** деп атайды. Ал олардан шығыс жақта **массагеттер** тайпалары қоныстанған. Олардың ортақ аты сақтар, бірақ әр тайпаның өз аты бар. Жалпы алғанда, олар көшпелі халық болып табылады. Массагеттер Кирге қарсы соғыста өздерінің ержүректілігін көрсетті. Күнге Құдай ретінде сеніп, оған жылқыны құрбандыққа шалады. Олар – атқа мінудің шебері. Жауынгерлері садақ, қылыш және қола балтамен қаруланып, сауыт киеді. Шайқас кезінде алтын белдік тағады. Аттың ауыздығы мен ер-тұрмандарын алтыннан жасайды. Елдерінде алтын, мыс көп. Егіншілікпен айналыспайды, мал өсіріп, балық аулайды».



2-сурет. Страбонның латын аудармасындағы «География» кітабы. 1620 жылғы басылым

Зерттеп көріңдер

Деректер сақтар өмірі туралы бізге қандай ақпарат береді? Дереккөздердегі ақпаратты талдай отырып, сақтардың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы туралы әңгіме құрастырыңдар.

Тұлғаны таныңдар



Страбон (б.з.д. 64 – б.з. 24 жж. шамасында) – ежелгі грек географы, тарихшысы, атақты «География» еңбегінің авторы. Оның еңбегінде Кавказ бен Орталық Азиядағы ежелгі халықтар мен тайпалар туралы көптеген құнды мәліметтер келтірілген.

3.1. САҚТАР ТУРАЛЫ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР (3-сабақ)

**тиграхда
парадарайа
хаумаеварга**

Бұл сабақта біз:

- ежелгі парсы сына жазбаларымен танысамыз.

Зерттеу сұрағы: Қандай дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?

Деректермен танысыңдар

Сақтар туралы ақпарат қандай парсы сына жазбаларында кездеседі?

Анықтаңдар

Ғалымдар парсы сына жазбалары және антик авторларының мәліметтері негізінде сақтардың мекендеген аумағы туралы қандай болжам жасайды?

Парсы патшалары I Дарий мен Ксеркстің бұйрығымен жазылған деректер өте маңызды. Бұл деректер Қазақстанда тұрған ежелгі тайпалар туралы құнды мәліметтерге толы. Көне парсы жазба деректеріне Персеполь, Накши-Рустем жазбалары, «Бехистун» жазулары жатады. Оларда сол кезеңде Қазақстан аумағын мекендеген тайпалардың бәріне ортақ атау ретінде «сака» (сақ) сөзі жиі айтылады. Көне парсы деректерінде «сақ» сөзінің мағынасы «құдіретті ерлер» деп түсіндіріледі. Ал парсылардың қасиетті Авеста кітабында сақтарды «жүйрік атты турлар» деп атаған.

Ежелгі парсы сына жазбаларында сақтардың саяси тарихы, қоныстанған жері, тұрмыс-тіршілігі туралы мәліметтер бар.



1-сурет. Ежелгі парсы сына жазбалары


САҚТАР ҚАЙДА МЕКЕНДЕГЕН?

Қазіргі ғалымдар парсы және грек деректерінің негізінде сақ тайпаларының аттары мен олардың қоныстанған жерлері (2-сурет) туралы болжам жасайды. Осыған сәйкес сақтардың бір тайпасы Жетісу өңірінде қоныстанған. Оларды парсылар шошақ бөрік киетін **тиграхауда** сақтары деп атаған. Екінші бір тайпасы Арал маңында мекендеген. Деректерде оларды теңіздің арғы жағындағы **парадарайа** сақтары деген. Ал **хаумаварга** сақтары олардан оңтүстікке қарай өмір сүрген. Олардың атауы хаум сусынын дайындағанына байланысты деген жорамал бар.

Грек авторларының еңбектерінде парсы деректерінде кездеспейтін сақ тайпалары да аталады. Олар: массагеттер, аргиппейлер, аримаспылар, исседондар, сарматтар.

Ойланыңдар

Ежелгі грек-рим авторлары және парсы жазбаларының маңызы неде?



2-сурет. Тайпалардың мекендеген аумақтары

3.2. «АЛТЫН АДАМ» АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОЛЖАСЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Есік обасының археологиялық олжаларымен танысамыз;
- археологиялық ескерткіштің неліктен «Алтын адам» деп аталатынын түсіндіреміз.

«Алтын адам»
ескерткіш

Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған «Алтын адам» кім болды?

Анықтаңдар

Есік обасынан табылған «Алтын адам» ескерткіші археологтарға қандай ақпараттар бере алады?

Археологтан сұхбат алыңдар

Төменде берілген археолог Кемел Ақышевтың естелігін оқыңдар. Егер сендер археологпен кездесе қалсаңдар, оған қандай сұрақтар қояр едіңдер?



Археолог
К.А. Ақышев

Ежелгі заман тарихына қатысты Қазақстан жерінен табылған бірегей ескерткіштер сақ обаларын қазу кезінде табылған. 1969 жылы К.А. Ақышевтің жетекшелігімен археологтар Есік обасынан «Алтын адамды» тапты. Ғалымдар жерленген адам 17–18 жастағы ханзада екенін анықтады. Ескерткіш б.з.д. IV–III ғасырларға жатады. Обадан 4 мыңнан астам алтын әшекей бұйымдар табылды. Олар: алтын киім-кешек, жүзік, алқа, белбеу және қару-жарақ. Күміс тостаған мен қыш ыдыстар, қола айна, қызыл бояуы бар сөмке бірге жерленген. Ұзын семсері, қанжар-ақинақтары алтынмен безендірілген.

«Біз үлкен үйіндіні қазуға кірістік. Оның ортаңғы бөлігіне келгенімізде, мұндағы қабірдің тоналғаны белгілі болды... алғашқы тоналған бөлік жанындағы 10 метр қиыс тұстан керемет ағаш қабырға шыға келді. Бұзылмаған бөренелі бөлме. «Құдай берді!» – дедік ішімізден. Сөйттік те оны топырақтан аршы бастадық. Төбесін ашып қарағанымызда не көрдік дейсіз ғой?! Шегенделген табыт. Ал ішінде адам сүйегі, оның ұзына бойына айнала қоршап жарқ-жүрқ еткен мыңдаған алтын әшекейлер көзге шалынды. Ғаламат, ғажап көрініс еді!»

К.А. Ақышев естелігінен

Елімізде тұңғыш «Алтын адам» археологиялық ескерткішінің табылуы өзге обалардың ашылуына бастама болды. Алтын киімді адамдар Қазақстанның барлық аймағынан табылды. Олар баға жетпес құнды археологиялық **ескерткіштер** болып табылады.

Тапсырмалардың біреуін таңдап, орындаңдар

1. Есік обасынан табылған заттардың тізімін жасаңдар.
2. «Алтын адам» ескерткіші сақтар өмірі туралы не айтады?» деген сұрақ төңірегінде 5-6 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастырыңдар.
3. «Алтын адам» археологиялық жәдігерінің ашылуының маңызы зор» деген тұжырымды қолдайтын үш дәйек келтіріңдер.



«Алтын адам» археологиялық олжалары табылған аймақтар

Есік обасынан «Алтын адамның» табылуының маңызы зор. Ол сақ өнері, мәдениеті, жерлеу гүрпы мен дүниетанымы туралы көптеген ақпарат береді.

3.2. «АЛТЫН АДАМ» АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОЛЖАСЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Есік обасынан табылған олжалар сақтардың дүниетанымы туралы қандай ақпарат беретінін анықтаймыз.

«аң стилі»
дүниетанымы

Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған «Алтын адам» кім болды?

Суретті талдаңдар

Суреттерден қандай аңдарды көріп тұрсындар? Шебер аңдарды қалай бейнелеген? Қандай қорытындылар шығара аласыңдар?



1-сурет. Есік обасынан табылған әшекей бұйымдар

Сақ шебері арқар мен бұғы, марал мен барыс бейнелерін жасап, оларды қимыл үстінде көрсете алды. Аңдардың бұлшық еттерін, бұйраланған құйрық-жалын, буындарын шеберлікпен бейнеледі. Сонымен қатар аңдардың бейнесін өте кішкентай көлемде жасай алды. «Алтын адам» бешпетінің жеңі мен жағасындағы барыстың бейнесі біркелкі дәлдікпен жабыстырылған. Әшекейлеу мен безендіруде аңдарды бейнелеу өнері «аң стилі» деп аталады.

Ойланыңдар

Сақтар әшекейлеу үшін неге аңдардың бейнесін қолданды?

Сақтар ру-тайпалардың шығу тегін түрлі аңдармен байланыстырды. Сақтардың **дүниетанымы** қоршаған ортаны, жаратылысты танып-білуге ұмтылуынан қалыптасты. Сақтардың түсінігі бойынша, аңдар олардың қорғаушысы, жанындағы бойтұмары ретінде болды. Күш-қуат береді, түрлі қауіп-қатерден қорғайды деген сеніммен қаруларын, ат әбзелдерін, қолданған заттарын, киім-кешектерін аңдардың бейнелерімен әшекейлеген.

ҒАЖАЙЫП БАС КИІМ

«Алтын адамның» баскиімінде бейнеленген құстар – *аспан әлемі*, тау мен жануарлар – *жер әлемі*, ешкі мен ағаш тамыры – *жерасты әлемі* деген ұғымды білдіреді. Баскиімнің ұшындағы алтын арқар тылсым күштен қорғаушы болса, төрт жебе дүниенің төрт бұрышындағы патша билігін ұлықтайды. Таутеке мүйізді қанатты тұлпарлар бейнесіндегі пластиналар күнге табынушылықты білдіреді. Сақтардың түсініктері бойынша, алтын – Күннің түсі. Осылайша олар патшаларын ерекше дәріптеп, Күн тәріздес құдай дәрежесіне теңеген.



2-сурет. Алтын адамның баскиімі



3-сурет. Күміс тостаған

Анықтаңдар

Есік қорғанынан табылған олжалар сақтардың дүниетанымын қалай сипаттайды?

Суреттердің негізінде «Алтын адам» туралы әңгіме құрастырыңдар.

Бұл қызықты

Есік обасынан табылған күміс тостағандағы 26 таңба сақтарда жазу болғанын айғақтайды. Ғалым А. Аманжолов тостағандағы жазуды: «Аға, саған ошақ! Жат адам тізеңді бүк! Ұрпағымызда ас-су мол болмай! – деп аударды. Әзірбайжан ғалымы Заур Гасанов: «Дүниенің төрт бұрышынан Сыңлы тайпасы жырлайды. Үш жүз жақтаушы ант-су ішеді», – деп аударған. Есік жазба ескерткішіне қатысты ғалымдар арасында әзірше ортақ пікір жоқ.

3.3. ШІЛІКТІ ЖӘНЕ БЕСШАТЫР ПАТША ҚОРҒАНДАРЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- археологиялық ескерткіштер арқылы қоғамдағы жіктелуді сипаттаймыз;
- сақтар неге патшаларға алып қорғандар тұрғызғанын білеміз.

әлеуметтік теңсіздік

Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр «патша қорғандары» деп аталады?

Суретпен жұмыс

1-суретке мұқият қараңдар. Суретте не бейнеленген? Қорған құрылысының ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар? Қорғандарда кімдер жерленуі мүмкін?

Ғалымдардың зерттеулері сақтардың қорған үйінділерінің әртүрлілігін көрсетеді. Олар үлкен, орташа және кіші болып бөлінеді. Алып және орта қорғандардағы үйінділердің биіктігі 6–20 метр аралығында. Үлкен және орташа обалардың жерлеу орнының құрылысы бөренелерден тұрғызылған. Кіші обалардағы мәйіттер жерден қазылған шұңқыр мен тас жәшіктерге жерленген. Жерлеу гүрпының сән-салтанатты және қарапайым болып бөлінуі қоғамдағы **әлеуметтік теңсіздікті** көрсетеді.



1-сурет. Бесшатыр қорған құрылысы

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР САҚ ҚОҒАМЫ ТУРАЛЫ ҚАНДАЙ АҚПАРАТ БЕРЕДІ?

Сақтарда ерте темір дәуірінде мүлік теңсіздігі орнағанын археологиялық қазба деректер дәлелдейді. Білік пен байлық көбінесе тайпа көсемдері, ақсүйектер қолдарында шоғырланды. Жауынгерлер, абыздар, малшылар мен егіншілер қоғамның негізгі үш тобын құрады. Ал сақ патшалары құдіретті билеушілер болып саналды. Сақ қоғамында Күн бейнесіндегі патшаға табынушылық орын алды. Дүниеден өткен патшаларды жерлеген кезде алып обалар тұрғызылған. Мысалы, Ктесий: «Патшайым Заринаның мәйітінің үстіне алып пирамида тұрғызып, оның үстіне алтын мүсін орнатты», – деп жазды.



2-сурет. Сақ көсемі

Жасап көріңдер

Алып қорғанның макетін дайындап көріңдер.



3-сурет. Алып қорған құрылысы

3.3. ШІЛІКТІ ЖӘНЕ БЕСШАТЫР ПАТША ҚОРҒАНДАРЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Шілікті, бесшатыр қорғандарын сипаттаймыз;
- археологиялық ескерткіштерді салыстырамыз;
- Шілікті мен бесшатыр «патша қорғандары» екендігіне дәлелдер келтіреміз.

қорған

Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр «патша қорғандары» деп аталады?

Құрылысты сипаттаңдар

Үлкен Бесшатыр қорғанының биіктігі – 17 метр, бұл 7-8 қабатты үйдің биіктігіндей. **Қорған** деп ежелгі қабірлер үстіндегі тас немесе топырақ үйінділерін айтамыз. Суретке қарап, Бесшатыр қорғанының құрылысын сипаттаңдар. Осындай құрылымды тұрғызуға қандай материалдар жұмсалған? Қанша жұмысшы күші қажет деп ойлайсыңдар?



1-сурет. Бесшатыр қорғаны

БЕСШАТЫР ҚОРҒАНЫ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

Бесшатыр қорымы Жетісуда, Іле өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Қорым 31 обадан тұрады. Бесшатыр – «патша қорғаны» құрылысының қандай болатынын көрсететін, жақсы сақталған ескерткіштердің бірі. Осындай обаларда даңқты адамдар жерленген. Жерлеу орны – лақат ағаштан құрастырылған күрделі құрылыс. Құрылысқа қажетті бөренелер 200–250 шақырым жердегі Іле Алатауы сілемдерінен салмен жеткізілген. Барлық бөренелер жақсы өңделіп, теп-тегіс етіп жонылған. Пышақ, қашау іздері сақталған. Обадағы жерасты дромос (дәліз) жолының қабырғалары тастан қаланған. Алып үйіндінің жан-жағы меңгір тастармен қоршалған. Мыңдаған ірі тастар 3 шақырым жердегі таудан тасып әкелінген.

ШІЛІКТІ ҚОРҒАНЫ

2003 жылдан бастап профессор Ә. Төлеубаев бастаған ғалымдар тобы Шығыс Қазақстанда орналасқан Шілікті жа-

зығында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Ондағы обалар саны – 51. Көлемі жағынан ең ірісі – Бәйгетөбе қорғаны. Ол б.з.д. VIII ғасырға жатады. Обаның диаметрі – 100 метр, биіктігі 8 метрге жетеді, яғни 3–4 қабатты үйдің биіктігіндей. Оның құрылысы күрделі, ол үш қабатты үйіндіден тұрады. Ағаш бөренелерден лақат және жерасты дромос жолы жасалған. Осындай алып құрылыс ішінде киімі алтыннан құйылған қаптырма, әшекей түймешектермен безендірілген ер адам жерленген. Жалпы, осы қорғанда 4303 алтын бұйым табылған. Оның көпшілігі аң стилінде жасалған. «Шілікті алтын адамы» құнды археологиялық жәдігер ретінде танылған (2-сурет).



2-сурет. Шілікті алтын адамы

Екі қорғанды салыстырыңдар

Кестеде берілген критерийлер негізінде Бесшатыр және Шілікті қорғандарын салыстырыңдар. Берілген кестені дәптерге сызып алып толтырыңдар.

	Шілікті	Бесшатыр
Орналасқан жері		
Құрылыс көлемі		
Обалар саны		
Табылған олжалар		

Қорытындылаңдар

«Бесшатыр, Шілікті қорғандары «патша қорғандары» болған» деген тұжырымға дәйектер келтіріңдер.

Бұл қызықты

Шілікті қорғанынан патша билігінің белгісі болып саналатын алтын бесжұлдыз бейнесіндегі қапсырма табылды. Естеріңе түсіріңдер, Қазақстан елтаңбасындағы бесжұлдыз негіз білдіреді?



3-сурет. Бесжұлдыз бейнесіндегі қапсырма

3.4. БЕРЕЛ ҚОРҒАНДАРЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Берел археологиялық ескерткішінің құрылысымен танысамыз.

**сархофаг
бальзамдау
мәңгі тоқ қабаты**

Зерттеу сұрағы: Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?

Археолог ғалым З. Самашев: «Берел қойнауы құпияға толы», – деп айтады. Сендер Берел туралы не білесіңдер?



1-сурет. Берел қорымы

Берел қорымы Алтай тауының қойнауында, Шығыс Қазақстандағы Катонқарағай ауданында орналасқан. Бұл жерден табылған археологиялық ескерткіштер б.з.д. V-IV ғасырлар аралығына жатады. Қорымда отыздан аса ірі оба бар. Осы жердегі №11 оба ғылым үшін аса маңызды ақпараттар көзі болып табылады. Оны 1998–1999 жылдары З. Самашев бастаған қазақстандық және шетелдік ғалымдардан құрылған экспедиция зерттеді. Есік, Бесшатыр обаларынан Берелдің ерекшелігі лақат қа- бір жер бетінен барынша тереңдетіліп қазылған. Обада биік топырақ үйіндісі жоқ. Сыртқы аласа үйіндіге тек тастарды қолданған. Аталған обада екі адаммен бірге он үш жылқы көмілген.



2-сурет. Берел. 3. Самашевтың реконструкциясы.
Суретін салған Қ. Ахметжанов

Суретпен жұмыс

Берел қорымының ерекшеліктерін атаңдар. Сендерде қандай сұрақ туындайды?

МӘҢГІ ТОҢ ҚАБАТЫ

Салтанатты жерлеу гүрпына қарап, археологтар жерленген адамды «жоғарғы билік иесі – көсем немесе патша болуы мүмкін» деген болжам айтады. Антрополог ғалымдар оның жасы 30–35 шамасындағы ер адам деп анықтады (3-сурет).

Мәйіт қима ағашты табыт – **саркофагқа** жерленген. Оба асты суық **мәңгі тоң қабатынан** тұрады. Сол себепті мәйіттің киімі, ат әбзелдері, ер-тоқым, маталар, ағаш ыдыстар, тері мен киіз бұйымдары жақсы күйінде сақталған. Бұл ғалымдарға 2500 жыл бұрынғы адамдар өмірін білу үшін мол ақпарат берді. Ғалымдар берелдіктер тоң қабатының қалыптасу жағдайын есептей білген деп болжайды. Олардың тоң қабатын сақтау үшін арнайы тас құрылыстарын қалау тәжірибелері болған. Сонымен қатар берелдіктер мәйіттерді ұзақ сақтау үшін **бальзамдаудың** құпия әдістерін қолданған тәрізді. Олар жылқылардың денесін шірімес үшін қайыңның тоз қабығымен жапқан.



3-сурет. Берел адамы.
Реконструкция

Ойланыңдар

Неліктен берелдіктер мәйіттер мен жылқылардың денесін ұзақ сақтап қалғысы келді?

3.4. БЕРЕЛ ҚОРҒАНДАРЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- берел қорымынан табылған олжалар арқылы сақтардың қолданбалы өнері мен дүниетанымын сипаттаймыз.

грифон

Зерттеу сұрағы: Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?

Ойланыңдар

Суреттен нені көріп тұрсыңдар? Қандай аң екенін болжап көріңдер. Осындай бейнелерді сақтар неліктен жасады деп ойлайсыңдар?



1-сурет. Грифон мүсіні

Берел обасынан табылған бұйым – балқарагайдан ойып жасалған өнер туындысы. Ол – құс басты, жыртқыш денелі, қос мүйізді, қос қанатты **грифон** мүсіні. Бір қызығы, көне грек жазбаларында сақтарды «алтын қорыған грифтер» деп атаған. Табылған жәдігер жерленген адамның үлкен билік иесі болғанын айғақтайды.

Сақтар әсем безендірілген жылқылар патшаға о дүниеге аттануға көмектеседі деп есептеді. Берел жылқыларының бастарында таутеке мүйізді ғажайып қырандар бейнесіндегі маскалар табылды. Сақтар жүйрік жылқылар көсемді ата-бабалар аруағы мекен еткен әлемнің ең жоғарғы қабаты – көк аспанға салтанатты түрде жеткізеді деп сенді.

Анықтаңдар

1. Берел қорымынан табылған жылқылар неліктен ерекше әсемделген?
2. Неге адамдар жылқылармен бірге жерленген?



2-сурет. Берел қорымынан табылған жылқы. Реконструкция

Геродот сақтардың Күнге табынатынын және оған арнап құрбандыққа жылқы шалатынын жазады. Құрбандықтың мәні: «Құдайлардың жүйрігі – Күнге, жануарлардың жүйрігі – жылқы лайық» дегенге келеді.

Дәлелдеңдер

Геродот мәліметтерін археологиялық қазба деректері қалай растайды?

2500 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ САҚ ӨНЕРІ ҚАНДАЙ БОЛҒАН?

Берел қорымының ескерткіштері сақтардың өнері туралы мол ақпарат береді. Ол жерден табылған ер-тоқымда арыстан денелі, құс түмсықты грифон аңды талап жатқан сюжеттік композиция бейнеленген.

Мүйізді маска киген қанатты жылқының бейнесі бар ер-тоқым аппликациясы сақтарда бізбен кестелеу ісінің дамығанын көрсетеді.

Ат әбзелдерін өрнектеуде қолданылған түрлі аң бейнелерін сақтар жұқа ақ алтынмен қаптаған. Ғалымдар қазіргі қолданыстағы ақ алтындарды сақтар 2500 жыл бұрын өндіре алған дейді.

Сақтардың жасаған құмыралары қоңыр минералды бояумен салынған көркем суреттерімен көз тартады.

Берел және т.б. қорымдардан табылған ескерткіштер халқымыздың баға жетпес мәдени мұрасы болып табылады. Олар ерте темір дәуірі сақтарының өмірінің әр саласын: шаруашылығы, тұрмысы, қоғамдық құрылысы, дүниетанымын сипаттайды.



3-сурет. Мысық тектес аң бейнеленген әшекей



4-сурет. Қанатын жайған самұрық бейнесіндегі әшекей

Тұжырымдаңдар

Сақтар өнерінің екі ерекшелігін анықтап, өз ойларыңды тұжырымдаңдар.

3.5. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- «мұртты» обалар құрылысының ерекшелігін анықтаймыз.

«мұртты» обалар
тізбек

Зерттеу сұрағы: «Мұртты» обалардың ерекшелігі неде?

Тұлғаны таныңдар



М.Қ. Қадырбаев (1932–1982) – көрнекті ғалым археолог, Тасмола мәдениетін алғаш зерттеуші.

Б.з.д. VII–III ғғ. Орталық Қазақстан аумағын мекендеген адамдар ерекше жерлеу құрылыстарын қалдырған. Оларды шартты түрде «мұртты» обалар деп атайды. Адамды жерлеу үшін жасалған сопақша оба құрылыстың негізін құрайды. Оның шығыс жағынан, әдетте, кіші оба салынатын болған. Мұнда жылқы көмілген. Обалар үлкен, кіші қорғандардан және шығыс бағытта доғаланған тізбек тастардан тұрады. Тас тізбектердің ұзындығы 20 метрден 200 метрге дейін созылған. Тізбектер мұртқа ұқсас болғандықтан, археологиялық ескерткіштерді зерттеуші ғалымдар «мұртты» обалар деп атады. Ең алғашқы ескерткіш Павлодар облысы, Екібастұз ауданы, Тасмола деген жерден табылған соң, археологиялық ескерткіштер кешені *Тасмола мәдениеті* деп аталады.

Ойланыңдар

Неліктен Тасмола мәдениетінің өкілдері доғаланған тас тізбектері бар обаларды салған?



1-сурет. Орталық Қазақстандағы мұртты обалар.
Реконструкция

3.5. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- «мұртты» обаларды зерттеу арқылы сақтардың шаруашылығы мен дүниетанымы туралы білеміз.

**табынушылық
құрбандық шалу**

Зерттеу сұрағы: «Мұртты» обалардың ерекшелігі неде?



1-сурет. Шығыс Қазақстаннан табылған археологиялық алжалар

«МҰРТТЫ» ОБАЛАРДАН НЕ ТАБЫЛДЫ?

Тасмола мәдениетінің археологиялық ескерткіштері сол кездегі тайпаларда темірдің кең қолданыста болғанын көрсетеді. Обалардан жебе ұштары, қанжарлар, белдіктер, айналар, құрбандық ыдыстары табылды. Мұнда әшекей бұйымдарымен қатар жолбарыс, таутеке, бұланның қола және алтын мүсіндері кездеседі. Айналар мен басқа да күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды безендіруде аңдардың таласуы, жыртқыштардың шабуыл жасау көріністері бейнеленген. Тасмолалықтарда ағаштан, былғары мен темірден жасалған ыдыстар кең қолданыста болды. «Мұртты» обаларда қыш қалдықтары аз кездеседі. Зерттеушілер бұның себебін көшпелі өмір салтымен байланыстырады.

Жәдігерлерді топтастырыңдар

«Мұртты» обалардан табылған жәдігерлер үш топқа жіктеледі: қару-жарақтар; ат әбзелдері; ғұрыптық, әшекей, тұрмыстық бұйымдар. 1-суретте қандай бұйымдар көрсетілген? Табылған жәдігерлер аталған топтардың қайсысына жататынын анықтаңдар. Олар сақтардың өмірі туралы қандай ақпарат бере алады?

Себебі көшіп-қонып жүргенде сына қоймайтын және алып жүруге ыңғайлы ыдыс тиімдірек болды.

«МҰРТТЫ» ОБАЛАР НЕ ҮШІН САЛЫНДЫ?

Зерттеушілердің көпшілігі «мұртты» обалар жаратушы мен ата-баба рухына табыну орны болған деп есептейді. Тас тізбектегі оттың, сынған ыдыстың қалдықтары **құрбандық шалу** дәстүрі мен діни наным-сенім белгілерін көрсетеді. Қайтыс болған адамның аяқ жағына көмілген жылқы қаңқасы олардың күнге **табынушылығымен** байланысты. Ал «мұртшалар» күнге апаратын дәліз жол қызметін атқарған. Кейбір обалар ірі көлемді, ал құрылысы күрделі. Демек, тасты тізбектері бар құрылыс кешендерінің салынуына еңбектің көп жұмсалуды мұнда ру-тайпа көсемдерінің жерленгенін айқындайды. Олардың жанында қатардағы тайпаластары жерленген қарапайым обалар да бар. Ол қоғамдағы әлеуметтік айырмашылықты көрсетеді.

Жалпы «мұртты» обалар – ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін жеткен бірегей ескерткіштер. Олар – ежелгі заманда Қазақстан аумағында өзіндік ерекшеліктері бар мәдениет болғандығының айқын дәлелі.

Ойланыңдар

Сендердің ойларыңша «мұртты» обалар сақтардың діни наным-сенімі, дүниетанымы туралы жеткілікті ақпарат береді ме?

Археологтың күнделігі

«Мұртты» обадағы қазба жұмыстары туралы археолог ретінде зерттеу күнделігін жазыңдар.



2-сурет. Мысық тәріздес аңдар бейнеленген ашкекей бұйымдар. Тасмола обасы

3-сурет. Ат әбзелдерінің бөліктері. Тасмола обасы

3.6. САҚ ПАТШАЙЫМЫ ТОМИРИС (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Томирисі ел басқарушы тұлға ретінде танымыз.

патшайым

Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томирисің бейнесі қалай сипатталған?

Ойланыңдар

Сендер Томирис туралы не білесіңдер?



Томирис.
Суретші А. Дүзелханов

Жазбаша деректер б.з.д. VIII-VII ғасырларда қазіргі Қазақстанды мекендеген тайпалар ежелгі мемлекеттер – Ассириямен және Мидиямен, ал б.з.д. VI ғасырдың ортасынан, Ахеменидтер мемлекеті құрылған уақыттан бастап – парсылармен қарым-қатынаста болғанын көрсетеді. Сақтар сол кездегі көптеген тарихи оқиғаларға араласты. Парсы патшасы Кир сақтармен одақ құрып, Лидия билеушісі Крезбен соғысқан кезде олардан көмек алады. Бірақ содан соң Кир сақтарды бағындырмақшы болады. Парсылардың жорығы сақ-массагеттер патшайымы Томирис бастаған сақ әскерінің табанды қарсылығына тап болады.

ТОМИРИС ҚАНДАЙ БОЛҒАН?

Сақтар жастайынан соғыс өнерін жетік меңгерген, садақ атудың қас шеберлері болды. Олардың билеушісі Томирис те бұл өнерді жақсы меңгерген. Ержүрек, ел басқару ісінің қыр-сырларын жақсы игерген Томирис сақтардың арасында үлкен беделге ие болды. Оның есімі сақ даласынан тыс елдерге де кең таралды.

Ежелгі грек тарихшысы Геродот жазбаларында сақ-массагеттер **патшайымы** Томирис туралы мәліметтер кездеседі.

Деректерді талдаңдар

- Деректер не туралы?
- Тарихшылар Томирис патшайымға қандай мінездеме берді?

Парсы патшасы Кир Томириске үйленгісі келген болып, құда түсуге елшілер жібереді. Үйленуді емес, массагеттер патшалығын билеуді көздеп отырғанын түсінген Томирис келісім бермеді. Осыны сылтау еткен Кир массагеттерге қарсы ашық соғысқа шықты, жауынгерлерін шығысқа қарай қапталтты.

Геродот. «Тарих». Б.з.д. V ғасырдың ортасы

«Томирис әйел болса да жауынан қорықпайтын батыл болған».

*Рим тарихшысы
Помпей Трог*

ДАЛА ПАТШАЙЫМЫНЫҢ ҚАРСЫЛАСЫ КІМ БОЛДЫ?

Геродот: «Вавилонды жеңгеннен кейін парсы патшасы Кир массагеттерге соғыс ашып, оларды бағындырмақ болды», – деп жазады. Кир «әлемнің төрт бұрышының билеушісі» және «патшалардың патшасы» атанды. Оның әскері «ешқашан жеңіліп көрмеген» деп мадақталды. Осы кезде Кир Алдыңғы Азияның көптеген елдерін бағындырып, алпауыт империяның негізін қалады. Ол Египет пен Грекияны жаулап алмас бұрын солтүстікте көшіп жүрген көршілері – сақтарды бағындыруды көздеді. Ұлы даланы қоныстанған тайпаларға үлкен қауіп төнді. Осы кезде Томирис патшайым басқарған сақ жауынгерлері қаһармандықтың ғажайып үлгісін көрсетіп, өз отандарын қорғап қалды.

Ойланыңдар

Сол заманның құдіретті билеушілерінің біріне Томирис төтеп бере алар ма еді?

3.6. САҚ ПАТШАЙЫМЫ ТОМИРИС (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- сақ-парсы қатынасын анықтаймыз;
- Томирисінің тәуелсіздікті қорғаудағы ролін сипаттаймыз.

шайқас

Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томирисінің бейнесі қалай сипатталған?

Оқиғаның жалғасын табыңдар

Берілген дерек негізінде оқиғаның жалғасын болжап көріңдер.



1-сурет. Массagetтер патшайымы Томирис



2-сурет. Парсы патшасы Кир

Жұпта өзара пікірлесіңдер

Мәтіндегі оқиға сендерге қандай ой салды? Парсылардың массagetтерді қолға түсірудегі айла-әрекетін қалай бағалайсыңдар?

САҚТАР ПАРСЫЛАРҒА ҚАЛАЙ АЛДАНЫДЫ?

Парсы патшасы Кир б.з.д. 530 жылы массagetтерге қарсы соғыс жорығын бастады. Томирис уәдесінде тұрып, үш күндік жерге шегінеді. Кир массagetтер жеріне шатыр тұрғызып, ішін тағамдарға толтырады. Аздаған жауынгерлерін шатырға қалдырып, негізгі әскерлерін жасырып қояды. Массagetтер парсылардың осы аз, әлсіз әскерлерін жеңіп, тойлап жатқан кезде, парсылардың негізгі күші шабуыл жасап, сақтардың бір бөлігін талқандады.

«Қанішер Кир! Бұл жеңісіңе масаттанба! Сендер парсылар, адал айқаста емес, злымдық арқылы жеңдіңдер. Енді басың аман тұрғанда жерімнен кет, әскерімнің бір бөлігін арсыздықпен қырғаның да жетер. Егер олай етпейтін болсаң, хан жұтқызуға массагеттер пірі Кун құдайының атымен ант етем...».

Геродот, «Тарих», Б.з.д. V ғасыр

Анықтаңдар

Геродот дерегі негізінде Томирисің Кирге жіберген хабарынан мынадай мәселелерді анықтаңдар:

- Томирисің жауға деген өшпенділік сезімі қандай сөздерінен көрінеді?
- Томирис не үшін қатты ашуланды?

Екі әскер арасында шешуші шайқас болды. «Бұл шайқас барлық ұрыстың ішіндегі ең сұрапылы...», – деп жазды Геродот. Шешуші **шайқасқа** сақ әйелдері де қатысты. Массагеттер басым түсіп, парсы әскерлері жеңілді. Кирдің өзі де осы шайқаста қаза табады. Томирис қанға толтырылған торсыққа Кирдің басын салуды бұйырып: «Сен қанға құмартып едің, енді шөлің қансың!», – деп жазылған Геродот дерегінде.

Жасап көріңдер

Сендер өздеріңді Томирис туралы фильмнің жарнамасын жасаушы продюсермін деп елестетіңдер. Томирисің әлемге әйгілі еткен қандай қасиетін фильмнің негізгі идеясы ретінде көрсетер едіңдер?



3-сурет. Сақ патшайымы. Суретші А.Дүзелханов

3.7. ШЫРАҚТЫҢ ЕРЛІГІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- сақ-парсы қарым-қатынасын деректер арқылы анықтаймыз.

**Бехистун
жазбасы**

Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?

Ойланыңдар

Бұл 1-2-суреттер қайда салынған? Адамдар не істеп жатыр? Суреттерге қатысты қандай сұрақтар туындады? Қандай қорытынды жасай аласыңдар?



1-сурет. Бехистун жазбасы



2-сурет. Бехистун жазбасындағы сақ бейнесі

ДЕРЕКТЕРДЕ САҚ-ПАРСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ҚАЛАЙ СИПАТТАЛАДЫ?


Парсы патшасы I Дарий өз жеңістері туралы ақпаратты 50 метрлік биік жартаста жаздырған. Ол **Бехистун жазбасы** деп аталады. Жазбада I Дарий және оның алдында тұтқындалған қарсыластары бейнеленген. Сақ жеріне жорығы туралы мынадай ақпарат келтірілген: «Бастарына шошақ бөрік киетін сақтарды толықтай талқандадым. Олардың көсемін тұтқындап, басқаны көсем қылдым. Сақ елі осыдан кейін маған бағынды». Ал грек тарихшысы Полиэн парсылар сақтардың бір бөлігін бағындырғанын растайды, алайда өз еңбегінде I Дарийдің шөл далада адасып, әрең құтылғаны туралы жазады. Полиэн I Дарийдің сақтарға жорығы сәтсіз аяқталғаны жөнінде жазып қалдырған.

Анықтаңдар

Қай мәлімет шындыққа жақын деп ойлайсыңдар? Полиэн дерегі ме, әлде I Дарий жазғызған Бехистун жазбасы ма? I Дарий сақтарды толық бағындыра алды ма?

Картамен жұмыс

- I Дарийдің «патшалардың патшасы» деп аталу себебін картаға сүйеніп түсіндіріңдер.
- Парсылардың сақтарға қарсы әскери жорығының бағытын анықтаңдар.



3-сурет. Парсылардың жаулап алушылық соғыстары

Парсылар батысы Жерорта теңізі мен Египеттен бастап, шығысы Орталық Азия елдеріне дейінгі жерлерді жаулап алып, ірі патшалық құрды. Парсы патшасы I Дарий шамамен б.з.д. 519–518 жылдары қалың қолмен сақ еліне жорыққа шығады. Ол Кир бағындыра алмаған сақтарды қайткенде жаулап алып, даңқын асқақтатуды ойлаған болатын. Кирді өлтіргені үшін сақтардан кек қайтармақшы болған I Дарий сақтарды өзіне бағындырып, Грекияға қарсы әскери жорыққа қатыстыруды да жоспарлады.

Хат жазыңдар

Парсылардың соғыс жорықтары туралы I Дарийге хат жазыңдар. Патшаға сұрақтар қойып, өздеріңнің пікірлеріңмен бөлісіңдер.

3.7. ШЫРАҚТЫҢ ЕРЛІГІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- сақ батыры Шырақтың ерлігін сипаттаймыз.

ерлік

Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?

Суреттерге қарап, сақ жауынгерлерін қалай сипаттайтын едіңдер?



1-сурет. Атты әскер.
Суретші Қ. Ахметжанов



2-сурет. Жаяу әскер.
Суретші Қ. Ахметжанов

НЕЛІКТЕН ПАРСЫЛАРҒА САҚТАРМЕН СОҒЫСУ ҚИЫН БОЛДЫ?

Ежелгі грек авторы Полиэн: «I Дарийдің соғыс әрекеттерінен түк шықпады. Парсылар сақ жасақтарының соңына түсіп, даланы кезумен болды. Сақтар малдарын өздерімен бірге айдап әкетіп, жауға шөп те қалдырмай, шегініп отырған», – деп жазды. Геродоттың жазбалары бойынша «сақтар шегініп, парсы әскерін шөлейтті жерге әкетпекші болған». Сақтар жер жағдайын жақсы білді. Көшпелі сақтар жылдам қозғалып, бір күншілік жер озып отырған. Полиэн сақтардың әскери кеңесінде Шырақ деген жігіттің I Дарий әскерін жою әдісін ұсынғаны туралы жазады.

Бұл қызықты

Сақтар парсылармен соғысып қана қоймай, кейбір жағдайларда одақтасып та отырған. Грекиямен соғыста сақтар парсыларға көмектесіп, парсы әскерінің құрамында болды. Сақ жауынгерлері парсы патшасының «өлмейтін он мың» деп аталатын жеке әскери құрамасына кірді. Б.з.д. 490 жылы болған Марафон шайқасында парсы әскерлерінің құрамында сақ жауынгерлері көп болған. Олар парсылар жағында Гавгамела маңындағы шайқасқа да белсене араласты.

ШЫРАҚ ЕРЛІГІ

Полиэннің жазуынша Шырақ денесін пышақпен өзі аямай тілгілеп, қатты жаралайды. Шырақ парсыларға барып, сақ көсемдерінен қорлық көргенін, тұтқыннан қашып шыққанын айтады. «Мені қорлағаны үшін олардан кегімді аламын! Сақтарға қысқа жолмен тезірек апарамын», – деген Шырақтың сөзіне парсылар сеніп қалады. Шырақ парсыларды ертіп, шөл далаға адастырып әкетеді. Суызыз шөл далада парсылар қырыла бастайды. Ақырында Шырақ оларға: «Елімді жаудан аман алып қалу үшін мен сендерді алдадым. Сендер енді шөл далада қырыласыңдар!», – дейді. Шырақ батыр қаза тапты. Сақ батырының **ерлігі** ғасырлар бойы аңызға айналды. Нәтижесінде Парсы патшасының әскері шығынға ұшырап, жорығы сәтсіз аяқталды.

Ежелгі заман авторларының еңбектерінен біз сақтардың күшті мемлекет болғанын, өздерінің қуатты көршілерінің шабуылдарына ерлікпен тойтарыс бергенін көреміз. Олар осылайша Ұлы даланы өз ұрпақтарына сақтап қалдырды.

Мінездеме жазыңдар

«Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», – деген халық мақалының мағынасын қалай түсінесіңдер? Бұл мақалды Шырақтың ерлігімен қалай байланыстыруға болады? Шыраққа мінездеме беріңдер.

Мәтінді және 3-суретті пайдаланып, Шырақтың соғыс жоспарын қалай жүзеге асырғаны жөнінде әңгіме құрастырыңдар.



3-сурет. Парсы әскерінің шөл далада қырылуы

3.8. САҚТАРДЫҢ АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ ӘСКЕРІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Александр Македонскийдің сақ жеріне жасаған жорығын деректер арқылы түсіндіреміз.

жорық

Зерттеу сұрағы: Неліктен Александр Македонскийдің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды?

Анықтаңдар

*«Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан елдің бәрін де бодан қылып,
Өкіметін қолына тартып апты.
Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады».*

Абай Құнанбаев «Ескендір» поэмасында кім туралы жазады? Ол туралы не білесіңдер? Өлең жолдарындағы ақынның ойын анықтаңдар.

ЕСКЕНДІР ЗҰЛҚАРНАЙЫН КІМ?

Александр Македонский – тарихта есімі ерекше қалған атақты қолбасшы. Шығыс әлеміне Александр Македонский «Ескендір Зұлқарнайын» деген атпен белгілі болған. Оның себебі шығыс халықтары арасында «Ескендірдің қос мүйізі бар» деген сөз тарап, «Зуль-Карнейн» – «Қос мүйізді» атанды. Зерттеушілер «қос мүйізді» лақап атын әлемнің «екі мүйізін – батыс пен шығысты өз қолында ұстаған» деген мағынада түсіну керек дейді. Грек-македон әскерінің шығыс елдерге **жорықтарын** басқарған патша А.Македонский тарихта ұлы қолбасшы ретінде танылды. Ол бар болғаны 30 мыңнан астам әскерімен парсы патшасы Дарийдің бірнеше есе артық әскерінің тас-талқанын шығарады. Ол б.з.д. 330–327 жылдары Орталық Азияда әскери іс-әрекеттер жүргізді. Оның әскері Бактрия, Соғдыны бағындырып, әрі қарай сақтар жеріне келіп жетеді.

Грек-рим тарихшылары ежелгі заманның аса танымал қолбасшысы А. Македонскийдің сақтармен соғысы туралы да деректер қалдырған. А. Македонскийдің Орталық Азияға жасаған жорықтары туралы мәліметтер Арриан, Курций Квинт Руф және т.б. еңбектерінде берілген. Олардың бірінде: «сақтар Македонскийдің әскерімен екі жыл бойы соғыс жүргізді. Александр сақтарды соғыста тізе бүктіре алмады», – деген мәлімет келтіріледі. Аррианның айтуынша, осы соғыста сақтарды «аптап ыстық, шөл және Александрдың лай судан ауырып қалуы құтқарды». Бірақ бірінші кезекте сақтардың сәтті тойтарыс бере алуы, олардың еліне деген сүйіспеншілігі мен әскери өнерді шебер меңгергендігімен байланысты болғанын назардан шығармау керек.



1-сурет. Александр Македонский бейнеленген тиын ақша

Ойланыңдар

Сендер қалай ойлайсыңдар, неліктен Александр Македонский сақтарды толық бағындыра алмады?

Уақыт сызығына белгілеңдер

Б.з. 90–175 жылдары аралығында өмір сүрген тарихшы Арриан «Александр жорығы» деген еңбегінде: «Сырдария өзені жағасынан сақтар кетпеді. Олар Александрге бағыттап, өзеннің арғы жағасынан садақ атып, мазақ қылып, оның сақтармен соғыса алмайтынын айтты», – деп жазады. Аррианның өмір сүрген және Македонскийдің шығыс елдеріне жасаған жорық жылдарын уақыт сызбасына белгілеңдер. Ол оқиғалар аралығы қанша жыл екенін анықтаңдар. Қалай ойлайсыңдар, Македонский жорығы туралы Аррианның жазбалары сенімді дерек түрі бола ала ма?



2-сурет. Уақыт сызығы

3.8. САҚТАРДЫҢ АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ ӘСКЕРІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- грек-македон басқыншыларына қарсы Орталық Азия халықтарының қарсылық күресі туралы білеміз;
- сақтардың А. Македонский әскерлеріне қалай қарсы тұра алғанын түсіндіреміз.

партизан
жаулаушылар

Зерттеу сұрағы: Неліктен А. Македонскийдің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды?



1-сурет. Грек-македон әскері

Сұрақтар құрастырыңдар

Мәтіндегі ақпаратты негізге ала отырып, «Кім? Қайда? Қашан? Қалай? Неліктен?» деген сұраулы сөздерден басталатын сұрақтар құрастырыңдар.

Грек-македон басқыншылары Орталық Азияда жергілікті халықтардың табанды қарсылығына тап болды. Әсіресе, Мараканда (қазіргі Самарқан) мен Кирополис (қазіргі Ходжент) қалалары табанды қарсылық көрсетті. **Жаулаушыларға** қарсы шыққан халықтардың арасында сақ тайпалары да болды.

А. Македонский әскерлері Сырдария бойындағы қалаларға шабуыл жасаған кезде олардың тылында халық көтеріліске шықты. Бұл көтерілісті соғдылық Спитамен басқарды. Ол сақтармен бірлесіп, екі жыл бойы **партизан** соғысын жүргізді. Жасырынып жүріп жауларға қарсы күтпеген жерден соққылар ұйымдастырды. Аррианның дерегі бойынша, «Көтерілісшілер Самарқан қаласын қоршауға алып, көмекке жіберілген македон әскерлерін жойып жіберді». Зерттеушілердің пікірі бойынша, Спитамен көшпелілердің соғыс тактикасын қолданды. Өздерінің соңына түскен македон жасағына қарсы ашық шайқасқа түспеді. Олар алдап шегіну арқылы жауды тұзаққа түсіріп, соңынан құртып жіберіп отырды. А.Македонский көп шығынмен әрі зор қиыншылықпен көтерілістерді басты.

«Македонский сақтарды бағындыру үшін Сырдария жағасына бекініс сала бастайды. Александрия Эсхата қаласының салынуы арғы жағадағы сақтарды қатты алаңдатты», – деп жазады Квинт Курций Руф. Александрия Эсхата (Шеткі Александрия) Орталық Азиядағы македондықтардың тірек пункті ретінде ойластырылды. Сақтар бұған кедергі келтіруді көздеді. Олар македондықтарға өзеннің арғы жағалауынан садақпен оқ жаудырды. А. Македонский көшпелілерді катапульттардан атқылап, оларды артқа шегінуге мәжбүрледі. Содан тез арада әскерімен өзеннен өтіп, олардың соңына түсті. Бірақ оның бұл әрекеті македон әскерін жеңіліске ұшырата жаздады, ал А. Македонскийдің өзі бұл жорықта ауыр жарақаттанды. Оның сақ тайпаларын басып алу мақсаты сәтсіздікпен аяқталды.

Осылайша, Орталық Азия халықтары, соның ішінде сақтар да өз жерлерін ұлы А. Македонскийге қарсы күресте сақтап қалды.

Ойланыңдар

Сақтар неліктен македондықтарға қарсы Спитамен бастаған көтерілісті қолдады?



2-сурет. А. Македонский. Ежелгі римдік мозайка

Анықтаңдар

Сақтар басқыншыларға қарсы күресті қалай жүргізді? Александр Македонский жорығының сәтсіз аяқталу себептерін анықтаңдар.

СЕНДЕР НЕ БІЛДІҢДЕР?

Бұл тарауда сендер:

- парсы сына жазбалары мен грек, рим авторларының деректері арқылы сақтардың тайпалық одақтарын, олардың қоғамдық құрылысын, орналасу аумағын анықтадыңдар;
- сақ дәуіріне жататын Есік, Берел, Шілікті, Бесшатыр, Тасмола археологиялық ескерткіштерімен таныстыңдар. «Алтын адам» жәдігерінің бірегей өнер туындысы екендігіне көз жеткіздіңдер;
- «аң стилінің» темір дәуірінің негізгі өнер стилі ретінде кең таралғанын білдіңдер;
- сақтардың жерлеу ғұрпы, өнері арқылы дүниетаным ерекшеліктерін анықтадыңдар;
- археологиялық ескерткіштерін салыстырып, құрылысы және жерлеу ғұрыптарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтадыңдар;
- «Патша қорғандарын» зерттеу арқылы сақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелу туралы білдіңдер;
- Томирис патшайымның басқарушылық, жауынгерлік қабілетін сипаттадыңдар. Сақ-парсы қарым-қатынастарын деректерді зерделеу арқылы талдадыңдар;
- басқыншыларға қарсы күрескен сақ батыры Шырақтың ерлігін деректер арқылы сипаттадыңдар;
- Александр Македонскийге табанды қарсылық көрсеткен сақтардың әскери өнеріне баға бердіңдер.

Өздеріңді тексеріңдер

Тарау бойынша алған білімдеріңді қолданып, сақтардың саяси, әлеуметтік, мәдени тарихын сипаттайтын фактілерді келтіріңдер. Тапсырманы дәптерге орындаңдар.

Әлеуметтік	Саяси	Мәдени

Сақ қоғамындағы ең маңызды оқиғаны анықтап, өз таңдауларыңды екі дәйек келтіре отырып дәлелдеңдер.

- 1.
- 2.

ТАРАУ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

Тапсырмаларды дәптерге орындаңдар.

1-тапсырма

Сөйлемдерді аяқтап, тұжырымдарға дәйектер келтіріңдер.

- Көшпелі мал шаруашылығы басқа шаруашылық түріне қарағанда тиімдірек болды, себебі....
- Маусымдық жайылым мал шаруашылығын дамытудың қайнар көзі, себебі....
- Төрт түлік мал өнімдері көшпелілердің тұрмыс-тіршілігінің негізі болды, себебі....
- Киіз үй көшпелілер үшін ең тиімді, қолайлы баспана түріне айналды, себебі....

2-тапсырма

Сақ қорғандарына қатысты сызбаны толтырып, сұраққа жауап беріңдер.

Қорғандарға қатысты
үш тірек сөзді жаз.



Қорғандарды
қысқаша сипатта.

Жерлеу ғұрыптары сақтардың қоғамы, дүниетанымы туралы қандай ақпарат береді?

3-тапсырма

А дерегінен келтірілген үзіндіде қандай тарихи оқиға сипатталғанын анықтаңдар. Ә дерегінде сақтың қандай батыры туралы жазылған? Бұл батырға тән қандай тұлғалық қасиеттерді аңғаруға болады?

А дерегі

«...барлық әскерімен парсыларға шабуыл жасайды. Бұл соғыс варварлар арасындағы ең қанды қырғын болды. ...Қарсыластар бір-біріне алыста тұрып садақтан атады, ...оқтары таусылып, қанжармен найзаласуға көшеді. Ешкім шегінгісі келмей, ұзақ соғысады. Ақыры массагеттер жеңеді. ...Парсы әскері соғыс даласында қирылды, Кирдің өзі де қаза тапты».

Геродот

Ә дерегі

Мен жеңдім! Біз жеңдік! Сақтар жеңді! Отан үшін жан пίδα. Мақсатыма жеттім. Енді мені өлтіре беріңдер. Мен өлімнен де, сендерден де қорықпаймын! Осындай жалынды сөздерге бұдан әрі шыдап тұра алмаған Парсы патшасы қылышын серілеп қалды. Батыр туған жердің топырағын құшақтай құлады.

Полиэн

4-тапсырма

Суреттер арасындағы байланысты табыңдар. Сақтар туралы алған білімдеріңді еске түсіріңдер. Кемінде екі тарихи фактіні келтіруге тырысыңдар.



1-сурет. Томирис патшайымы



2-сурет. Кир патша



3-сурет. Берел қорымы



4-сурет. Қанатты тұлғарлар

4

ҮЙСІНДЕР МЕН ҚАҢЛЫЛАР



Б.з.д. III ғасыр мен б.з. V ғасыры аралығында Жетісу өңірінде, Ыстықкөл және Іле өзені алқабында үйсіндердің аса күшті мемлекеті құрылды. Үйсін тайпаларының шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігі туралы қытай деректері көптеген құнды мәліметтер қалдырған.

Үйсіндермен бір уақытта Сырдария алқабы мен Жетісудің бір бөлігінде Қаңлы мемлекеті өмір сүрген. Қаңлылардың Қауыншы, Отырар-Қаратау, Жетіасар археологиялық мәдениеттері олардың қалалық мәдениеті, қолөнері мен шаруашылығы туралы маңызды ақпарат береді. Қаңлы мемлекетінің аумағы арқылы Ұлы Жібек жолы өтті. Қаңлылар оның Кавказ бен Қара теңізге кететін бағытын бақылауға алды. Ол өз кезегінде сауда қатынастарының дамуына әсерін тигізді.

Осы тарауды зерделеу арқылы сендер үйсіндер мен қаңлылардың саяси тарихымен, рухани және материалдық мәдениетімен танысатын боласыздар.

Ойланып көрейік

- Қытай деректері үйсін мен қаңлыларды қалай суреттейді?
- Ұлы Жібек жолын бақылау арқылы қаңлылар қандай мүмкіндіктерге ие болды?
- Археологиялық ескерткіштер үйсін, қаңлы мәдениеті туралы қандай мәлімет береді?

4.1. ҮЙСІНДЕР ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- үйсін мемлекеттік бірлестігінің қалай құрылғанын түсінеміз;
- үйсін қоғамын сипаттаймыз.

гуньмо
бек

Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?

Анықтаңдар

*«Ата-анам мені жыраққа
Ұзатып та жіберді.
Патшалықта, қырда
Патшасына үйсіннің.
Олар дөңгелек үйде тұрады,
Айнала арап кпізбен.
Жейтіндері ет қана,
Ішетіндері сүт қана.
Отанымды сағынсам,
Жүрегім менің шаншиды.
Ұшатын егер қаз болсам,
Еліме қайтып барар ем».*

Бұл жыр үйсіндердің өмірі, тұрмысы туралы қандай мәлімет береді?

«АҚҚУ ӘНІНІҢ» ТАРИХЫ

Үйсіндер туралы алғашқы мәліметтер б.з.д. II ғасырдың соңында қытай елшіліктері арқылы таралған. Үйсін билеушісі – **гуньмо** (күнби) қытай билеуші әулетімен туыс болуды ниет етті. Сөйтіп б.з.д. 107 жылы билеушіге 1000 жылқы беріп, қытай ханшасына үйленеді. Ханша өз еліне сағыныш сезімін білдіретін «Аққу әні» деп аталатын жыр шығарады.

АСПАН ЕЛІ

«Усунь» деген этноним ең алғаш қытай тарихшысы Сыма Цяньның «Шицзи» («Тарихи жазбалар») атты еңбегінде жазылған. Усунь-го қытай тілінен «аспан», яғни «аспан» деп аударылады.

Б.з.д. III ғ. – б.з. V ғ. аралығында өмір сүрген үйсіндер қазақ халқының қалыптасуына үлкен үлес қосты. Олар Қазақстанның Жетісу өлкесі, Шу, Талас өңірі, Ыстықкөл және Қытайдың солтүстік-батыс аумағында тұрды. Астанасы Қызыл Аңғар (Чигучен) қаласы болған.



1-сурет. Үйсін мемлекетінің аумағы

Көне қытай жазбаларындағы «усун» тайпасы мен Ұлы жүздегі «үйсін» тайпасы арасында байланыстың болуы ықтимал. Үйсіндер кейінгі қазақтар сияқты киіз үйде тұрған, негізгі асы – ет пен сүт, қымыз болған.

Қоғамды сипаттаңдар

Мәтіндегі және әлеуметтік жіктеліс сатысындағы (2-сурет) ақпаратқа сүйене отырып, үйсін қоғамының қалай ұйымдасқанын анықтаңдар.

Қытай авторы Чжань Цяньның хабарлауы бойынша, үйсіндердің 120 мың түтіні, 630 мың адамы, 188 мың әскері болған. Үйсін мемлекетіндегі басқару жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар. Б.з.д. 73 жылғы дерек бойынша, ол өз ішінде оң қанат, сол қанат және орталық деп үш әкімшілік-әскери аймаққа бөлінді.

Қытай жазбаларында үйсін қоғамының қандай ерекшеліктері көрсетілген?



Гунымо (күнби) – мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі. Ол өзіне қараған ел-жұртты балаларына бөліп беріп, билікті мұрагерлік жолмен иеленді.



Бектер, ру басылары, ауқатты адамдар
Әскербасылар мен шонжарлар. Сарай маңындағы ауқатты адамдардың алтын және мыс мөрлері болған.



Қарапайым бұқара
Малшылар, егіншілер және қолөнершілер. Қоғамда құлдар да болған. Олар, негізінен, соғыс тұтқиндарынан тұрған. Олардың еңбегі көбінесе үй шаруашылығында пайдаланылды.

2-сурет. Қоғамдық құрылыс

4.1. ҮЙСІНДЕР ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- үйсіндердің тұрмыс-тіршілігі туралы білеміз;
- үйсіндердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтаймыз.

жекеменшік

Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?

Ойланыңдар

Неге үйсіндер жылқы малын көптеп өсірген?

Түйіндеңдер

Осы мәліметтерді зерделей отырып, үйсіндердің шаруашылығы туралы тұжырым жасаңдар.

Үйсіндерде жылқы көп. Олардың ең бай адамдарында төрт-бес мың жылқы болды.

Текті адамдар киімдерін жібек пен биязы жүн маталардан тікті. Ал қарапайым халық қылшықты жүн маталарынан, былғары және қой терісінен киім тігіп киді.

Көшпелі мал шаруашылығы үйсіндердің негізгі күнкөріс көзі болды. Қоғамда малға **жекеменшік** сақталды. Қытай деректері бойынша, үйсін гуньмосының жасағы 30 мың атты әскерден тұрған. Жетісудың асыл тұқымды жүйрік жылқысы төзімділігі мен жүйріктігі үшін жоғары бағаланды. Әрбір отбасы өздерінің малын ажырататын таңбаларын салды. Сонымен қатар үйсіндер егіншілікпен де айналысты. Оны да қытай деректері растайды. Қытай тарихшысы Бан Гу былай деп жазады: «үйсін гуньмосына ұзатылған қытай ханшасына қызмет ететін сарай әйелі үйсіндердің астанасы Чигу қаласында және төңірегінде тұратын үйсіннің «отырықшы шонжарларына» сыйлықтар үлестірген». Тарихшы Суй Сун үйсіндер «су мен шөп іздеп жүретін» болса да, «қалалары мен қала төңірегіндегі мекендері болған» деп жазады.

Үйсін қорғандарының көлемі әртүрлі. Бір обаларда алтын қапсырмалар, әшекей бұйымдар, қару, ыдыстар болды. Енді бірінен қылш және ағаш ыдыстар, ұсақ қола әшекейлер табылды.

КӨРШІ ЕЛДЕРМЕН БАЙЛАНЫС

Үйсін мемлекеті Ұлы Жібек жолы бойында орналасты. Олар көршілес елдермен саяси, экономикалық және мәдени байланыстар орнатты. Қытай деректері: «Шығысында – гұндармен, батыс жағында қаңлы елімен шектеседі. Жері ұлан-байтақ, кең әрі жазық, жауын-шашыны көп. Ауа райы суық. Тауларында қалың қарағай өседі», – деп суреттейді. Бірқатар тайпалар үйсіндердің ықпалында болған. Мысалы, б. з. І ғ. жататын қытайлық Бан Гудың дерегі «Цянь Ханшуда» үйсіндер «өзіне басқа да көптеген иеліктерді бағындырды» деп жазылған.

Ақпаратты салыстырыңдар

Төменде келтірілген екі шағын мәтінді оқыңдар. Үйсін мемлекетінің екі елмен байланыс орнатудағы ерекшеліктері қандай?

Үйсін-Қытай

Чжань Цянь: «Қазір үйсіндер күшті елге айналыпты. Мол сыйлық-тартулар ұсыну арқылы оларға ханшамызды ұзатып, күнбимен құдандалық байланыс орнаттық», – дейді. Қытай үйсіндерді гұндарға қарсы соғыста одақтас ретінде пайдалануға мүдделі болды. Б.з.д. 64–51 жылдары Хань империясы үйсіндердің ішкі ісіне араласа бастады. Бұл халық арасында наразылық туғызып, үйсін мемлекеті екі аймаққа ыдырап кетті.

Үйсін-Гұн

Деректерде «үйсіндерді ұзақ уақыт бойы гұндар биледі және құл етті», – деп келтірілген. Үйсіндер белгілі бір кезеңде гұндарға тәуелді болған. Жапон ғалымы Х. Мацуда: «Б.з.д. 177–176 жылдары үйсіндер гұндардың қарамағына кірді. Құдіретті Моде Тянь-Шанның Шығыс жағын өзіне қаратты... Ал оның баласы Іле өзенінің алқабын қосып алды», – деген мәліметтер берілген.

Хабарлама дайындаңдар

Неліктен қытай жазбаларында үйсіндер туралы көптеген деректер сақталған? Қытайдың бір деретін негізге алып, «Үйсін қоғамы» туралы хабарлама дайындаңдар.

4.2. ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Жібек жолы туралы білеміз;
- Қаңлы мемлекетінің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтаймыз.

елші
Жібек жолы

Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?

Мақсатты анықтаңдар

У-ди неліктен батыс елдерге Чжань Цянь бастаған елшілік жіберді?

Бұл қызықты

Жібек – табиғи өте жіңішке жіп. Оны тұт жібек құртының қуыршағынан алады. Қуыршақтағы жібек жібінің ұзындығы 700–800 метрге дейін жетеді. Жіп өте жіңішке болғандықтан, бірнеше қуыршақтың жібін біріктіреді. Қытай елі мыңдаған жылдар бойы жібек өндіруді құпия ұстаған.



1-сурет. Жібек құрты

ЧЖАНЬ ЦЯНЬНЫҢ САЯХАТЫ

Қытай императоры У-ди б.з.д. 138 жылы батыста жатқан алыс елдерге **елші** жібереді. Чжань Цянь бастаған елшілік қазіргі Ферғана, Самарқан және Жетісу сияқты өңірлерде болып (2-сурет), өздерімен бірге жібек өнімдерін ала барған. Олар қаңлы мемлекетіне де барады. Арада 13 жыл өткенде Чжань Цянь мен оның құлы Қытайға оралады. Олар барған жерлерінің тауарын алып келеді. Тағы да 10 жыл өткен соң, осы саяхатшымен бірге Қытайдан батысқа жібек артқан керуен аттанады. Бұл **Жібек жолының** бастамасы еді.



2-сурет. Қытай елшісінің сапары

ЕҢ ҰЗАҚ ТАРМАҚ ...

Жібек жолы Хуанхэ өзені аңғарынан басталады. Қытайдан батысқа бағытталған сауда жолының бір тармағы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өткен. Сырдария бойымен жүретін бағыт Қаңлы мемлекетінің аумағынан өтті. Б.з.д. III–I ғғ. аралығында қаңлылар Сырдария, Арыс, Талас өзендерінің алқаптарында, Қаратау аңғарында өмір сүрген. Сол уақытта олар шығысында үйсіндермен, батысында аландармен, оңтүстігінде Ферғанамен шегаралас болды. Қаңлылар Қытай, Рим және Кушан елдерімен сауда, экономикалық және саяси байланыстар орнатты.



3-сурет. Қаңлы мемлекетінің аумағы

Қалаларды орналастырыңдар

Қаңлы мемлекетінің аумағында Қазақстанның қазіргі заманғы қай қалалары орналасқан? Оларды 3-суреттегі картаға қарай отырып, кескін картаға түсіріңдер.

Ұлы Жібек жолын бақылауда ұстау қаңлыларға қандай мүмкіндіктер берді?

САУДА ЖОЛЫН БАҚЫЛАУ

Қаңлы мемлекеті өз жерімен өтетін Ұлы Жібек жолын үнемі бақылауда ұстауға ұмтылған. Сауда жолдары үшін бақталастық күшейді. Оларға шығыс шегарадан Қытайдың қолдауына ие болып отырған үйсіндер қысым жасады. Қаңлылар үйсіндерге де, Қытайға да бірдей қарсы тұра алатын одақтас іздеді. Сондықтан қаңлы билеушісі өз қызын гүн патшасы Чжи Чжиге ұзатып, әскери одақ құрды. Б.з.д. 46–36 жылдары қаңлылар Қытайға қарсы тұрған гүндарға көмек көрсетті.

Қаңлылар неліктен гүндармен одақтасты?

4.2. ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- қаңлы қала мәдениетінің даму себептерін анықтаймыз;
- қаңлы тұрғын үйіне сипаттама жасаймыз.

**арық
айырбас**

Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?

«Тауарды айырбаста»

Мына тауарларға (1-сурет) қаңлылар **айырбас** ретінде қандай заттар ұсына алады?



1-сурет. Сауда тауарлары

Қаңлы мемлекеті сауда жолында орналасқандықтан, қалалар гүлдене бастады.

Мемлекеттің ірі сауда және әкімшілік орталығы Битянь қаласы болды.

Көбінесе Сырдария өңірінен табылған, б.з. III-IV ғғ. соғылған салмағы әртүрлі 1300 теңгенің табылуы тауар-ақша қатынастарының дамығанын дәлелдейді. Өзге елдермен де сауда қатынасы жақсы дами бастады. Отырар алқабындағы Мардан қорымынан қытайлық ақша табылған.

Қаңлы тұрғындарының халықаралық саудаға қосылғанын қолөнер заттары да растайды. Мысалы, Сырдария бойындағы қалалардың орнынан түрлі түсті шынылардан жасалған моншақтар көп табылған. Үндістаннан піл сүйегі жеткізілген.

Отырар қорымдарынан табылған кәріптас (янтарь) моншақтар Балтық теңізі өңірінен әкелінген. «Жу патшасының тарихында»: «Қаңлы елінен алтын, күміс, асыл заттар, хош иісті майлар, кілемдер, қымбат аң терілері шығады. Көп елмен сауда жасасқан едәуір қалалары болған», – деп айтылған.

ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРІ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

Археологтар қаңлылардың көптеген қонысы мен қорымында қазба жұмыстарын жүргізген. Бұл ескерткіштер Қауыншы, Отырар-Қаратау, Жетіасар мәдениеттеріне жатады. Оған қоса, қазақстандық археолог А.Н. Подушкиннің пікірі бойынша, қаңлылардың материалдық мәдениеті Оңтүстік Қазақстандағы Арыс археологиялық мәдениетінде де көрініс табады.

Отырар-Қаратау мәдениетінің ең ірі орталығы – Көк-Мардан қаласы. Мұнда бақшаларды суаратын **арықтар** тартылған. Қала орталықтарынан дәнді дақылдардың қалдықтары, жемістердің дән-сүйектері табылды. Тұрғын үйлердің жанынан қор сақтауға арналған қыш көзелер мен ыдыс қалдықтары кездеседі.

Ал Жетіасар мәдениетіне жататын қалалар біртектес. Қалалар күшті және дамыған қорғаныс құрылыстарының жүйесімен ерекшеленеді. Құрылысқа көлемі үлкен шикі кірпіш, күйдірілген кесектер пайдаланылған.

Жасап көріңдер

Ежелгі қаланың суретін салып көріңдер.



2-сурет. Кіші Көк-Асар ежелгі қаласы. Жетіасар мәдениеті

Параграф мәтіндерін және суреттерді қолдана отырып, қаңлылардың тұрмысын сипаттаңдар.



Қыш ыдыстар

Алтын сырға

Қоладан жасалған айналар мен қазандық

3-сурет. Жетіасар мәдениетінің артефактілері

4.3. ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- қаңлы атауының мағынасын білеміз;
- Қытай деректері негізінде қаңлы елін сипаттаймыз.

хроника
этнос

Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь қаңлы қоғамын қалай сипаттады?

Ойланыңдар

«Қаңлы» атауы қандай мағына беруі мүмкін?



Күлтобе қорымының қыш ыдыстары

«ҚАҢЛЫ» АТАУЫ НЕНІ БІЛДІРЕДІ

Қаңлылар қазақ **этносының** қалыптасуында елеулі рөл атқарады.

Ортағасырлық түркі ғалымы Махмұд Қашқаридың айтуы бойынша, «Қаңлы» (Қаңқа) – патшаның аты. Үнді-еуропалық тілдерде «қаңлы» сөзі «су», «өзен», «өзеннің ағысы» деген мағына береді. Түркі тілдерінде «кан», «кең» сөздері «жазықтық», «кеңістік» дегенді білдіреді. Қазақ аңызы бойынша, «бірде Оғыз ханның қолына көп олжа түсіп, оны тиеп әкетуге арба жетпейді. Олардың қасына бір шебер келіп, арба

жасайды. Арба қозғалғанда «қаңқ» деп дыбыс шығарғандықтан, оны жасаған адамды «қаңқылы» деп атап кетеді».

ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТІ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРІНДЕ

Сыма Цянь Хань әулетінің **хроникасында**: «Қаңлы – Ферғананың солтүстік-батысында, шамамен 2 мың ли (1 ли – 500 метр) қашықтықта орналасқан көшпелі мемлекет. Үлкен юэчжилермен тұрмыс-салты өте ұқсас, 90 мың әскері бар», – деп сипаттаған. Бұл жердегі айтылып отырған юэчжилер – б.з.д. I мыңжылдықта Орталық Азияда өмір сүрген шығыс-ирандық тайпалар. «Қаңлы билеушісі Битянь қаласын мекендейді. Халқы 120 000 отбасынан, 600 000 адамнан тұрады, әскер саны – 120 000 адам. Әдет-ғұрпы үлкен юэчжимен бірдей. Кангюй шығыс жағында ғұндарға бағынады...», – деп сипатталған.

Деректерді талдаңдар

Деректерде келтірілген мәліметтер Қаңлы мемлекетінің саяси дамуындағы қандай кезеңдерді сипаттайды?

А дерегі

«Чжи Чжи тәңірхут өз жеңісіне ма-
саттанып, қаңлы патшасын да көзге іл-
меді. Ол тіпті қаһарланып, қаңлы пат-
шасының қызын, ақсүйек төрелерінің
жүздеген қарапайым адамдарын ол-
тіріп, Талас өзеніне тастап жіберді».

Қытай дерегі

Ә дерегі

«Қаңлылар өрхөкірек, өжет келеді.
Біздің елшілерімізге басын иемейді. Қы-
тай өкілдерін үйсін елшілерінен төмен
отырғызады. Тамақты алдымен өз-
дерінің билеушілері мен ақсақалдарына
береді, содан соң барып біздің елшілер-
ге тамақ тартады».

*Батыс өлкесіндегі хань наменгерінің
императорға жазған хаты*

Тұлғаны таныңдар



Сыма Цянь

Қаңлы туралы құнды де-
ректі қытай тарихшысы,
б.з.д. 145–86 жылдары
өмір сүрген Сыма Цянь
қалдырған. Оның «Шицзи»
(«Тарихи жазбалар») атты
еңбегінде қытай тарихымен
қатар, көрші елдері туралы
да мәліметтер бар.

Қаңлы мемлекеті б.з. III–V ғасырларында әлсірей бастады. Соған байланысты қаңлы мемлекетінің оңтүстік оңіріндегі қала-қыстақтық аймақтары дербес иеліктерге ыдырап кетті. Қаңлы тайпалары VI ғасырда Түрік қағанатының құрамына қосылды. Ғұн және үйсіндермен бір заманда дәуірлеген қаңлылар Қазақстанның ежелгі та-
рихында елеулі орын алады.

4.3. ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшелігін анықтаймыз;
- қаңлы еліндегі шаруашылық түрлері туралы білеміз.

кіші патша

Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь қаңлы қоғамын қалай сипаттады?

Ұқсастықты табыңдар

Үйсін және қаңлы мемлекетінің басқару жүйесінде қандай ұқсастық бар?

МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСҚАРЫЛУЫ

Қаңлы мемлекеті бес әкімшілік аймаққа бөлінді. Қытай жазба деректерінде: «Қаңлыда бес **кіші патша** – ваң бар. Ондай міндетке билеушінің ұлдары тағайындалып, патшаға тікелей бағынды», – деп жазылған. Елді заң жүйесімен басқару орын алғандығы жазбаларда айтылады: «Заң жинағы» патша сарайында тұрады, қажет болған жағдайда онымен сонда барып танысады».



1-сурет. Атты әскер жауынгері.
Суретші Қ. Ахметжанов




2-сурет. Жаяу әскер жауынгері.
Суретші Қ. Ахметжанов

Сипаттама беріңдер

Төменде келтірілген мәтіндерде қандай шаруашылық түрлері туралы айтылған? Құлдарды шаруашылықтың қай түрінде пайдаланды?

Соғыс кезінде қолға түскен тұтқындар құл етілді. Бірақ қаңлылар арасында құлдық кең өріс алған жоқ. Құлдық еңбек көбінесе үй шаруашылығында, ұсақ малды күтуде, мал өнімдерін оңдеуде қолданылды. Кейде құлдар қолөнер кәсібімен де, егін егумен де айналысты.



Бұл уақытта

Рим мен Карфаген арасында б.з.д. 264–146 жж. аралығында Пуни соғысы орын алды. Сицилия аралы үшін соғысқа түскен Рим мемлекеті жеңіске жетті.

Қаңлы елінің оңтүстік өңіріндегі тұрғындардың негізгі шаруашылығы егіншілік болатын. Қаңлы бұқара халқы күріш, тары, асбұршақ және бидай дақылдары мен жеміс-жидектерді көп өсірді.

Қаңлы мемлекетінің шаруашылығы географиялық жағдайына байланысты қалыптасқан. Қытайдың «Солтүстік патшалықтар тарихында»: «Олар үнемі көшіп-қонып жүреді, бір жерде тұрақтамайды», – деп көрсетіледі. Елдің солтүстік өңірін мекендеген тұрғындар жартылай көшпелі тұрмыс кешкен. Мұнда жылқы, қой, түйе, сиыр өсірілген.



3-сурет. Дәнді сақтайтын қыш ыдыс

Постер дайындаңдар

Қаңлы қоғамына қатысты ақпараттардың ең қызықты және маңызды жерлерін таңдап, постер жасаңдар.

4.4. ҮЙСІНДЕР МЕН ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- металл өндірісінің негізгі орталықтарын анықтаймыз;
- қолөнер бұйымдарының ерекшеліктеріне сипаттама береміз.

тәті

Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?



1-сурет. Алтын тәті



2-сурет. Айыр өркешті түйе мүсіні бар жүзік

Салыстырыңдар

Үйсіндер мен қаңлылардың зергерлік өнерінде басқа тайпалардың зергерлік өнерінде кездесетін қандай ұқсастықтар бар?

Алматыға жақын жердегі Қарғалы қойнауынан үйсін ескерткіші табылды. Мұндағы екі жүзік, таутекелердің он мүсіні, тышқан бейнеленген сырға, қаптырмалар зергерлік өнердің ерекше дамығанын көрсетеді. Бұйымдардың көпшілігі алтыннан жасалған. Ерекше көзге түсерлік нәрсе – Қарғалы алтын **тәтісі**. Үйсін, қаңлы тайпаларында ақық, гауһар, перуза секілді асыл тастар моншақ жасауға пайдаланылды.

МЕТАЛЛ ӨНДІРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ

Шаш-Илақ аймағында қаңлылардың металл өндірісінің ірі орталықтары болған. Мұнда темір, алтын мен күміс өндіріліп, түрлі бұйымдар жасалған. Ерлер мен әйелдердің баскиімі алтынмен безендірілген. Қытай деректерінде қаңлы патшайымының баскиімі алтынмен әшекейленгені айтылады.

Ежелгі үйсіндердің шаруашылығында да темір, мыс пен асыл металдарды қазып алу, қорыту және өндіру кең таралды.

Қаңлы қалалары мен қоныстарында қолөнер кеңінен дамыды. Археологтар қоныс-

тарды зерттеген кезде қыш ыдыстарды көп кездестірді. Ыдыстар ерекше көркемдік талғаммен істелген. Мысалы, құмыра қақпағының тұтқасы көбінесе жануар мүсіні түрінде жасалған. Қаңлы тайпаларының қыш ыдыстарында қойдың бейнесі кең таралған. Бұл қойдың олардың өміріндегі маңызын көрсетеді. Қаңлы қолөнерінің дәстүрлі саласы жүн өңдеу болған. Жүннен иірілген жіптен жылы киім тоқылды. Қой жүнінен киіз басылды.

Үйсіндерде ыдыстар тамақ ішетін, пісіретін және шаруашылыққа пайдаланылатын болып бөлінген. Тоқыма және сүйектен бұйым жасау ісі дамыған. Мата тоқу үшін қарапайым өрмек қолданылған. Теріден аяқкиім, шалбар, ыдыстар мен ат әбзелдері жасалған. Ал сүйектен түймелер және басқа да ұсақ заттар дайындалған.

Бұл қызықты

Үйсіндерде құмыра жасау кәсібі барынша дамыды. Ыдыстар құмырашы ұршықшасында жасалды. Бұл кәсіптің жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Сонымен қатар құмыраларды құм толтырған матаны қалыпқа салып, қолмен жапсырып та жасаған. Өйткені, қыш ыдыстың іш жағында және түбінде матаның ізі кездеседі.

Байланысын табыңдар

Ежелгі тайпаларда мал шаруашылығынан басқа қандай кәсіптер кең тараған? Бұл кәсіптер қазіргі уақытта бар ма? Бар болса, қалай дамуда?



3-сурет. Алтынтөбе обасынан табылған қыш ыдыстар

4.4. ҮЙСІНДЕР МЕН ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- қаңлы музыка өнерімен танысамыз;
- үйсін және қаңлы жазуы туралы білеміз.

жазу дәстүрі

Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?

Жырды талдаңдар

Жыр не туралы? Қаңлылардың мәдениеті туралы қандай мәлімет береді?

*Биші бикеш ойқастап,
Оңға солға бой тастап,
Жауған қардай қалықтап,
Құйындай күйгіт шарықтап,
Мүдіруді білмеген,
Бұрала толқып билеген.
Келіпті бикеш Қаңлыдан,
Алты айшылық арыдан,*

*Жарыса зырлап күйменен,
Көңілі толқып күйменен.
Бидің биік сарасы,
Әлемде жақ бағасы,
Қол жеткісіз асылға,
Әркімнің бар таласы.
Алқа-қатан айналды,
Жұрттың төре қарасы.*

Бәй Жүй. «Биші бикеш» өлеңі



1-сурет. Алтын сырға.
Құлтөбе қорымы

БИШІ БИКЕШ

Қытай жылнамасында: «Қаңлыларда үлкен және кішкене барабандар, бес ішекті аспаптар бар. Олар қымыз құмар, өлеңші, биші келеді. Қаңлы музыкасын орындаушы басына қара желек салады, үстіне жібектен тігілген, жеңі гүлденген ұзын көйлек киеді. Биді екі адам орындайды. Олар жағасы кестелі, қызғылт түсті, жеңі көк, жұқа шапан киеді. Ауы

кең шалбар, аяғына қызыл былғары етік киіп, белін ақ белбеумен буады. Билегенде шыр көбелек айналады», – деген мәліметтер келтірілген. Демек, осы дерек арқылы қаңлыларда музыка өнерінің жақсы дамығанын байқауға болады. Қаңлы биші қыздарының биі туралы қытай ақыны Бәй Жүй жазған «Биші бикеш» өлеңі бүгінгі күнге дейін жеткен.

ЖАЗУ ДӘСТҮРІ

Зерттеуші Абель Ремюза XIX ғасырдың 20-жылдарында Ертістегі үңгір ішіндегі және Зырян кеніші маңындағы жазбаларға зерттеу жүргізіп, оның үйсін тайпаларына жататынын болжады. Қаңлы тайпаларында да **жазу дәстүрі** болған. Қытай елшісі Сыма Цянь: «Патша ордасында оның заңдары мен жарлықтары ілулі тұрады екен», – деп жазған. 2006 жылы Оңтүстік Қазақстандағы Күлтөбе қалашығындағы қазба жұмыстары нәтижесінде археологтар қаңлы жазуы бар қыш тақтайшаларын тапты. Сөйтіп, қаңлыларда өздерінің жазуы болғаны туралы қытай мәліметтері археологиялық дәлелін тапты.

Әңгіме құрастырыңдар

Сабақ материалдарының негізінде қаңлылардың мәдениеті туралы шағын әңгіме құрастырыңдар.

Ойланыңдар

Неліктен халықтарға өз жазуы болғаны маңызды?



2-сурет. Қаңлы жазуы.
Күлтөбе қорымы



3-сурет. Қыш ыдыс.
Алтынтөбе қорымы



4-сурет. Хань айнасы.
Күлтөбе қорымы



5-сурет. Қыш ыдыстың
мойнындағы бұғы
бейнесіндегі мәр.
Төлөбайтөбе қалашығы

Үйсін және қаңлы тайпалары өздеріне тән бірегей мәдениет қалыптастырды.
Ол кейіннен қазақ мәдениетінде өз көрінісін тапты.

СЕНДЕР НЕ БІЛДІҢДЕР?

Бұл тарауда сендер:

- үйсін және қаңлы тайпалық бірлестіктері ұлан-ғайыр жерді өздеріне қаратып, мемлекеттерді құрғанын білдіңдер;
- олардың басқа мемлекеттермен саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастарына сипаттама бердіңдер;
- үйсін, қаңлылардың өмірі, тұрмысы, әлеуметтік құрылысымен таныстыңдар;
- тарихи деректердің негізінде үйсін, қаңлылардың билік жүйесі, қолөнері мен шаруашылығын сипаттадыңдар;
- үйсіндер мен қаңлылардың мәдениетімен және дүниетанымымен таныстыңдар.



Өздеріңді тексеріңдер

Үйсіндер мен қаңлылар қандай кәсіпшілікпен айналысты?

Күнделікті тұрмысқа қажетті қандай бұйымдарды жасады?

Бұл бұйымдар олардың өмірі, тұрмысы, мәдениеті мен шаруашылығы туралы қандай ақпарат бере алады?

ТАРАУ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

Тапсырмаларды дәптерге орындаңдар.

1-тапсырма

Кескін картамен жұмыс.

1. Үйсіндер мен қаңлылардың аумағын кескін картаға белгілеңдер.
2. Үйсін аумағынан ағатын өзендерді көрсетіңдер.

2-тапсырма

Аңызға атау беріңдер.

«Үйсіндердің басшысын гуньмо деп атайды. Оның әкесі Сюннудың батыс шеғараларындағы шағын патшалықты билеген. Сюнну оның әкесіне шабуыл жасаған кезде гуньмо дүниеге келіп, жаулары оны далаға тастап кеткен. Тұмсығымен еті тістеген қорғалар оның үстінде айналып ұшып, ал қасқырлар емізіп асыраған. Мұны байқоған Шанью бұған таңғалып, таңғажайып нәрсе деп санап, оны тәрбиелеп өсірді».

Сыма Цянь, «Ши цзи»

3-тапсырма

Берілген мәтін негізінде мынадай сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көк-Мардан қала құрылысының ерекшелігі қандай?
2. Қазба жұмыстарының нәтижесінде қандай олжалар табылды?
3. Табылған заттар бойынша қаңлылардың кәсібі мен шаруашылығы туралы қандай қорытынды шығаруға болады?

Үйлер төртбұрышты келген, бір немесе екі бөлме етіп тұрғызылған. Екі бөлмелі үйлердің жанынан шаруашылық пен тұрмысқа қажетті заттарды, тағамдарды сақтайтын ыдыстар қойылған шағын бөлмелер салынған. Қалашықты оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай үлкен көше кесіп өткен. Сонымен қатар сүйектен жасалған заттар (түйреуіш, күрделі садақ бөліктері), алуан түрлі қыш ыдыстар (құмыра, тостаған, саптаяқ) көптеп табылған. Кейбір ыдыстардың ұстағышы мен иық тұсына таңба секілді түрлі белгілер салынған. Диаметрі 0,3–0,4 метр бойтұмар (медальон) табылған. Діни жоралғыларды атқаратын ғибадатхана анықталған. Қазба жұмыстары кезінде темірден жасалған заттар (пышақ, шот, садақ ұшы) көп кездесті.

4-тапсырма

А, Ә, Б деректерін пайдалана отырып, қаңлылар туралы оқиға желісі сақталған әңгіме құрастырыңдар.

А дерегі

Қаңлы мемлекеті өз ішінде кіші хандар арқылы басқарылған 5 иелікке бөлінді. Олар өз кезегінде «ұлы ханға» бағынды. Ханға бағынған рулар мен тайпалар көсемдер арқылы басқарылды. Олардың билігі әкеден балаға мұра ретінде беріліп отырды.

Бань Гу, «Цянь Ханьшу» («Ертедегі Хань әулетінің тарихы»)

Ә дерегі

«Қаңлы билеушісі Лоюень елінде, Унаннан 12 300 ли жердегі Битянь қаласын мекендейді. Халқы 120 000 отбасынан, 600 000 адамнан тұрады, әскер саны – 120 000 адам...».

Бань Гу, «Цянь Ханьшу» («Ертедегі Хань әулетінің тарихы»)


Б дерегі

«Қаңлылар әрқәкірек, әжет келеді. Біздің елшілерімізге басын иемейді. Қытай ақшадерін үйсін елшілерінен төмен отырғызады. Тамақты алдымен өздерінің билеушілері мен ақсақалдарына береді, содан соң барып біздің елшілерге тамақ тартады».

Батыс өлкесіндегі хань наменгерінің императорға жазған хаты

5

ҒҰНДАР



Сендер бұл тарауда түркі халықтарының арғы тегі болып саналатын, ежелгі көшпелі халық – ғұндармен танысасыңдар. Елбасы Н. Назарбаев: «Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады», – деп жазған.

Ғұн ордасы алғаш рет Хуанхэ мен Ордос үстірті аралығында құрылды. Кейін Алтайдан асып, Альпіге дейін жетіп, Рим империясының құлауының бір себепкері болған. Еуропаға жеткен ғұндар, б.з. IV ғасырында Еуропаның жартысын жаулап алған. Ғұндар басқа да көшпелі империялар сияқты дала заңына сәйкес бірде күшейіп, бірде әлсіреп отырған. Осы тарауда сендер ғұндардың саяси тарихымен, мәдениетімен танысасыңдар. Ғұндардың батысқа жылжу үдерісін зерделеп, «Халықтардың ұлы қоныс аудару» себептері мен салдарын талдайсыңдар. Сонымен қатар Еуропада ғұндарды неліктен «Аспан әскері», «Құдайдың қамшысы», «Құдайдың жазасы», «Аспан салт аттылары» деп атағанын анықтайсыңдар.

Ойланып көрейік

- Ғұндар орасан зор аумақты өздеріне қалай бағындыра алды?
- Тарихшылар Халықтардың ұлы қоныс аударуын неліктен ғұн тайпасымен байланыстырады?

5.1. ҒҰН ТАЙПАЛАРЫНЫҢ БІРІГҮІ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- картадан ғұндардың аумағын анықтаймыз;
- ғұндардың тұрмыс-тіршілігін сипаттаймыз.

ғұндар

Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй «Жер – мемлекеттің негізі» деді?

ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР СЫР ШЕРТЕДІ

Ғұндар (хуннулар) Еуразия тарихында маңызды орын алады. Орталық Азиядан шыққан жауынгер көшпелілер шығыс пен батыс өркениеттеріне бірдей әсер еткен ірі өзгерістердің себепшісі болды. Ғұндар туралы ең көп мәліметтер қытай авторларының еңбектерінде кездеседі. Себебі ғұндар бірнеше ғасыр бойы Қытаймен шегаралас өмір сүрді. Қытай деректерінде ғұндардың қоғамдық құрылысымен қатар, шаруашылығы да сипатталады.

Қытай жазба деректері

А дерегі

«Ғұндар Қытайдың солтүстігін мекендейді. Су мен шөптің жағдайына байланысты бір жайылымнан екінші жайылымға көшеді. Үй малынан жылқы, ірі қара, қой-ешкі, кейбірі түйе, есек өсіреді. Олар малдың етімен тамақтанып, терісі мен жүнін киім қылады, аң терісін жамылады...».

Анықтаңдар

Қытай жазба деректері үзінділерінен ғұндардың айналысқан шаруашылығын анықтаңдар.

Ә дерегі

«Олар бейбіт кезде мал бағып, аң-құс аулайды. Балалар қойға мініп, садақ тартып алады және құстар мен тышқандарды ата біледі. Ал біраз өскен соң түлкілер мен қояндарды атады...».

Б дерегі

Жылқы ғұндардың тұрмыс-тіршілігінде ерекше рөл атқарды...

В дерегі

«Солтүстік жерлерде суық ерте түсіп, тары себуге қолайсыз болса да, ғұндардың жерінде тары егіледі...».

Ғұндардың өмір салты туралы еуропалық авторлар да жазған. Рим тарихшысы Аммиан Марцеллин ғұндарды: «Олар ертелі-кеш ат үстінен түспейді. Маңызды істер туралы кеңесетін болса, кеңесті де ат үстінде отырып өткізеді», – деп сипаттаған. Ал тағы да бір Рим тарихшысы Приск: «Олар соғыс болмаған кезде тынығады әрі қамсыз тіршілік етеді, әркім қолында барына қанағат етеді», – деп жазады.

Кескін картамен жұмыс

Ғұндар Солтүстік Қытай, Моңғолия, Байкал көлінен Ордос үстіртіне дейінгі өңірді мекендеген.

Кескін картада ғұндардың бастапқы аумағын көрсетіңдер. Қандай елдермен көрші орналасқанын атаңдар.

ЗАТТАЙ ДЕРЕКТЕР

Ғұндар туралы мәліметтерді археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған заттай деректер де береді. Қазба жұмыс нәтижелері ғұндардың қола мен темірді өңдегенін, дөңгелекті арбаны пайдаланғанын дәлелдейді. Ғұн обаларынан археологиялық қазбалар нәтижесінде мынадай заттар табылды:

- 1) жылқы, қой, ірі қара сүйектері;
- 2) тары дәндері, темір орақ, тас дәнүккіштер, астық сақтайтын ұралар;
- 3) киік, қабан, құлан, елік, қоян, түлкі сүйектері;
- 4) құмыралар, көзелер, саптаяқтар;
- 5) аңдар бейнеленген кілемдер, қыш, ағаш ыдыстар, ат әбзелдері, ашекей бұйымдар;
- 6) жібек маталар, айналар, нефриттен жасалған бұйымдар.

Бұл қызықты

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ғұндардың шикі кірпіштен салынған, жылыту жүйесі бар жартылай жертөлелері табылған.



Ғұндардың қыш ыдыстары

Әңгіме құрастырыңдар

Обалардан табылған заттар ғұндардың тұрмыс-тіршілігі туралы қандай ақпарат береді? Ғұндарда шаруашылықтың қандай түрлері дамыды? Шағын әңгіме құрастырыңдар.

5.1. ҒҰН ТАЙПАЛАРЫНЫҢ БІРІГҮІ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- ғұндардың мемлекеттік дәрежеге қалай жеткенін анықтаймыз;
- көшпелілер үшін жердің қаншалықты маңызды болғанын түсінеміз.

шаньюй
халық
жиналысы

Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй «Жер – мемлекеттің негізі» деді?



1-сурет. Мөде шаньюй – мемлекет негізін қалаушы

МӨДЕ ШАНЬЮЙ

Б.з.д. III ғасырда Орталық Азияда ғұн (хунну) мемлекеті құрылды. Мөде Ғұн мемлекетінің іргетасын нығайтқан билеуші болды. Ол бытыраңқы руларды біріктіріп, өзін Ғұн мемлекетінің билеушісі ретінде жариялады. Ғұндардың жоғарғы билеушісі қытай деректерінде **шаньюй** деп аталған.

МӨДЕ ШАНЬЮЙ МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛАЙ БАСҚАРДЫ?

Мөде шаньюй ғұн мемлекетін б.з.д. 206–174 жылдары басқарды. Ол қатал тәртіп орнатып, әскерді қайта жасақтады. Мемлекеттік аумақты әскери жүйемен оң, сол және орталық қанаттарға бөлді. Оң және сол қанаттарының, ру әскерлерінің басшылары шаньюйдің ұлдарынан немесе туысқандарынан тағайындалды.

Ғұн руларын ақсақалдар басқарды. Ақсақалдар жылына бір рет **халық жиналысын** өткізіп отырды. Онда жорық, салық, жер және т.б. мемлекеттік мәселелер талқыланды. Халық саны өсті. Жол бойына бекеттер салынып, жарлықтарды жеткізетін шабармандар жұмысы ұйымдастырылды.

Анықтаңдар

Ғұн мемлекеті қалай басқарылды? Қалай ойлайсыңдар, шаньюй шексіз билікке ие болды ма?





2-сурет. Ғұндардың халық жиналысы

БІР ҚАРЫС ЖЕР ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Ғұндардың көршілері дунхулар ғұндардың жерін тартып алуды ойластырады. Осы мақсатпен екі рет елшілерін жіберіп, Мөденің арғымағы мен әйелін беруді талап етеді. Мөде: «Арғымақ пен әйел – халқымының садағасы, алсын», – деп бергізеді. Үшінші келгенде малға қолайсыз, бір қарыс жерді беру талабын қояды. Мөде: «Екі талабын орындадым, арғымақ та, әйел де өзімдікі болатын. Жер жақсы болса да, жаман болса да – халықтың игілігі! Халыққа жерді тәңір берген. Жер болса, халық та болады, онда мемлекет құруға болады. Жер – мемлекетіміздің негізі мен ырысы, оны қалай береміз?» – деп қатты ашуланады. Содан соң дунхуларға қарсы жорық ұйымдастырып, оларды талқандап, жерін иеленді.

Мөде бастаған ғұн әскері Саян, Алтай, Жоғарғы Енисей өңірлері тайпаларын талқандап, жерлерін қосып алды. Ғұндар Байкал көлінен Тибетке дейін және Шығыс Түркістаннан Хуанхэ өзеніне дейінгі аумақты иеленіп, Ұлы Даладағы көшпелілердің алғашқы ірі мемлекетін құрды.

Бұл уақытта

Бұл уақытта Еуразияда ірі өзгерістер орын алды. Эллиндік мемлекеттер ыдырап, Жерорта теңізі аумағында Рим күшейді. Шығыста Хань империясы гүлденді.

Аңызды талдаңдар

Аңызды оқып шығыңдар. Бұл аңыздың негізгі идеясы неде?

Мөде Шаньюйдің «Жер – мемлекетіміздің негізі мен ырысы» деген пікірін түсіндіріңдер.

5.2. ҒҰНДАРДЫҢ КӨРШІ МЕМЛЕКЕТТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- ғұндардың әскери өнерін сипаттаймыз.

**түменбасы
ысқыратын жібелер**

Зерттеу сұрағы: Ғұндар мен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар?



1-сурет. Жаяу әскер.
Суретші Қ. Ахметжанов

ҒҰНДАРДЫҢ ӘСКЕРИ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ғұндардың әскери құрылымында шаньюйден кейінгі жоғары лауазым **түменбасы** болды. Түменбасы шаньюйдің ұлдарынан немесе жақын туысқандарынан тағайындалды. Шаньюй 24 түменбасыны тағайындап, әрқайсысына басқаратын аумақ пен 10 мың әскер бекітті. Түменбасылар өз аумағында мыңбасы, жүзбасы, онбасыларды тағайындады. Түменбасыны орнынан алу немесе жазалау шешімін тек қана шаньюй қабылдады.

Ғұн мемлекетінде барлық азамат өз әскери қолбасшысының жасағына кірген және әскери жорықтарға қатысуға міндетті болған. Азаматтар әскери міндеттен бас тартса немесе жауға оқ атпаса, өлім жазасына кесілді. Жауынгерлерден әскери жаттығулармен шұғылдану, жорыққа дайын тұру, қаруларды үнемі өзімен алып жүру талап етілді. Жауынгерге шайқаста жауды өлтірсе, түскен олжа, жауды тұтқынға алса, сол тұтқын құлдыққа берілді.

Ғұндардың әскери өнері мен басқару жүйесі туралы ежелгі қытай деректерінде көп айтылады.

Анықтаңдар

Лауазымдарына сәйкес ғұн мемлекетіндегі әскери құрылымды анықтаңдар. Түменбасы мен жауынгердің құқықтары мен міндеттерін анықтап, салыстырыңдар.

ҒҰНДАР ҚАЛАЙ ҚАРУЛАНҒАН?

Ғұндарда өте жақсы ұйымдасқан атты әскер болды. Ғұндар шайқаста жауларын шебер әскери тактика, батылдық, ептілік және қару-жарақты керемет меңгеру арқылы жеңетін. Жауынгерлер жебелі садақ, семсер, қанжар мен найза, бұғалық, қалқанды шебер қолданды. Олар қамал, қорғандарды бұзу техникасын меңгерді.

Ғұндардың маңызды қаруы садақ пен жебе болды. Ғұн садағы ағаштан, адырнасы тарамыстан жасалып, өте иілгіш болған. Садақ сүйек қаптырмалармен қапталды. Соғыста жауға қарсы ысқырғыш жебелер қолданылды. Шаньюй әскеріне «**ысқыратын жебесі**» қай жаққа бағытталса, сол жаққа атуға бұйырды. Мыңдаған ысқырған жебелер жаудың зәресін ұшырып, олардың аттарын үркітті. Жебе ұштары темірден жасалды. Аса ұшқыр, ауыр сауыт бұзар жебе ұштары да қолданыста болған. Ғұн садақшылары аса мергендігімен ерекшеленді.



2-сурет. Атты әскер.
Суретші Қ. Ахметжанов

Бұл қызықты

«Ғұндардың жауды алдап қолға түсіру әдісі: жауды көргенде жемін көрген құс сияқты шүйіледі, жеңілгенде қыш сияқты болініп кетеді, бұлт сияқты ыдырайды».

(Қытай дерегі)

Сипаттаңдар

Қару-жарақтарға сипаттама беріңдер.



3-сурет. Ғұн жауынгерінің қару-жарақтары. Қ. Ахметжанов реконструкциясы

5.2. ҒҰНДАРДЫҢ КӨРШІ МЕМЛЕКЕТТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- ғұндардың көрші елдермен қарым-қатынасын анықтаймыз.

көлісім

Зерттеу сұрағы: Ғұндар мен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар?

Деректермен жұмыс

Деректер не туралы? Деректер несімен құнды?

А дерегі

«Аспанның рақымымен жорықтан қолбасшыларым мен жауынгерлерім аман, ал аттар мықты шықты. Әскерім юебилерді семсердің ұшына іліп бағындырып, билігімізді нығайтты. Үйсіндер және аларға көрші 26 үлестің барлығы талқандалды немесе аздері берілді».

Моде шаньюйдің Хань императоры
Вэнь-дизге жазған хаты

Ә дерегі

Ғұндардың құдіреттілігі сондай, алардың елшісі қолындағы шаньюйдің сенім таңбасымен көрші елдерге барады. Көрші елдер оны екінші елге шығарып салады. Тіпті азық-түлікпен қамтамасыз етеді.

Қытай дерегі

Ғұндар күшейген сайын көрші мемлекеттерге, оның ішінде Қытай жерлеріне жорықтар жасай бастады. Ғұндар мен Қытай арасындағы қақтығыстар үш ғасырдан астам уақытқа созылды. Қытай мемлекеті өзінің шегарасын көшпелі тайпалардан қорғау үшін Ұлы Қытай қорғанын салды. Бұл – адамзат тарихындағы ең керемет, күрделі құрылыстардың бірі.

Қорғанның ұзындығы мыңдаған шақырымнан тұрады. Кейбір бөліктерінде оның биіктігі 10 метрге дейін жетеді, ал ені 9 метрді құрайды.




1-сурет. Ұлы Қытай қорғаны

Б.з.д. 200 жылы ғұндарды тыныштандыру мақсатында Хань императоры Гао-Цзу көп әскерімен оларға қарсы жорыққа шықты. Бірақ қытайлықтар ғұндардың әскер санын нақты анықтай алмады. Мөде әскерінің бір бөлігін алдыңғы қатарға қойып, оларға алғашқы шайқастан кейін шегінуге бұйырды. Шегінген ғұндардың ізіне түскен қытайлықтар негізгі күштерінен ажырап қалады. Осы кезде ғұндар шегінуді тоқтатып, тау аңғарында қытай әскерін төрт жақтан қоршады. Жеті күн қоршауда қалған Хань императоры еріксіз Мөдеге бас иіп, бейбітшілік туралы **келісім** жасады. Бұл шарт бойынша қытайлықтар Ордостағы ғұндардың жерінен бас тартты. Қытай императоры шаньюйге қызын беруге және салық төлеуге міндетті болды. Жыл сайын жібек маталар, мақта, күріш, әшекей заттар жіберіп тұрды.

Мөде шаньюй қарсыластарын қалайша жеңіп отырды?

Еске түсіріңдер

«Кім? Не? Неге? Қайда? Қашан?» сөздерінен басталатын сұрақтарды құрастырыңдар. 1-суретте бейнеленген ежелгі заманның бірегей құрылысы қалай пайда болғанын еске түсіріп, әңгіме құрастырыңдар.



2-сурет. Ғұндардың әскери жорықтары

5.3. ҒҰНДАРДЫҢ БАТЫСҚА ҚОНЫС АУДАРУЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- ғұндардың қоныс аудару себептерін анықтаймыз;
- ғұндардың қоныс аудару бағыттарын картадан көрсетеміз.

одақтасу

Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?

Себептерін анықтаңдар

Мәтінге талдау жасай отырып, ғұндардың батысқа жылжу себепін анықтаңдар.

ҒҰНДАРДЫҢ БАТЫСҚА ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ БІРІНШІ ТОЛҚЫНЫ

Б.з.д. 55 жылы ішкі тартыстар мен сыртқы қысым салдарынан ғұндар екіге бөлінеді. Хуханье бастаған оңтүстік ғұндар Ордоста қалып, Хань империясына бағынады. Чжи Чжи бастаған солтүстік ғұндар Саян мен Байкал маңына жылжиды.

Б.з.д. 49 жылы Чжи Чжи ғұндарды қайта біріктіруге ұмтылады. Осы мақсатта үйсіндерге әскери көмек сұрап елші жібереді. Ал үйсіндер елшіні өлтіріп, ғұндарға қарсы әскер аттандырады. Чжи Чжи әскері үйсіндердің 8000 атты әскерін талқандайды.

Солтүстік ғұндарға Хань империясы тарапынан шабуылдар көбейеді. Сондықтан олар батысқа жылжып, Оңтүстік Қазақстандағы қаңлылар жерімен шегаралас жерлерге барады. Бұл батыс бағытында ғұндардың алғашқы көшу толқыны болды.



Ғұндардың батысқа жылжуы

ҒҰНДАР ЖӘНЕ ҚАҢЛЫЛАР

Чжи Чжи оңтүстік ғұндарды бағындыру үшін қаңлылармен **одақтасуды** көздейді. Ал қаңлылар ғұндармен одақтасып, үйсіндер мен Қытайдан қорғануды мақсат етеді.

Қаңлы басшысы Чжи Чжиді қолбасшы етіп, қызын ұзатып, Талас өңірінен жер береді. Алайда ғұн әскері үйсіндерді толық талқандай алмайды. Қаңлылардың талаптары орындалмай, араларында шиеленістер басталады. Осыған байланысты Чжи Чжи солтүстік ғұндарды бастап, Талас өзенінің жоғары жағына кетеді. Ол осы жерде қамал құрылысын салады. Чжи Чжидің күшеюі Қытай мемлекетін қатты алаңдатты. Сондықтан солтүстік ғұндарға қарсы ірі әскер жіберіледі. Кескілескен шайқастан кейін қытайлықтар ғұндардың қаласын басып алып, оны толықтай күйретеді.

Неліктен ғұндар мен қаңлылар одақтасқа айналды?

Деректерді талдаңдар

Дерек авторлары қандай ой-пікір білдіргісі келді? Деректердің негізінде қандай қорытынды жасауға болады?

А дерегі

«Чжи Чжидің даңқы артып барды. Ол үйсін, қаңлы, Ферғана жерлерін басып алуды ойластыруда. Ғұндар бұл елдерді басып алса, барлық атырықшы халықтарға қауіп төнеді. Ғұн әскері батыл шайқасады және үнемі жеңіске жетеді. Ғұндарға үйсіндермен бірігіп жорық жасасақ, аларды талқандаймыз. Сонда ғұн мәселесі шешіледі».

Қытай шенеунігінің жазбасы

Ә дерегі

«Чжи Чжи отты әскерлерін қабырғалардың бойына саппен орналастырып, жаяу әскерін қақпаның екі жағына «балық қабыршағы» сияқты орналастырды».

Қытай дерегі

Б дерегі

«Екі күнге созылған шайқаста қытай-үйсін біріккен әскері қорғанды бұзып, Чжи Чжи әскері талқандалды. Чжи Чжи мен оған жақын 1818 адам тұтқындалып, өлтірілді. Мыңдаған ғұн жауынгерлері үйсіндер мен Ферғана билеушілеріне сыйға тартылды».

Қытай дерегі

5.3. ҒҰНДАРДЫҢ БАТЫСҚА ҚОНЫС АУДАРУЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- ғұндардың Қазақстан аумағы арқылы қоныс аудару бағыттарын картадан көрсетеміз;
- ғұндардың қоныс аударуының қандай өзгерістерге әкелгенін анықтаймыз.

**халықтардың ұлы
қоныс аударуы
ассимиляция**

Зерттеу сұрағы: Ғұндардың батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?

БАТЫСҚА ҚОНЫС АУДАРУДЫҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫ

Ғұндардың Қазақстанға қоныс аударуының екінші кезеңі б.з. 93 жылы басталды. Ғұндар қытайлықтардың қысымымен Алтай тауы мен Орталық Қазақстан даласы арқылы Батыс Қазақстан аумағына жылжыды. Олар жолындағы кейбір тайпалармен одақтасып, қарсыласқандарын ығыстырып отырды. Орталық Қазақстан, Сырдария, Арал теңізі мен Каспий аймағындағы жергілікті тайпаларды да қозғалысқа түсірді. Нәтижесінде осы аумақтарда орналасқан тайпалар шығыстан батысқа қарай жылжыды. Ғұндардың батысқа қоныс аударуы ұзаққа созылған үдеріс болды және жүздеген жылдарға созылды.



ҒҰНДАР ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ӘКЕЛДІ?

Ғұндардың қоныс аударуы Қазақстан аумағындағы тайпаларға үлкен өзгерістер әкелді. Үйсін, қаңлы, алан және т.б. тайпалар араласып, **ассимиляция** үдерісі басталды. Олар тұрмыс-тіршілігі, тілі жағынан араласты. Бұл жергілікті халықтардың тұрпатының өзгеруіне әкелді. Моңғолоидтық тұрпаттық белгілер көбейіп, еуропеидтық-моңғолоидтық аралас нәсілдік тұрпаттың қалыптасуы басталды. Әсіресе Жетісу, Оңтүстік Қазақстан тайпаларының бет пішіні моңғолдана бастады. Орыс ғалымы Н.А. Аристовтың айтуынша, ғұндар ежелгі түркі тілінде сөйлеген. Осылайша ғұн дәуірінде жергілікті халықтардың түркіленуі басталды.

Ғұндар қазіргі Қазақстан аумағына орнығып алғаннан кейін Ұлы даладағы көптеген тайпаларды өздеріне бағындырды. Бірте-бірте олар батысқа қарай жылжып, жолдарында кездескен тайпаларды қозғалысқа түсірді. Бұл **халықтардың ұлы қоныс аударуы** деп аталды.

Батыста ғұндар Еуропа халықтарын саяси және этникалық өзгерістерге түсірді. Ғұндардың бір бөлігі оңтүстікке жылжып, ақ ғұндар (эфталиттер) деп аталды. Олар қазіргі Орта Азия, Ауғанстан, Солтүстік Үндістан аумақтарында өз үстемдіктерін орнатты.

Картамен жұмыс

Мәтін мәліметтері негізінде кескін картаға ғұндардың Қазақстан аумағы арқылы батысқа жылжуын белгілеңдер.

Анықтаңдар

Ғұндардың қоныс аударуы қай тайпаларға әсер етті? Мәтіннен ғұндардың батысқа жылжуы нәтижесіндегі болған өзгерістерді анықтаңдар және олардың ішіндегі негізгісін атаңдар.

Ғұн тайпаларының шығыстан батысқа қарай жылжуы б.з.д. II ғасырдан б.з. IV ғасырына дейін созылды. Бұл құбылыс Қазақстан аумағын қоныстанған тайпаларға ғана емес, басқа да халықтарға әсер етті. Сондықтан бұл үдеріс «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталды.

5.4. АТТИЛА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАУЛАУШЫЛЫҚ ЖОРЫҚТАРЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- Еуропада Батыс ғұн империясы қалай құрылғанын анықтаймыз.

қамал бұзғыш құрылғылар тас атқыш техника

Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?



1-сурет. Аттила патша бейнеленген медальон

ҒҰНДАР ЕУРОПАДА

Еділден өткен ғұндар б.з. 370 жылы аландарды, 375 жылы остготтар мен вестготтарды талқандады. Нәтижесінде олар Еділ-Жайықтан бастап, Днестр өзеніне дейінгі кең далалық аумақты иеленді. Керчь бұғазы арқылы өтіп, Боспор патшалығын талқандады. Осылайша батыстағы күшті ғұн ордасының негізі қаланды.

Шығыс Еуропаның далалық аймақтарын иеленген ғұндар Рим империясына көршілес болып, оған қарсы жорықтар жасап тұрды. Шығыстан келген қатыгез ғұн тайпалары туралы хабар римдіктер арасында үлкен үрей тудырды. 430 жылы ғұндар Шығыс Рим империясын алым-салық толеуге мәжбүрледі, сол жылы олар Дунайға дейін жетті. Ғұн мемлекеті Аттила патша басқарған кезде кемелденген шағына жетті. Аттила қазақ ауыз әдебиетінде Еділ деген атпен белгілі. Ол 400–453 жылдары өмір сүрген. 434 жылдан мемлекетті інісімен бірге басқарды, 445 жылдан жеке-дара билік құрды. Аттиланың басқаруымен ғұндар Балқан түбегіне шабуыл жасап, 70-ке жуық қаланы тізе бүктірді. Олар жорықтарында **қамал бұзғыш құрылғылар мен тас атқыш техниканы** қолданды (2-сурет).



2-сурет. Ғұндардың қамал бұзғыш қаруы

Уақыт сызығымен жұмыс

Еуропада Батыс Ғұн империясы қалай құрылды? Мәтіннен үш маңызды оқиғаны уақыт сызығына орналастырыңдар. Неліктен Аттила басқарған кезең Ғұн мемлекетінің кемелденген шағы деп есептеледі?

АТТИЛА ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР

Ромул (Рим патшасы). «Басқа елдерді жаулап алғандардың ішінде Аттиладай ұлы істер жасаған ешкім жоқ».

В. Иордан (гот тарихшысы). «Ғұндар жеңімпаз қолбасшыларын жартылай құдай ретінде мойындады... Оның даңқы таңғалдыруға лайық».

Приск (византиялық тарихшы). «Ол халықтарды сілкіндіру үшін жаратылды. Бәрін қалтыратып жіберді, ол туралы хабардың өзі қорқынышты еді. Көзқарасы мен қимыл-қозғалысы аса тектілікті көрсетеді. Соғысты жақсы көргенімен тонаушылығы аз, ойлау қабілеті жоғары, сұраушыға қайырымды, сенген адамына мейірімді болды».

Ойланыңдар**Маргус келісімшарты**

435 жылы Ғұн мемлекеті және Шығыс Рим империясы арасында Маргус келісімі жасалды. Бұл келісімшарт мынадай болды:

- 1) еш кедергісіз, тең дәрежелі сауда-саттық жүргізу;
- 2) Византия ғұн билеушісіне жыл сайын алтынмен салық төлеуге міндетті болды;
- 3) Византиялықтар ғұндарға қарсы ешбір одаққа кірмеуі тиіс болды.

Маргус келісімшарты қай елге тиімдірек болды?

Мінездеме жасаңдар

Алған білімдеріңе сүйене отырып, Аттилаға мінездеме жазыңдар.

Картамен жұмыс

Кескін картаға Аттила империясының аумағы мен оның жорықтарының бағыттарын белгілеңдер.



3-сурет. Ғұн империясы

5.4. АТТИЛА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАУЛАУШЫЛЫҚ ЖОРЫҚТАРЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- ғұндардың көрші елдермен қарым-қатынасын анықтаймыз.

контрибуция

Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?

Галереяға саяхат жаса

1–3-суреттерге мұқият қараңдар. Мәтіндер арқылы тарихи оқиғалармен танысқаннан кейін, бұл өнер туындыларына сипаттама беріңдер.

Аттила 441–447 жылдары Шығыс Рим империясына бірнеше рет жорық жасады. Бұл жорықтар елде үлкен үрей туғызады. Империяның астанасы Константинопольге ғұндар тарапынан қауіп төнді. Дегенмен, көп ұзамай ғұндар мен Византия арасында бітім жасалды. Империя Аттилаға үлкен алымдар төлеп, сыйлықтар беріп, аман қалады.

451 жылы қазіргі Франция жеріндегі Каталаун даласында Аттила бастаған ғұндар Батыс Рим империясының, франктердің, вестготтардың, аландардың, бургундардың біріккен әскеріне қарсы шайқасады. Ғұндар басқа еуропалық тайпалар – остготтар мен гепидтар тарапынан қолдау табады. «Халықтар шайқасы» деген атауға ие болған бұл оқиға дүниежүзі тарихында болған ұлы шайқастардың қатарына кірген. Иорданның мәле-



1-сурет. Еділдің тойлауы, оң жағында Шығыс Рим империясының елшісі Приск. Мор Тан, 1870 ж.



2-сурет. Каталаун шайқасы



3-сурет. Рим папасы I Леоның Аттиламен кездесуі, фреска. Рафаэль, 1514 ж.

меттері бойынша, осы кескілескен шайқаста аса көп жауынгер қазаға ұшырады. Каталун шайқасының нәтижесінде екі тарап та жеңіске жете алмай, ұрыс тең аяқталады.

452 жылы Аттила әскері Рим империясына жорық жасап, Италияның Аквеля, Медиоланум (қазіргі Милан қаласы), Тицидум қалаларын басып алады. Аттила әскері Рим қақпасына жақындаған кезде Рим папасы I Лео ғұндардың алдынан шығып, баға жетпес сәулет ескерткіштері, қолжазбаларға бай кітап қоймасы бар қаланы қиратпауын сұрайды. Аттила қалаға әскерін кіргізбей, тек **контрибуция** алады. Кейбір батыс ғалымдарының пікірінше, Аттиланың шегінуіне Италия жерінде басталған эпидемия себеп болған. 453 жылы Аттила қайтыс болады. Көп ұзамай аса құдіретті Ғұн империясы ыдырай бастады.

Қалай ойлайсыңдар, неліктен Ғұн империясы Аттила қайтыс болғаннан кейін ыдырап кетті?

Маңызды ақпаратты табыңдар

Мәтіннен маңызды деген үш фактіні анықтап, түсіндірме беріңдер.

Бұл қызықты

Еуропа әдебиетінде, тарихи деректерде Аттиланы «Құдайдың қаһары» деп атаған. Себебі ғұндарға Еуропадағы мемлекеттер мен тайпалардың ешқайсысы төтеп бере алмаған. Сондықтан олар Аттиланы құдайдың жіберген қаһары деп бағалаған. Христиан шіркеуі Аттиланың қатыгездігі, жауыздығы туралы халық арасында қауесет таратқан. Аттила патша – атақты италиялық ақын Данте Алигьеридің «Құдіретті комедиясының» және Еуропа халықтарында кеңінен танымал «Нибелунгтер туралы жыр» эпосының кейіпкері.

Ой толғау

Алған білімдеріңе сүйене отырып, «Еуропа тарихында ғұндар қандай із қалдырды?» деген тақырыпта шағын эссе жазыңдар.

СЕНДЕР НЕ БІЛДІҢДЕР?

Бұл тарауда сендер:

- жазба және археологиялық деректер негізінде ғұндардың тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын сипаттадыңдар;
- ғұндардың алғашқы мекендеген аумағын анықтадыңдар;
- ғұндардың мемлекеттік дәрежеге қалай жеткенін қарастырдыңдар;
- ғұндардың әскери өнері мен қару-жарақтарын сипаттадыңдар;
- ғұндардың көрші елдермен қарым-қатынасын талдадыңдар;
- Ұлы Қытай қорғанының салыну себептерін анықтадыңдар;
- ғұндардың батысқа жылжу себептерін анықтап, түсіндірдіңдер;
- ғұндардың Қазақстан аумағына қоныстануы қандай өзгерістерге алып келгенін талдадыңдар;
- деректер негізінде Ғұндар империясы туралы білдіңдер және оның Еуропаға тигізген ықпалын анықтадыңдар;
- түрлі деректер негізінде Аттилаға мінездеме бердіңдер.

Өздеріңді тексеріңдер

Тарау бойынша алған білімдеріңді қолданып, ғұн басшылары: Моде, Чжи Чжи, Аттилаға қатысты «Кім? Неге? Қашан? Қайда? Қалай?» сұрақтарына жауап беріңдер. Оқиғалар арасында қандай байланыс бар екендігі туралы ойланып көріңдер.

Кім?	Неге?	Қашан?	Қайда?	Қалай?
Моде				
Чжи Чжи				
Аттила				

ТАРАУ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

Тапсырмаларды дәптерге орындаңдар.

1-тапсырма

Ғұндар мемлекетіне берілген сызба бойынша сипаттама беріңдер.



2-тапсырма

Ғұн жауынгерінің қару-жарақтарын атап, сипаттаңдар.



3-тапсырма

Сөйлемдерді аяқтаңдар.

1. Ғұндар оңтүстік және солтүстік ғұндар болып екіге бөлінді, себебі... .
2. Ғұндар батысқа қарай жылжыды, себебі... .
3. Шаньюй шексіз билікке ие болды, себебі... .
4. Ғұндардың батысқа қоныс аударуы халықтың көші-қон үдерісінің бастамасы болды. Бұл үдеріс «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деген атаумен тарихқа енді, себебі... .
5. Ғұндар 200 жылда Еуропаның жартысын бағындырды, себебі... .
6. Каталаун шайқасы «Халықтардың ұлы шайқасы» деген атауға ие болды, себебі... .
7. Аттила қайтыс болғаннан кейін ғұн империясы ыдырай бастады, себебі... .

4-тапсырма

Тұлғаға қатысты тиісті сипаттаманы анықтап, сәйкестендіріңдер.

Моде	Ол «Шаньюй» атағына ие болды. Әскеріне «ысқыратын жебесі» қайда жетсе, сол жаққа атуға бұйырды. 24 түменбасыны тағайындап, әрқайсысына басқаратын аумақ пен 10000 әскер бекітті.
Чжи Чжи	Әскері үйсін мемлекетін талқандады. Ол ғұндарды басқара отырып, батысқа қарай жылжып, қаңлылар жеріне жетті. Талас өзені бойында қамал салдырды.
Аттила	Ол халықтарды сілкіндіру үшін жаратылды. Бәрін қалтыратып жіберді, ол туралы хабардың өзі қорқынышты еді.
	Шығыс Рим империясы онымен өзіне тиімсіз келісімшарт жасасуға мәжбүр болды.
	Ол атты әскерлерін қабырғалардың бойына саппен орналастырып, жаяу әскерін қақпаның екі жағына «балық қабыршағы» сияқты тұрғызды.
	Ол өзінің атты әскерімен Хань императоры жауынгерлерін жеті күн қоршауда қалдырады. Кейін екі ел арасында «тыныштық пен бейбітшілік» туралы келісім жасалады.

6

САРМАТТАР



Бұл тарауда сендер сармат тайпалық одақтарының тарихымен танысасыңдар. «Сармат» этнонимі ежелгі деректерде б.з.д. III ғасырдан бастап кездеседі. Сарматтар Қазақстанның батыс далалық аймақтарын мекендеген. Сынтас, Аралтөбе, Бесоба археологиялық ескерткіштері сарматтардың қоғамдық құрылысы, қолөнері, дүниетанымы мен шаруашылығы туралы маңызды ақпарат береді. Б.з.д. III ғасырдан бастап сарматтар Қара теңіз жағалауындағы Батыс скифтерге қарсы соғыстарын жүргізеді. Нәтижесінде олар Скифияның едәуір бөлігін басып алады. Сарматтар өз заманында Еуразия құрлығында маңызды рөл атқарады.

Сармат тайпаларының басты кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болған.

Ойланып көрейік

- Сарматтардың археологиялық ескерткіштері олардың қоғамы мен өмірі туралы қандай ақпарат береді?
- Сармат қоғамында орын алған әскери демократия несімен ерекшеленеді?

6.1. САРМАТТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ШАРУАШЫЛЫҚ ӨМІРІ (1-сабақ)



Бұл сабақта біз:

- сарматтардың тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік топтарының ерекшеліктерін анықтаймыз;
- картадан сармат тайпаларының аумағын анықтаймыз.

**Әскери
демократия**

Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?

Анықтаңдар

Матін негізінде сарматтардың мекендеген аумағын анықтап, кескін картада көрсетіңдер. Сарматтар мекендеген аумақ олардың айналысатын шаруашылығына әсер етті ме?



1-сурет. Қола айна.
Аурентөбе 2. Маңғыстау

САРМАТТАРДЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ

Сарматтар (савроматтар) Батыс Қазақстанды мекендеген. Кейіннен сарматтар Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауына жылжиды. Геродоттың жазуынша: «Донның арғы жағалауы енді скифтердің емес, савроматтардың иелігінде».

Сарматтар Орал, Тобыл, Жем өзендері мен Солтүстік Каспий маңына дейін, Мұғалжар тауынан Дон өзеніне дейінгі аумақты мекендеді. Олар мекендеген аумақ далалық жерлер болды. Сондықтан олар көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Жылқы, қой, ірі қара, түйе өсірді. Жылқының тебіндеуге және жорықтарға ыңғайлы түрлері өсірілді. Страбонның жазуынша, олар жайылым таңдап көшіп жүрген. Еділ-Жайық және Қара теңіз бойындағы сарматтар мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысты. Аң аулау арқылы сармат жастары жауынгерлік өнерін жетілдірген. Олар киіз үйлерде тұрған. Сонымен қатар Страбонның мәліметтері бойынша, оларда арбаға орнатылған үйлер де болған.

Күнделікті тұрмыста қыш, тері, темірден бұйымдар қолданған. Жалпы, сарматтардың тұрмыс-тіршілігі Қазақстанның өзге аумақтарын қоныстанған сақтар, ғұндар, үйсіндер мен қаңлыларға өте ұқсас болатын.

САРМАТТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Сарматтар қоғамында рулық-тайпалық құрылым орын алды. Саяси, әскери, діни, сот билігі патшаның қолында шоғырланды. Билік әкеден балаға мұраға берілді. Патша қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі саналған. Патша елді басқаруда әскери қолбасшыларына сүйенді. Сондықтан сармат қоғамында әскери топ үстемдік етті. Әскери көсемдер мен атақты жауынгерлердің тұрмысы, құқықтары мен міндеттері қатардағы жауынгерлерден ерекшеленді. Ер азаматтардың барлығы жауынгер саналды. **Әскери демократия** негізінде жауынгерлер өз жиналыстарында көсемдерін сайлап, мәселелерді шешті. Сармат қоғамында әйелдердің мәртебесі жоғары болды. Олардың ерлермен тең құқылы болғанын Геродот жазбалары дәлелдейді. Өңірлерде тайпаларды ақсүйектер басқарды. Олар сауда жолдарын бақылады, алым жинады, жорықтарға қатысты.

Мықты билігі бар, әскери сословиеге сүйенген сармат билеушілері Еділ, Жайық, Дон өзендері аралығында өз үстемдіктерін орнатып, көрші мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастар жасады.



2-сурет. Әшекей бұйымдар (шыны, маржан мен тастан жасалған моншақтар, алтын жалатылған сырға), жебе ұштары. Маңғыстау

Мәтіннен үзінділер келтіріңдер

Сарматтардағы әскери демократия белгілерін неден байқауға болады? Сармат қоғамының ерекшелігін атаңдар. Жауаптарыңды мәтіннен үзінділер келтіру арқылы дәлелдеңдер.

6.1. САРМАТТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ШАРУАШЫЛЫҚ ӨМІРІ (2-сабақ)



Бұл сабақта біз:

- сарматтардың археологиялық ескерткіштерін салыстырамыз;
- сарматтардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттаймыз.

ғибадатхана

Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?

Ойланыңдар

Неліктен сарматтардың ескерткіштері өзендердің жағалауларынан көптеп табылуда?

САРМАТТАРДЫҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Сарматтардың Қазақстандағы археологиялық ескерткіштері Жайық, Елек, Жем өзендерінің жағалауларында орналасқан.

Сарматтардың Бәйте, Терең атты ескерткіштерін зерттеу барысында ас беруге, құр-

бандық шалуға арналған **ғибадатханалары** табылды. Табылған ғибадатханалардың ішіне тас төселіп, дөңгелек дуалдар мен құрбандық шалуға арналған тас үстелдер қойылған. Айналасына адам бейнелі діңгек тастар орнатылған. Ғибадатханаларда от жағылған орындардың қалдықтары көп кездеседі.

Сарматтардың маңызды ескерткіштері – Бесоба, Сынтас, Аралтөбе қорымдары. Бұл ескерткіштер көбінесе топырақтан немесе тастан үйілген. Бұл обалардың сыртқы пішіні, үйінділерінің көлемі, бірге көмілген заттардың әртүрлілігі әлеуметтік теңсіздікті айқын көрсетеді.

Салыстырыңдар

Сынтас, Бесоба, Аралтөбе обаларында кімдер жерленген? Неліктен Аралтөбе қорымынан табылған адамды сармат көсемі деп атайды? Сармат көсемін де «алтын адам» деп атауға бола ма? Обаларды салыстырып, қорытынды жасаңдар.

Сынтас обасында үш сармат сарбазы жерленген. Олардың екеуі өздерінің қолбасшысын қорғау үшін қоршап жатқан қатардағы жауынгерлерге ұқсайды. Обаны зерттеу нәтижесінде жауынгерлердің жанынан жебелердің қола ұштары, темір қанжарлар, ауыздықтар, пышақтар, қыш ыдыстар, сүйек қасықтар табылды.

Бесоба обасы бөренеден салынып, үстіне тал, шөп төселіп, топырақпен жабылған. Обада әйелдер жерленген. Ол жерден

қола айна, алтын сырғалар, моншақтар, үш аяқты құрбандық тақта табылды. Бұл табылған жәдігерлер олардың абыз болғанын көрсетеді.

Аралтөбе обасында сармат көсемі (1-сурет) мен оның әйелі ерекше құрметпен жерленген. Сармат көсемінің сырткімі, қару-жарағы, қорамсағы және асатаяғы алтынмен зерленген. Көсемнің жанынан екі арғымақ пен қыран құстың сүйектері, жүзден астам жебесі бар қорамсақ, қыш құмыра, қылыш табылды. Қорымның айналасына тас мүсіндер қойылған.

САРМАТ ӨНЕРІ

Сармат обаларынан табылған әшекей бұйымдар зергерлік өнер жақсы дамығанын көрсетеді. Ал темірден жасалған үзеңгі, ауыздық және басқа металл бұйымдар – темір ұсталығы дамығанының дәлелі. Өнерде аң стилі мен полихромдық стиль қатар көрініс тапты. Олар киімдерін алтынмен апталған әшекей бұйымдармен безендірген. Сармат әйелдері сақина, білезік, тәті, алтын таналар, қапсырмалар, тоғаларды қолданған. Ақық (сердолик), агат, тау хрусталі, халцедоннан моншақтар жасаған. Сармат өнері өзінің стильдік ерекшеліктерімен сақ мәдениетін жалғастырды.

Жарнама жасаңдар

Мәтін мен суреттердегі мәліметтерді қолдана отырып, сармат өнеріне жарнама жасаңдар.



1-сурет. Сармат алтын адамы (Аралтөбе). Атырау облысы. Реконструкция



2-сурет. Сармат әйелдерінің шыны, ақық, маржаннан жасалған моншақтары

6.2. САРМАТТАРДЫҢ САЯСИ ТАРИХЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- сарматтардың халықаралық аренадағы орнын анықтаймыз.

Скифия
Сарматия

Зерттеу сұрақтары: Сарматтар қандай мемлекеттермен қарым-қатынаста болды?

Тұжырымдаңдар

Мәтіннің негізінде сарматтар мен скифтердің қарым-қатынасын сипаттайтын үш сөйлемнен аспайтын тұжырым жазыңдар.



1-сурет. Сарматтардың темір семсері мен қанжарлары. Батыс Қазақстан

САРМАТТАР МЕН СКИФТЕР

Батыс сармат иеліктері Қара теңіз жағалауындағы скифтермен (Еуропадағы сақтарға туыс тайпалар) көрші орналасып, олармен өзара достық қатынаста болды. Скифтер сармат жерлері арқылы сауда жасады. Ал сарматтар скиф патшасына жалданып, әскери қызмет етті.

Б.з.д. III ғасырда сарматтар мен скифтердің қарым-қатынасы өзгерді. Грек тарихшысы Диодор: «Сарматтар скифтердің жерін күшпен иемденіп, халқын қырғынға ұшыратты», – деп жазған. Скиф аңыздарының бірінде мынадай ақпарат берілген: «Он мың салт атты сармат әскері бізге шабуыл жасады, ал жаяу әскері одан үш есе көп болды. Олар кенеттен шабуыл жасағандықтан, барлығымыз қаштық, көп

жауынгеріміз қаза тапты, кейбіреулерін тірідей әкетті... Сарматтар тұтқындарды жинап, шатырларды тонап, көптеген арбаларды олжа қылды».

Нәтижесінде Шығыс Еуропа далалары мен Солтүстік Кавказ аумағы енді **Скифия** емес, **Сарматия** деп атала бастады. Сарматтар бұл аймақтың отырықшы халықтарымен бейбіт қарым-қатынас орнатты. Сармат билеушілері өз биліктерін нығайту үшін халықаралық сауданың дамуына мүдделі болды. Соңдықтан олар Қара теңіз жағалауындағы грек қалаларының дамуын қолдады. Олар халықаралық саудадағы жол бағыттарына өз бақылауларын орнатуға тырысты.

БАТЫС САРМАТТАРЫ

Б.з.д. I ғасырда сармат тайпалары Дунай мен Еділдің аралығында үстемдік етті. Батыс сармат тайпалары Рим мемлекетімен шегаралас болғандықтан, тығыз байланыста болды. Кей жылдары Римнің Дунайдағы иеліктеріне жорықтар жасаса, енді бірде Римнің әскеріне қосылып, одақтас та болды. Шегарасының тыныштығы үшін Рим сарматтарға алым төлеп тұрған. Б.з. I ғасырында 8 мыңдық сармат жасағы Рим әскеріне жалданды деген мәлімет кездеседі.



2-сурет. Сармат жауынгері.
Суретші Қ. Ахметжанов

Анықтаңдар

Сарматтар мен Рим империясы арасындағы қарым-қатынастар қандай болды?

Себептерін талдаңдар

Неліктен сарматтар тарихи сахнадан дербес күш ретінде жойылды?

ШЫҒЫС САРМАТТАРЫ

Шығыс сарматтары Алдыңғы Азиямен тығыз байланыста болды. Сарматтар б.з.д. I ғасырда Римге қарсы күрескен Понт елінің патшасы Митридатты қолдады.

Сарматтар Боспор патшалығымен одақтасып, оның патшаларына қызмет еткен. Кейін сармат тайпалары арасында өзара алауыздық күшейеді. Олар Боспор патшалығындағы билік үшін күреске араласып, бір-біріне қарсы соғысады.

Б.з. IV ғасырында гүндар сарматтарды талқандап, бір бөлігін өзіне қосып алады. Сөйтіп, сарматтар әлсіреп, тарихи сахнадан дербес саяси күш ретінде жойылды.

6.2. САРМАТТАРДЫҢ САЯСИ ТАРИХЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- сарматтардың әскери өнерін сипаттаймыз.

катафрактарий

Зерттеу сұрақтары: Сарматтар қандай мемлекеттермен қарым-қатынаста болды?

Анықтаңдар

Сарматтардың әскери өнері несімен ерекшеленеді?



1-сурет. Жеңіл қаруланған сармат жауынгері.
Суретші Қ. Ахметжанов

САРМАТ ЖАУЫНГЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

Сарматтардың әскери өнерін антик авторлары жоғары бағалаған. Грек авторлары «сарматтарды соғыс құдайы Арестің ұрпақтары» деп санаған. Олардың әскери шеберліктері туралы көрші халықтар арасында әртүрлі аңыз-әңгімелер көп тараған. Шет мемлекеттер сарматтарды әскери қызметке алып отырған. Сармат жауынгерлері Рим империясы мен басқа да мемлекеттерге әскери қызметке жалданған. Олардың әскери өнерін римдіктер жоғары бағалаған.

Сарматтар бала күнінен садақ тартып, найза түйреп, аңшылық арқылы көп шыныққан. Сармат жауынгерінің негізгі қаруы ұзын найза, ұзын және қысқа семсер, садақ, жебе болды. Сарматтардың ұзын найзасы шайқаста жауды түйреуге қолайлы еді. Олардың ұзын семсері әскери салада жаңалыққа айналып, басқа халықтарға таралды. Олар жауға жақындаған кезде арқан салып, сүйреп әкететін. Шегінген кезде де сармат жауынгері қауіпті болған, себебі садақ тартып қуғыншыларды атқылаған.

КАТАФРАКТАРИЙ ДЕГЕН НЕ?

Сарматтардың аласа бойлы, төзімді жылқылары көп еді. Антик авторлары: «Олардың жылқылары аласа болса да, асау келеді», – деп жазған. Рим авторы Овидий «сарматтардың жылқысын қауіпті» деп сипаттаған. Сармат жауынгері жорыққа өзімен бірге бірнеше осындай арғымақ алып шыққан. Сармат жылқысы күніне 200 шақырымнан көп қашықтықты жүріп өткен. Осылайша сарматтардың атты әскері шапшаң қозғалып, жауларына кенеттен шабуыл жасап отырған.

Сарматтар Парфия мен Рим әскерінен жинаған тәжірибелерінің нәтижесінде көшпелілердің соғыс өнеріне үлкен жаңалық әкелді. Олар малдың мүйізін кептіріп, ойып алып, сауыт жасаған. Денесін толығымен осындай берік сауытпен жапқан сармат жауынгерін жеңу оңай болмаған. Осылайша ауыр сауыт киіп, жау шебін найзамен түйреп бұзатын сармат атты әскері **катафрактарий** деп аталды.



2-сурет. Сармат катафрактарийлері.
Римдегі Траян бағанасының барельефі

Ойланыңдар

Сармат жауынгерлерінің жеңіске жетуіне не себепші болды деп ойлайсыңдар?

Сипаттама беріңдер

Геродот сармат әйелдерін қалай сипаттаған?

САРМАТ ЖАУЫНГЕР ӘЙЕЛДЕРІ

Геродот: «Еуропада Меотида көлінің маңында өмір сүретін және басқа халықтардан ерекше скиф халқы бар. Олардың аты – савроматтар... Олардың әйелдері садақ атады, найза лақтырады, аттың үстінде жүреді. Күйеулерімен бірге аңшылыққа шығады, шайқастарға қатысып, ерлермен бірдей киінеді», – деп сипаттаған.

СЕНДЕР НЕ БІЛДІҢДЕР?

Бұл тарауда сендер:

- сармат тайпаларының мекендеген аумағын картадан анықтадыңдар;
- сарматтардың айналысқан шаруашылығын сипаттадыңдар;
- сарматтардың қоғамдық құрылым ерекшеліктерін талдадыңдар;
- сарматтардың Бесоба, Сынтас, Аралтөбе секілді маңызды археологиялық ескерткіштерін зерттеп, мәдениет жетістіктерін сараптадыңдар;
- сарматтардың қолданбалы, зергерлік өнерімен таныстыңдар;
- сарматтардың жаулаушылық соғыстары туралы білдіңдер;
- сарматтардың әскери өнерін сипаттадыңдар;
- сарматтардың тарихи сахнадан дербес күш ретінде жойылу себептерін анықтадыңдар.

Өздеріңді тексеріңдер

Осы тарау бойынша алған білімдеріңді қолдана отырып, берілген ақпараттың ақиқат не жалған екенін ажыратыңдар.

Факт	Ақиқат	Жалған
Сарматтар скиф патшасына жалданып, әскери қызмет етті.		
Сарматтар Қара теңіз жағалауындағы скифтермен көрші орналасып, достық қарым-қатынаста болды.		
Шығыс Еуропа далалары мен Солтүстік Кавказ аумағы Сарматия деп атала бастады.		
Шегарасының тыныштығы үшін Рим сарматтарға алым төлеп тұрған.		
Б.з. III ғасырында сарматтарға солтүстік батыстан жылжыған готтар соққы жасады.		
Сарматтардың әскери өнерін антик авторлары жоғары бағалаған.		
Сарматтарда семсерді жерге қадап, оған табыну дәстүрі болған.		
Теріден торсық, саба, көнек ыдыстарын жасау кең таралған.		
Сарматтарда әскери демократия үстемдік етті.		
Жауынгерлердің рөлі төмен болды.		
Бесоба обасынан үш жауынгер табылды.		
Сармат көсемі – қазақстандық алғашқы алтын адам.		

ТАРАУ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

Тапсырмаларды дәптерге орындаңдар.

1-тапсырма

Мәтіндегі бос орындарды толтырыңдар.

Сарматтар ғасырларда өмір сүрді. Сарматтар өсірді. Еділ-Жайық және Қара теңіз бойындағы сарматтар мал шаруашылығымен қатар айналысты. Аң аулау арқылы сарматтардың жауынгерлері мергендік, шапшаңдық, жаугерлік өнерін жетілдірген. Оларда теріден ыдыстарын жасау кең таралған. Сарматтарда билік әкеден балаға ретінде берілген. Ер азаматтардың барлығы саналды. Сармат қоғамында демократия үстемдік етті. Сарматтарда әйелдердің ерлермен тең дәрежеі болғанын жазбалары дәлелдейді.

2-тапсырма

Сармат ескерткіштерін салыстырыңдар.

Оба атауы	Обаның жалпы сипаттамасы	Сендерді таңғалдырған дүние	Табылған жәдігерлер сарматтар өмірі туралы қандай ақпарат береді?
Сынтас			
Бесоба			
Аралтөбе			

3-тапсырма

Берілген ой-түйіндерге тиісті дәлелдер келтіріңдер.

Ой-түйін	Дәлел
Сарматтар қоғамында әскери демократия орын алды.	
Сарматтарда әлеуметтік теңсіздік болды.	
Сарматтарда темір ұсталығы жақсы дамыған.	
Сармат қоғамында әйелдер мен ерлердің құқығы тең болды.	

4-тапсырма

Суретпен жұмыс.



1. Суретте қандай оқиға бейнеленгенін болжап көріңдер.
2. Бұл оқиғадан бұрын және кейін не болуы мүмкін деп ойлайсыңдар?

5-тапсырма

Берілген сұрақты талдап, жауаптарыңды негіздеңдер.

Сарматтарда әлеуметтік теңсіздік болды ма?

Позиция. Мен _____ деп санаймын.

Түсіндіру (негіздеме). Себебі _____

Мысал. Оған мынадай мысалдарды келтіруге болады: _____

Қорытынды (нәтиже шығару). Айтылған мәселе бойынша, мынадай қорытынды жасауға болады: _____

7

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫНА ШОЛУ

Қазақстанның ежелгі тарихын зерделеу арқылы сендер көптеген маңызды әрі қызықты тарихи оқиғаларды оқып, білдіңдер. Осы тарауда бұл оқиғаларға қысқаша шолу жасап:

- тас дәуірі мен қола дәуіріндегі еңбек құралдарының жетілдірілуі, алғашқы кәсіп түрлері;
- мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының қалыптасуы;
- металл өндіру және оның адам өміріне әкелген өзгерістері;
- ежелгі Қазақстан тұрғындарының антропологиялық тұрпаттарының ерекшеліктері;
- Ұлы Жібек жолы және оның халықаралық қатынастар мен сауданың дамуына әсері туралы ой-пікірлеріңді тұжырымдауға мүмкіндік аласыңдар.

Ойланып көрейік

- Еңбек құралдары мен қару-жарақ түрлерінің жетілуі адам өмірін қалай өзгертті?
- Неліктен Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпаларда алғашқыда еуропеоидтық белгілер басым болып, кейін моңғолоидтық белгілер пайда болды?

7.1. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН АДАМДАРЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРПАТЫ (1-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- қола дәуірі тайпаларын нәсілдік ерекшеліктеріне қарай ажыратамыз.

**антропологиялық тип
моңголоидтық
еуропеоидтық
андроновтық тұрпат**

Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді?

Анықтаңдар

Мәтін негізінде суреттегі балалардың тұрпатын анықтаңдар.



1-сурет. Әртүрлі нәсіл өкілдері



2-сурет. Алексеев қорымынан табылған әйел адам. Реконструкция

НӘСІЛДЕРДІ ҚАЛАЙ АЖЫРАТАМЫЗ?

Антропологиялық тип немесе нәсіл – адамдардың шығу тегі мен дене құрылымының тұқым қуалау белгілері бойынша ортақ тобы. Адамдардың тұрпатын бас пен бет пішініне, дене бітіміне, тері, шаш, көз түсіне қарап анықтайды.

Ғалымдар адамдардың биологиялық қасиеттеріне қарай үш: **еуропеоидтық**, **моңголоидтық** және негроидтық нәсілді ажыратады. Еуропеоидтық нәсілдің белгілері – терісі ақшыл, шаштары жұмсақ толқынды, денесі түкті, көздері үлкен, беттері сопақша, қыр мұрынды, ерні жұқа болып келеді. Моңголоидтық нәсіл – терісі қоңырқай сары түсті, қатты шашты, денесінің түгі аз, қысыңқы көзді, жалпақ бетті, қалың қабақты, қалыңдау ернімен ерекшеленеді. Негроидтық (экваторлық) нәсілдің терісі қара, шашы бұйра, денесі түктілеу, жақ сүйегі шығыңқы, мұрыны жалпақ, ерні қалың болады. Қазіргі кезде аталған типтердің аралығынан шыққан аралас нәсіл өкілдері де кездеседі.

АНДРОНОВТЫҚ ТҰРПАТ ДЕГЕН НЕ?

Антропологиялық зерттеулер адамдардың шығу тегін, тұрпатын анықтауға мүмкіндік береді. Ғалымдар бас, қаңқа сүйектерін зерттей отырып, ежелгі адамдардың тұрпатын ажыратып, тарихи байланыстарды дәлелдейді. Қола дәуірі тұрғындарының тұрпаттық ерекшеліктері Алексеевка, Ойжайлау, Зевакино қорымдарынан табылған бас сүйектерді зерттеу нәтижесінде анықталған.

Андроновтық археологиялық ескерткіштер Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан аумақтарында көп кездеседі. Бұл аумақтардан табылған бас сүйектерді зерттеу барысында **андроновтық тұрпат** анықталды. Андроновтық тұрпаттың белгілерін академик В.П. Алексеев сипаттаған. Олардың бас сүйегі үлкен, беті дөңгелек, мұрыны көтеріңкі келеді.

Ойжайлау обасынан табылған бас сүйектердің бет пішіні сопақтау, маңдайы дөңес болған. Ал Зевакино обасы бас сүйектерінің басы сопақ, ат жақты, көзі үлкен, мұрыны қусырыңқы болып келеді. Яғни, андроновтықтарға ұқсас. Зевакино және Ойжайлау қорымдарын антропологиялық зерттеу нәтижелері олардың Орта Азия халықтарымен тығыз байланыста болғанын көрсетеді.

Қазақстанның барлық аймағынан табылған қола дәуірі адамдарының бас сүйектерінің зерттеулері нәтижесінде олардың көне қазақстандық еуропеоидтық нәсілге жататыны анықталды. Кейбір ғалымдардың пікірінше, бүгінгі күнгі қазақтардың тұрпатында қола дәуірі тайпаларының 30%-дай антропологиялық белгілері сақталған.

Сипаттаңдар

Андроновтық тұрпат деген не? Андроновтық тұрпаттың қандай белгілері бар?

Дәлелдеңдер

Ғалымдар Ойжайлау, Зевакино және кима тайпаларының қорымдарын зерттеу арқылы қандай қорытындылар жасады? Ол тайпалар қай тұрпатқа жатады? Пікірлеріңді мәтін және 3-сурет мәліметтері арқылы дәлелдеңдер.



3-сурет. Тобыл өзенінің жоғары ағысынан табылған андронов адамы. Реконструкция

7.1. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН АДАМДАРЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРПАТЫ (2-сабақ)

Бұл сабақта біз:

- ерте темір тайпаларының нәсілдік ерекшеліктерін анықтаймыз.

генетикалық байланыс

Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді?



1-сурет. Шірік-Рабат қорымынан табылған сақ адамы. Реконструкция

Ерте темір дәуірінің тұрғындары – сақтардың антропологиялық тұрпаты андронов мәдениеті өкілдеріне ұқсас. Сақтардың бас сүйегі шағын, беті жалпақ, маңдайы тайқы, көз ұясы шығыңқы болды. Жалпы, сақтарға еурпеоидтық антропологиялық типі тән болған. Сақтардың антропологиялық ерекшеліктерін зерттеу б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында Қазақстан аумағында ассимиляция (нәсілдердің араласуы) үдерісі басталғанын көрсетеді. Сақтарда моңғолоидтық белгілер пайда бола бастады. Бірақ бұл кезеңде моңғолоидтық нәсілдің қосынды үлесі жергілікті еурпеоидтық халықтың жалпы көлемінде аз болды.

Анықтаңдар

Сақтардың тұрпаттық белгілері қандай болды? Сақтарда қандай өзгеріс байқалады?

ҮЙСІНДЕР МЕН САРМАТТАРДЫҢ ТҰРПАТЫ

Үйсіндердің бас сүйегі орташа, маңдайы тайқы, бет сүйегі мен кеңсірігі шығыңқы, қабағы дөңес, мұрны орташа болды (2-сурет). Бұл белгілер сақтарға қарағанда үйсіндерде моңғолоидтық белгілердің көп таралғанын көрсетеді. Әсіресе, әйел адамдарда моңғолоидтық белгілер анық байқалады.

Сарматтардың тұрпатын зерттеу арқылы олардың осы дәуірде Еділ бойын мекенде-

ген тайпалармен (қима мәдениеті тұрғындарымен) **генетикалық байланысын** аңғарамыз. Кейбір сарматтардың бас сүйектері тұрпаты жағынан үйсіндерге ұқсайтыны байқалады. Яғни, бас сүйегі үлкен, мұрын сүйегі дөңес, көзі үлкен. Батыс Қазақстан тұрғындарының басқа аймақтармен тығыз қарым-қатынаста болғаны белгілі. Сондықтан сарматтардың тұрпатында да моңғолоидтық белгілер байқалады.



2-сурет. Үйсін адамы.
Реконструкция



3-сурет. Сармат әйелі.
Реконструкция

МОҢҒОЛОИДТЫҚ БЕЛГІЛЕРДІҢ КҮШЕЮІ

Қазақстандағы ежелгі көшпелілердің антропологиялық тұрпаты Орталық Азияның басқа да тайпаларымен ұзақ этникалық жақындасу үдерісі нәтижесінде өзгеріске ұшырады. Моңғолоидтық белгілер Қазақстан аумағына ғұндардың Алтайдан қоныс аударуымен күшейе түсті. Еурпеоидтық және моңғолоидтық тайпалардың араласуының нәтижесінде жергілікті тураноидтық (оңтүстік сібір) нәсілдік типі қалыптасты. Сөйтіп, бұл тайпалар антропологиялық тұрпаты жағынан қазіргі қазақ халқына жақындай түсті.

Салыстырыңдар

Үйсіндердің тұрпатын сипаттаңдар. Үйсіндерде неліктен моңғолоидтық белгілер басым болды? Сарматтардың тұрпаттық белгілерін сипаттай отырып, үйсіндермен салыстырыңдар.

7.2. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАНҒА САЯХАТ (1-сабақ)



Бұл сабақта біз:

эволюция

- адамдардың алғашқы кәсібі мен шаруашылық түрлерін есімізге түсіреміз;
- еңбек құралдары мен қару-жарақ түрлерінің дамуын түсіндіреміз;
- көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын сипаттаймыз.

Мыңдаған жылдарға созылған тарихи даму барысында ежелгі адамдар жануарлар дүниесінен бөлініп шығып, табиғат тәуелділігінен босады. Топтасып тіршілік ету, еңбек құралдарын жетілдіру, отты пайдалану – **эволюцияның** басты бағыттары болды. Алғашқы қауымдық құрылыстан кейін, рулық қауым пайда болып, тайпалық одақтар құрылды. Ежелгі адамдар ұзақ әрі күрделі даму жолынан өтіп, еңбекке бейімделді. Өндіруші шаруашылықтың қалыптасуы адам өмірін айтарлықтай өзгертті. Адамдар металл өңдеуді игеріп, еңбек құралдары мен қару-жарақтарын үнемі жетілдіріп отырды. Мұндай үдеріс адамзат қоғамының қалыптасып, дамуына әсер етті.

Еңбек құралдары мен қару түрлерінің жетілдірілуі адам өміріне қалай әсер етті? Ойларыңды негіздеңдер.



1-сурет. Қола дәуірінің құралдары

ЕГІНШІЛІК

Терімшіліктің дамуы неолит дәуірінде егіншіліктің пайда болуына әсер етті. Адамдар жерге түскен дәннен жаңа сабақтың өсіп шығатынын байқады. Сөйтіп, өсімдіктерге қолайлы жағдай жасап, мол өнім алуды меңгерді. Бұл табиғаттың дайын өнімін иемденуден өндіріске көшу дегенді білдіреді.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ерте темір дәуірінде ауа райы өзгеріп, көшпелі мал шаруашылығы қалыптасты. Көшпелі мал шаруашылығы адамдардың өміріне үлкен өзгеріс әкелді.

Адам еңбегі өнімді бола түсті. Өнімдердің артық қорын жинау және иемдену мүмкіндігі көбейді. Мал шаруашылығы өнімдері көп ұзамай айырбас құнына ие болды. Малшылар мен егіншілер арасында өнім айырбасы дами бастады.



3-сурет. Мал шаруашылығы

Егін шаруашылығының қалыптасуынан қандай өзгерістер орын алған? Өздеріңді осыдан VII – V мың жыл бұрын өмір сүрген адам ретінде елестетіп, егіншінің өмірін сипаттаңдар.



2-сурет. Егіншілік

Себебін анықтаңдар

3-суретте қандай шаруашылық түрі бейнеленген? Не себепті ежелгі дәуір адамдарының кәсібі мен шаруашылығы өзгеріске ұшыраған? Олардың өзгеру себептерін еске түсіріңдер.

Тірек сөздерді пайдаланып, шағын оңгіме құрастырыңдар: *климат, көшпелілер, азық, кәсіп, шаруашылық, мал, егіншілік.*

7.2. ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАНҒА САЯХАТ (2-сабақ)



Бұл сабақта біз:

- Ұлы Жібек жолы туралы білгенімізді толықтырамыз;
- тарихи деректерді қайталау арқылы ежелгі көшпелілерге сипаттама береміз.

миссионер

Ұлы Жібек жолы – өркениет тарихының ең маңызды жетістіктерінің бірі. Бұл жол Қытай жеріндегі Хуанхэ өзені бойынан басталып, Қазақстан арқылы Қара теңіздің солтүстік-шығыс бөлігімен Еуропаға жеткен. Ұлы Жібек жолы тек халық тұтынатын тауарларды ғана жеткізіп қоймай, рухани мәдениеттің дамуына да өз үлесін қосқан. Ол әсіресе ғылым мен өнер салаларында ерекше байқалды. Сонымен қатар осы жол арқылы **миссионерлер** өз діни ілімдерін таратты. Орталық Азияда құрылған ірі мемлекеттердің барлығы осы халықаралық сауда жолына бақылау орнатуға тырысып, өзара жиі-жиі соғысып отырды.

Керуен жолымен саяхат

Негізден Ұлы Жібек жолының тармақтары Қазақстан арқылы өткен? Ұлы Жібек жолы Қазақстан аумағын мекендеген көшпелілердің тұрмыс-тіршілігіне қалай әсер етті?



Ұлы Жібек жолы

Қазіргі кезде елімізде Ұлы Жібек жолын қайта өркендету идеясы жүзеге асырылуда. Осы мақсатта «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансқұрлықтық автомобиль дәлізі салынып жатыр. Бұл жоба Ұлы Жібек жолын жаңғыртуды көздейді.

Көшпелілер құрылтайы

Қазақстан аумағында мекендеген көшпелілерге қандай қасиет тән болды деп ойлайсыңдар? Берілген деректерге сүйеніп, көшпелілердің саяси және әлеуметтік жағдайы туралы баяндама дайындаңдар.

«Қаңлылар өркөкірек, өжет келеді. Біздің елшілерімізге басын имейді. Қытай билеушісі атынан жіберілген өкілдерімізді үйсін елшілерінен төмен атырғызады. Өздерінің билеушілері мен ақсақалдарына тамақты алдымен береді, содан соң барып біздің елшілерге тамақ тартады».

«Қауымның барлық мәселесін ру ақсақалдары, тайпа көсемдері қауым мүшелерімен ақылдаса отырып шешкен. Сарматтардың әйелдері де жасақ құрамына кірген».

Шырақ батыр: «Елімді жаудан аман алып қалу үшін мен сендерді алдадым. Сендер енді шал далада қырыласыңдар!» – деді.

«Үйсіндерде қолөнершілер көп болды, сонымен қатар малшылар мен егіншілер де бар. Үйсін қоғамында теңсіздік қалыптасты, көсемдер «менің жайылымыма ешкім мал жаймасын» деп, жеріне басқаны жолатпады, оларда сауда қарым-қатынастары жақсы дамыды».

«Аттила таңертең үйден шығысымен, есік алдында тұрып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады, күні бойы әлемнің әртүрлі елдерінен келген елшілерді қабылдады, ал кешке бізбен тамақ ішті. Бәрі күміс ыдыстан ас ішті, ал Аттила ағаш ыдыстан тамақтанды».

Темір дәуірінде Қазақстан аумағын қоныстанған көшпелілердің өмірінде елеулі өзгерістер орын алды. Біз оны археологиялық зерттеулер мен жазба деректерден білеміз. Бұл кезеңде көшпелілер арасында шаруашылық, саяси, мәдени байланыстардың даму үдерісі жүрді.

СЕНДЕР НЕ БІЛДІҢДЕР?

Бұл тарауда сендер:

- еңбек құралдары мен қару-жарақтың жетілуі адам өміріне ерекше әсер еткенін анықтадыңдар;
- ежелгі дәуірге саяхат жасай отырып, адамдардың алғашқы кәсібі мен шаруашылық түрлеріне шолу жасадыңдар;
- Ұлы Жібек жолының рухани мәдениеттің дамуына өз үлесін қосқанын анықтадыңдар;
- көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын сипаттадыңдар;
- темір дәуірі тайпаларының саяси тарихын еске түсірдіңдер;
- Қазақстан аумағында өмір сүрген қола дәуірі тайпаларының тұрпатын талдадыңдар;
- темір дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, сармат тайпаларының нәсілдік ерекшеліктерін ажыраттыңдар.

Өздеріңді тексеріңдер

Еңбек құралдары темірден жасалып, металлургияның таралуымен сипатталған адамзат тарихының кезеңі **темір дәуірі** деп аталады. Б.з.д. I мыңжылдықта Қазақстанды мекендеген көшпелі тайпалардың материалдық мәдениеті, өнер туындылары, қару-жарақтары, тұрмыстық және діни-ғұрыптық бұйымдары қайталанбас ескерткіштер болатын. Есік, Шілікті, Берел, Бесшатыр, Тасмола, Қарғалы ескерткіштерінен табылған археологиялық олжалар тайпалардың мәдениеті мен қоғамдық құрылысынан сыр шертеді.

Кесетені толтырыңдар.

Тайпа атаулары	Қоғамдық құрылысы	Мәдени ескерткіштері	Антропологиялық ерекшеліктері
Сақ			
Ғұн			
Үйсін			
Қаңлы			
Сармат			
Ой-түйін:			

ГЛОССАРИЙ

Абыз – діни жоралғыларды басқарып, болжам жасап, жорамал айтатын беделді тұлға.

Айырбас – мүлікті, малды баспа-бас айырбастау.

Ақинақ – скиф, сақ, сармат жауынгерлері қолданған қысқа семсер.

Ақсүйек – дәстүрлерге арқа сүйеп, халыққа үстемдік етуші әулеттердің өкілі.

Андроновтық тұрпат – Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан аумақтарынан табылған бас сүйектерді зерттегенде анықталған тұрпат.

Анимизм (лат. *anima* – рух, жан) – заттық дүние құбылыстарының жандылығын білдіретін ұғым. Оған «киелі», «қасиетті» жер атаулары (таулар, өзен-көлдер, ағаш-бұталар) мен табиғат құбылыстары жатады. Олардың жаны және иесі бар деп есептеледі.

Антик жазбалары – ежелгі грек және рим авторларының жазбалары.

Антропология – адамның шығу тегі мен дамуын зерттейтін ғылым.

Аң стилі – сақ-скиф тайпаларының қолданбалы өнер туындыларында аңдарды бейнелеуі. Оның негізгі тақырыбы – аңдарды және аңыздағы тажайыптарды бейнелеу.

Аңшылық – алғашқы адамдардың негізгі кәсібі; жабайы жануарларды аулау.

Артефакт – табиғи емес, қолдан жасалған зат. Тарих ғылымында көбінесе өткен кезеңдер туралы тарихи мәлімет беретін заттар.

Аруақ – кошпелілердің сенімінде дүниеден өткен адамның жаны.

Археология – заттай деректердің негізінде адамзат баласының өткенін зерттейтін тарих ғылымының саласы.

Арық – өзен арнасынан не бөтеттен егінге су жіберуге, егісті суаруға арналған жасанды арна.

Асатаяқ – ежелгі дәуірдегі тайпа көсемінің (патшаның) билік белгісі.

Ассимиляция – бір халықтың екінші халықпен араласу үдерісі; халықтың өзінен саны көп, қуаты күшті халықтың құрамына сіңіп, өзгеріске ұшырау үдерісі.

Ат әбзелдері – жылқыға міну және жегу үшін пайдаланылатын құралдар мен жабдықтар.

Ауыздық – аттың аузына кигізіліп, екі жағына жүгенді бекітетін шылбыры бар ат әбзелі.

Ахеменидтер – ежелгі Парсы мемлекетіндегі патша әулеті.

Әлеуметтік теңсіздік – адамдардың қоғамда әлеуметтік жағдайына байланысты бөлінуі.

Әскери демократия – жауынгерлердің жиналыстарында өз көсемдерін сайлап, мемлекеттік мәселелерді шешуге қатысу құқығының кеңінен таралуын білдіретін қоғамдық-саяси құрылыс.

Әскери сословие – құрамына әскери көсемдер мен жауынгерлер кіретін, тұрмысы, құқықтары мен міндеттері жағынан ерекшеленетін қоғамдағы топ.

Бальзамдау – мәйітті ұзақ уақыт сақтау үшін шірітпейтін заттармен өңдеу.

Бата – адал ниет, жақсы тілек білдіру дәстүрі.

Бек – рудың басшысы, рудың әскеріне қолбасшылық жасаған тұлға.

Бехистун жазбасы – Парсы патшасы I Дарийдің жартасқа б.з.д. 516 ж. жаздырған жазулары.

Бодандық – еркінен айырылу, тәуелділік, кіріптарлық, өзге мемлекетке бағынышты болу.

Бойтұмар – бәле-жаладан, сәтсіздіктен, көз бен тілден сақтайтын зат.

Болас – ұзын арқан ұшына ауыр тастар байланып, айналдыра алысқа лақтырып аң аулайтын қару түрі.

Бітім – екі араздасушы жақты татуластыратын бейбіт келісім.

Гарпун – найзаға ұқсас, ұшына үшкір сүйек бекітілген аң және балық аулау үшін қолданылған қару.

Генетикалық байланыс – ұрпақта-ұрпақта берілетін қасиет, ерекшелік.

Геолог – жердің қыртысын және ішкі қабаттарын, олардың құрамын, құрылысын, қозғалысын зерттейтін ғалым.

Грифон – құс басты, жыртқыш денелі, қос мүйізді, қос қанатты аңыздық бейне.

Ғасыр – 100 жылдан тұратын уақыт бірлігі.

Ғибадат – құдайдың әмір еткен тыйымдарын бұлжытпай орындау, табыну.

Ғибадатхана – құдайға құлшылық ететін, діни рәсімдер мен парыздар атқарылатын ғимараттардың жалпы атауы.

Ғылым академиясы – ғылыми-зерттеу мекемесі. Әртүрлі бағыттарда ғылыми зерттеулерді ұйымдастыратын, басқаратын ұйым.

Дәнекерлеу – жоғары балқыту температурасында металл жиектерін біріктіру.

Дәуір – адамзаттың тарихында ерекшеленетін кезеңдер (тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі).

Дромос – оба астындағы қабірге алып баратын, мәйітті тонаудан сақтап қалу үшін жасалған дәліз тәрізді, үсті жабық өткел.

Дуал – балшық, саман, шым тәрізді заттардан айналдыра салынған қоршау, қорған, құрылыс.

Елші – бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігінің басшысы.

Елшілік – бір елдің екінші елге келіссөз жүргізуге жіберген өкілі немесе өкілдері.

Елтаңба – мемлекеттің басты рәміздерінің бірі.

Еурпеондық тұрпат – терісі ақшыл, шаштары жұмсақ толқынды, денесі түкті, көздері үлкен, беттері сопақша, қыр мұрынды, ерні жұқа болып келетін адамдардың нәсілдік тобы.

Жайылым – мал еркін жайылып, бағылатын жер алқабы.

Жартылай көшпелі – көктем, жаз, күз мезгілінде жайылымның ыңғайына қарай жылжып, көшіп, қыста дайын қора-жайы бар қыстауларда қыстайтын мал шаруашылығы.

Жәдігер – адамдардың өткен өміріне қатысты түрлі мәліметтер. Тарихи орындардан табылған құнды ақпараттар көзі болып табылатын бұйымдар.

Жекеменшік – жер, мүлік т.б. меншіктің жеке адамға, отбасыларына, адамдар тобына тиесілі болуы.

Жерошақ – от жағып, үстіне қазан асуға, нан пісіруге арналған шұңқыр.

Жертөле – жерден қазылып, бұтақтармен өріліп, топырақпен жабылған баспана.

Жоса (охра) – сары немесе қызыл түсті минералды бояу.

Жүген – атты көлік ретінде мініп, оны бағыттап отыратын, былғарыдан жасалған тартпа құрал.

Жылнама – оқиғаларды жылы, күні бойынша баяндайтын жазба деректер.

Зергерлік өнер – әшекей бұйымдар жасайтын қолөнер түрі.

Зират – қайтыс болған адамды жерлейтін орын.

Империя – кең-байтақ аумақтарды басып алған ірі мемлекет.

Катапульта – ежелгі заман мен орта ғасырлардағы серпімділік күші арқылы жұмыс істейтін лақтырғыш машина.

Катафрактарий – ауыр сауытпен қорғанытын және найзамен түйреп, жау шебін жарып өтетін атты әскерлер.

Келсап – дөңді келі ішіне салғаннан кейін, оны түйетін жалпақ ағаш.

Келі – дөңді қауызынан ажыратып, ұнтақтауға арналған ағаш құрал.

Кен – құрамында пайдалы қазбалар бар жер қойнауынан алынатын зат.

Кесене – қабір, зират басына салынған күмбезді мәдени-тарихи ескерткіш.

Кестелеу (өрнек салу) – мата бетіне әшекей өрнек салу өнерінің бір түрі.

Контрибуция – жеңген елдің жеңілген елден алатын салығы.

Кроманьондық – саналы адам өкілі; б.з.д. 40–35 мың жыл бұрын қалыптасқан. Алғаш рет қаңқасы Франциядағы Кро-Маньон үңгірінен табылды.

Күнге табыну – ежелгі тайпалардың Күнді құдай деп табыну ғұрпы.

Қаптырма – сырткіімге арналған металдан жасалған қарсы ілтек.

Қола – қалайы мен мыс кені қосылып балқытылған қорытпа немесе құйма.

Қолбасшы – әскери істерді басқарушы, әскербасы-көсем.

Қолданбалы өнер – тұрмысқа қажетті көркем, жиһаздық заттарды жасайтын өнер түрі.

Қоныс аудару – халықтың немесе тайпаның тұрғылықты мекенін, қонысын ауыстыруына байланысты көшіп-қонуы.

Қорған – ежелгі қабірлер үстіндегі тас немесе топырақ үйінділері.

Қамал бұзғыш құрылғылар – жорықтарда қолданылатын, қамалдарды бұза алатын боренелерден тұратын құрылғылар.

Қорым – ежелгі ғұрыптық жерлеу орны; бірнеше обадан тұрады.

Қорытпа – балқытылған металдардың құймасы.

Құл – басыбайлы, тәуелді, құқығы мен еркіндігі жоқ адам.

Құрбандық шалу – ғұрыптық іс-әрекет, құдайларға арнап немесе аруақтарды еске алып, мал сою, ас беру рәсімі.

Қыш – саз бен олардың минералды қоспаларынан иленіп, күйдірілген материал. Бұл материалдан керамикалық ыдыстар, құмыралар жасайды.

Лақат – жерлеу ғұрпы; қайтыс болған адамды жерлегенде қабырдың ішіндегі арнайы қазылатын бүйірдегі қуыс.

Мезолит – орта тас ғасыры, палеолит пен неолит аралығындағы тас дәуіріне жататын кезең. Шамамен б.з.д. 12–5 мыңжылдықтар аралығы.

Меңгір – тігінен тұрғызылған ірі тас бағандар.

Миссионер – белгілі бір дін ілімдерін таратушы діни қызметкер.

Моңғолоидтық тұрпат – сары, қоңир-қай терілі, қатты шашты, денесінің түгі аз, қысыңқы козді, жалпақ бетті, қалың қабақты, қалыңдау ернімен ерекшеленетін нәсіл тобы.

«Мұртты» обалар – ерте темір дәуірінен сақталған ескерткіштер.

Наным – қоршаған орта құбылыстарының тылсым күші туралы қалыптасқан білім, түсінік, қозқарастарға сену.

Нәсілдердің араласуы – нәсілдер арасындағы араласу.

Неандертальдық – жер бетінде 130–35 мың жыл бұрын өмір сүрген адам түрі; алғаш рет қаңқасы Германияның Неандерталь деген жерінен табылған.

Неолит – жаңа тас дәуірі. Шамамен б.з.д. 5–3 мың жылдарды қамтитын тас дәуірінің ең соңғы кезеңі.

Нуклеус – дөңтелек өзектастан жасалған алғашқы адамның еңбек құралы.

Обалар – археологиялық ескерткіш болып табылатын, ежелгі дәуірлерден сақталған археологиялық ескерткіштер, жерлеу орындары.

Одақ – мемлекеттер немесе тайпалардың мақсат-мүдделеріне орай бірлесуі.

Остеология – сүйектер мен қаңқалардың құрылысын және ерекшелігін зерттейтін ғылым.

Отырықшы – жергілікті жер жағдайы мен табиғат ерекшеліктеріне байланысты халықтың бір жерде қоныстануы.

Өндіргіш шаруашылық – адамның табиғаттың дайын өнімін тұтынбай, еңбек нәтижесінде өзіне қажет өнімді өндіруі. Мысалы, егіншілік және мал шаруашылығы.

Өркениет – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы.

Палеолит – ерте тас ғасыры; Қазақстан аумағында шамамен 1 млн. жыл бұрынғы – б.з.д. 12 мыңжылдық аралығы.

Партизан қозғалысы – өз отанының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы халықтық күрестің бір түрі.

Петроглиф – жартастарға салынған суреттер, бейнелер.

Пеш көрік – ауа үрлейтін тесіктері бар металл балқытатын пеш.

Питекантроп – ежелгі адам; жер бетінде 1 млн. 500 мың жыл бұрын өмір сүрген, алғаш рет қаңқасы Ява аралынан табылған.

Ру – алғашқы адамдардың туыстық жағынан бірлесіп өмір сүрген тұрақты ұжымы.

Салт-дәстүр – әр халықтың діні және сенімі, тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталған ғұрыптардың жиынтығы.

Саркофаг – ағаштан, тастан, мәрмәрден жасалған, ашық аспан астына не арнайы құрылыс ішіне қойылатын табыт.

Сарматия – Қара теңіз бойында және оған жақын аумақтарда сармат тайпалары мекендеген аумақтың жалпылама атауы.

Сауыт – адамдарды әртүрлі суық қарулардан сақтауға арналған киім.

Скифия – Қара теңіз бойында және оған жақын аумақтарда скиф тайпалары мекендеген аумақтың жалпылама атауы.

Сықырлауық – киіз үйдің ағаш есігі.

Сыртқы қысым – бір мемлекетке басқа мемлекеттер тарапынан көрсетілетін күш, зорлық, мәжбүрлеу саясаты.

Табынушылық – қолдан жасалған киелі, сиқырлы деп сенген құрылыстарға, заттарға немесе табиғат күштеріне, құбылыстарына сыйыну.

Тайпа – алғашқы қауымдық құрылыстағы бір жерде тұратын, тілі бірдей, бірнеше рудан құралған, өзара туыс адамдар бірлестігі.

Тайпалық одақ – қандас туыстық байланысы бар тайпалардың әлеуметтік және этникалық бірлестігі.

Тактика – соғыс іс-қимылдарының барлық түрін оқып-үйрену, жоспарлау, дайындау және соғыс барысында әдіс-тәсілдерді қолдану.

Тәті – төбесі мен шүйде тұсы ашық, кішігірім тәж тәрізді әшекейлі баскиім.

Төбіндеу – жылқы мен қой малының қар астынан шөпті тұяғымен аршып алып жайылуы.

Тобыр – тас дәуірінде алғашқы адамдардың тіршілік үшін күресте бірлескен тобы.

Тотемизм – рулық қоғамдағы адамдар тобының шығу тегін жануарлармен, өсімдіктермен тылсым байланыс негізінде қалыптасқан сенімдер.

Терімшілік – алғашқы адамдардың негізгі кәсібі; жеуге жарамды шөп тамырларын қазып, күс жұмыртқасын жинап, ағаш, бұта басында өсіп тұрған әртүрлі жеміс-жидектерді теру.

Тесе – егін егу үшін жерді қопсытуға қолданылған еңбек құралы.

Тұрақ – алғашқы адамдардың тұрақтаған, тіршілік еткен ежелгі орындары.

Тұрпат – адамдардың тұқым қуалайтын кескін-келбеті, пішіні.

Ұжым – ортақ қоғамдық мақсаттар мен міндеттер бойынша бірлескен адамдар тобы.

Халық жиналысы – мемлекеттік мәселені талқылау үшін бас қосқан халық кеңесі, мәжілісі.

Халықтардың ұлы қоныс аударуы – ғұндардың жорықтары әсерінен Еуразия халықтарының шығыстан батысқа қарай жылжуы.

Хроника – жазба дереккөз түрі. Ежелгі Қазақстан тарихы туралы мәлімет беретін қытай хроникалары белгілі.

Шайқас – соғыс операциясының құрамдас бөлігі, ұрыс қимылдарының түрі.

Шаньюй, тәңірқұт – ғұндардың мемлекет басшысының лауазымы.

Шапқы – алғашқы адамдардың тастан жасалған, балтаға ұқсас, қатты заттарды кесуге, шабуға қолданылған еңбек құралы.

Ысқырғыш жебелер – сүйектен жасалған ысқырғыш жапсырылған дыбыс шығаратын жебелер.

Ішкі тартыс – бір мемлекеттің ішіндегі екі немесе бірнеше тараптардың қарым-қатынасы барысындағы мақсаттары мен көзқарастарының өзара қарма-қайшылығы.

Эволюция – табиғатта және әлеуметтік жүйеде біртіндеп үздіксіз даму үдерісі.

Экспедиция – зерттеу, ақпараттар іздестіру және жинақтау мақсатында құрылған топ.

Энеолит – неолит пен қола дәуірі арасындағы өтпелі археологиялық кезең.

Этнос – бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық.

Ежелгі Қазақстан тарихы бойынша әдебиеттер

1. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 544 б.
2. Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1994. – 120 бет.
3. Асфендияров С., Кунте П. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Т. 1. – Алматы: Казахстан, 1998. – 384 с.
4. Кадырбаев А.Ш. История Казахстана: первобытный мир и древность (от эпохи камня до «Великих переселений народов»): [Учеб. пособие] / А.Ш. Кадырбаев. – Алматы: Ун-т «Туран», 1998. – 76 с.
5. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1966. – 435 с.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 378 с.
7. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 570 б.
8. Исмағұлов О.И. Этническая антропология Казахстана. – Алма-Ата: «Наука», 1982. – 228 с.
9. Абишев А.К., Евдокимов В.В. Казахстан в древности: учеб. пособие. – Караганда: Изд-во КарГУ, 1991. – 130 с.
10. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. /Қ.С. Қаражан, Ж.Ә. Әбсеметова, Ф.А. Қозыбақова, Т.Қ. Мекебаев, С.С. Саржанова, С. Смағұлов, Ш.Б. Тілеубаев. Редакциясын басқарған Қ.С. Қаражан. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 216 б.
11. Құрманқұлов Ж.Қ., Байғунаков Д.С. Қазақстанның қола дәуірі. — Алматы, 2008. – 192 б.
12. Зайберт В. Ботай дала өркениетінің бастауында [Мәтін] / В. Зайберт; ред. З. Самашев. – Алматы: Балауса, 2011. – 480 б.
13. Зайберт В.Ф., Плешаков А.А., Тюлебаев А.Ж. Атбасарская культура. – Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2012. – 352 с.
14. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1979. – 360 с.
15. Бейсенов А.З., Варфоломеев В.В. Бегазы зираты. Орталық Қазақстан Бегазы-Дәндібай дәуірінде. – Алматы: Инжу маржан, 2008. – 126 б.
16. Далалық Еуразияның Бегазы-Дәндібай мәдениеті. Ж. Құрманқұловтың 65 жылдық мерейтойына арналған ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2013. – 494 б.
17. Самашев З. Петроглифы Казахстана / З. Самашев. – Алматы, 2006. – 200 с.
18. Самашев З. Қазақ петроглифтері [Мәтін]: көне тамыры мен сабақтастығы / З. Самашев, Ж. Жетібаев. – Алматы: Илья-Тех-Кітап, 2005. – 134 б.

19. Самашев З. Қазақ Алтайының көне қазыналары [Мәтін] / З. Самашев, А. Ермолаева, Г. Куш. – Алматы : Өнер, 2008. – 199 б.
20. Самашев З. Наскальные изображения Жетысу. Баянжурек. – Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2012. – 240 с.
21. Акишев К.А. Курган Иссык. – М., 1978.
22. Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., Онгар А. ЕСІК. ИССЫК. ЕSIK. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2011. – 200 с.
23. Агапов П., Кадырбаев А. Сокровища древнего Казахстана. – Алма-Ата: «Наука», 1979. – 207с.
24. Кадырбаев М.К., Курманжулов Ж.К. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Архи. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 247 с.
25. Акишев К.А. Древнее золото Казахстана. – Алма-Ата: «Өнер», 1983. – 264 с.
26. Акишев К.А. Искусство и мифология саков. – Алма-ата: «Наука», 1984. – 176 с.
27. Акишев К.А. Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата: АН КазССР, 1963. – 320с.
28. Древнее золото Казахстана / З. Самашев, Г.Джумабекова, Г.Базарбаева, А. Онгар. – Алматы, 2007. – 160 с.
29. Самашев З. Берел = Berel / З. Самашев. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, ғылым комитеті; Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалы. – Алматы: Таймас, 2011. – 236 б.
30. Косинцев П.А., Самашев З. Берелские лошади. Морфологическое исследование. – Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2014. – 400 с.
31. Бичурин И. Орта Азияны мекендеген халықтардың көне заманғы тарихы / И. Бичурин (Иакинф). – Астана : Фолиант, 2011. – 528 б.
32. Гумилев Л.Н. Ғұндар. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 535 б.
33. Сиуңну. Хан кітабы. (Көне қытай жазбаларынан) / Аударып, алғы сөзін түзген және құрастырған Қ. Салғараұлы. – Алматы: Санат, 1998. – 288 б.
34. Байпаков К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары – Алматы: Аруна Ltd, 2005. – 316 б.
35. Чотбаев А. Вооружение и военное дело древних кочевников Казахстана степей. – Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, 2013. – 200 с.
36. Ахинжанов С.М., Макарова Л.А., Нурумов Т.Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане: (по остеологическому материалу из археологических памятников энеолита и бронзы) / С. М. Ахинжанов, Л. А. Макарова, Т. Н. Нурумов. – Алматы: Ғылым, 1992. – 218 с.
37. Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга I: Урбанизация Казахстана в эпоху бронзы и раннем средневековье. – Алматы, 2012. – 390 с.

Оқулықты жазу кезінде мынадай ғалымдар мен мамандардың авторлық еңбектері пайдаланылды:

- А.Е. Астафьев (археолог, Маңғыстау мұражай-қорығының археология бөлімінің меңгерушісі);
- Қ.С. Ахметжанов (тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі);
- А. Дүзелханов (Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі);
- О. Белялов (фотограф);
- А.Н. Подушкин (тарих ғылымдарының докторы, Х.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің профессоры);
- Т.Б. Мамиров (тарих ғылымдарының кандидаты, ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ҒЗИ археологиялық мұра бөлімінің жетекшісі).

Сонымен қатар мынадай ғылыми мекемелер мен сандық ресурстардың материалдары қолданылды:

- Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі;
- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (археологиялық экспедициялардың материалдары);
- Интернет-портал «National digital history» (АҚ «Казконтент»);
- Уикипедия – ашық энциклопедиясы.